Для характеристики у полученного от них молодняка были изучены промеры и индексы телосложения ярок.

По высотным промерам наибольшие показатели у ягнят I, II и III групп. Но в тоже время абсолютный показатель высоты в холке в различные возрастные периоды был больше у ярок I и II группы. При этом они превышали сверстниц из III группы при рождении на 2,9; 1,3 см или 7,4 и 3,5 %, IV группы на 4,1; 2,5 см или 10,5; 6,7 %. В 4,5 месяца соответственно 3,1; 1,6 см или 4,8; 2,6 %; 5,9; 4,4 см или 9,2; 7,1 %. В 12 месяцев так же соответственно – на 5,4; 3,1 см или 8,1; 4,8 %. Такая же закономерность во все возрастные периоды выявлена и по высоте в крестце. Косая длина туловища при рождении была несколько больше в I, II, III группах – 29,0; 27,5; 26,5 см, и превосходили своих сверстниц из IV группы 25,0 см. В возрасте 4,5 и 12 месяцев по промерам косой длины туловища прослеживается та же закономерность.

Хорошее развитие, в различные периоды роста, у линейных групп ярок получили промеры, характеризующие объемные показатели: глубина, ширина и обхват груди. Глубина груди при рождении больше в I, II, III группах – 13,2; 14,0; 13,8 см, и превосходили своих сверстниц из IV группы на 0,2; 1,0; 0,8 см. В возрасте 4,5 месяцев и 12 месяцев показатели глубины груди эта тенденция сохраняется. По промерам ширины груди между ярками I – III, II – IV групп наибольшие показатели у линейных ягнят, как при рождении, так и в 4,5; 12 месяцев. Обхват груди во все возрастные периоды больше у помесных ягнят. При этом абсолютные показатели у ярок I и II группы при рождении, 4,5 и 12 месяцев превышали данные сверстниц из III и IV групп. Ширина в маклоках и полуобхвата зада показатели оценки животных по развитию мясных форм. Так, по показателю полуобхвата зада при рождении в 4,5 и 12-месячном возрасте различия в пользу линейных групп ягнят (I – 22,5; 55,1; 64,4 см; II – 21,1; 53,1; 60,1 см и III – 20,0; 50,7; 58,0 см против IV – 19,0; 47,0 и 50,0 см). По показателю ширины маклаков заметное превосходство оказалось у ярок I, II и III группы во все возрастные периоды над IV группой.

Индексы длинноности наиболее развиты у ярок при рождении. Это объясняется тем, что у животных в эмбриональный период большее развитие получают кости периферического скелета. Индексы растянутости при рождении, 4,5 и 12 месяцев были практически одинаковыми, развитие же этого признака увеличивается с возрастом. Индексы тазогрудной и грудной, характеризующие объемные показатели при рождении и 4,5, 12 месяцев были больше у линейных животных. Превосходство их по тазогрудному показателю над сверстницами из IV группы составило при рождении на 6,1; 6,9; 2,2 %, в 4,5 месячном возрасте 3,0; 1,7; 2,3 %, в 12 месячном возрасте 6,7; 7,9; 5,1 %. Индексы массивности и мясности, характеризующие мясные показатели, выделялись, как и ожидалось у ягнят от линейных баранов-производителей. Так, индекс мясности при рождении в 4,5 и 12-месячном возрасте различия был в пользу линейных групп ягнят (I – 57,5; 86,0; 97,3 %; II – 56,2; 85,0; 93,9 % и III – 55,2; 83,3; 92,8 % против IV – 51,4; 80,9 82,1 %). Индекс массивности также заметно превосходит у ярок I, II и III группы во все возрастные периоды над IV группой.

Из общего количества ярок в трех хозяйствах элите и I классу принадлежат 62,5 %. Наилучшим классным составом характеризуются ярки в ОО «Етті меринос» количество ярок желательного типа равно 85,1 %.

Из вышеприведенных данных линейные бараны и матки создаваемой породы «Етті меринос» характеризуются хорошо развитым костяком, крепкой конституцией и отличными мясными формами. Из данных анализа промеров ярок и индексов их телосложения можно охарактеризовать линейных ярок, как крупных с выраженными мясными формами животных, отлично наследующих экстерьерные особенности родителей.

ОТНОСИТЕЛЬНЫЙ ПРИРОСТ ПРОМЕРОВ У КУРДЮЧНЫХ ОВЕЦ ГИССАРСКОЙ ПОРОДЫ В САЙРАМСКОМ РАЙОНЕ ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Х. И. Укбаев, доктор с.-х. наук, **Р. Шамекенова**, доктор с.-х. наук
А. Тенлибаева, кандидат с.-х. наук

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Тажикстаннан әкелінген гиссар тұқымды қойларының қозылары Оңтүстік Қазақстанның табиғатына, жайылымына бейімделіп өсетіндігін көрсетілген дене бітімінің өлшемдерін дәлелдейді.

В этой статье приводятся данные о приспособительных качествах и промеры телосложения молодняка гиссарской породы, привезенных из Таджикистана. в пастбищных условиях Южно-Казахстанской области.

The data about adaptation qualities and measuring of constitution of young animals of gissarskaya breed taken from Tajikistan at pasture conditions of South Kazakhstan region is given in the article.

Формирование экстерьера животного зависит от здоровья, характера строения и функционирования внутренних органов, а в совокупности дают признак о способности к той или иной продуктивности.

В своих исследованиях Н. А. Кравченко [1] пишет, что по экстерьеру определяют:

1. Принадлежность к породе определяют по племенным записям, но по экстерьерной оценке можно значительно быстрее определить породность животных.
2. Индивидуальное отличие между животными дает возможность вести дальнейшую селекционную работу с данными этих животных.
3. Принадлежность к конституциональному типу. Общность в строении и функциях основных тканей и органов животного, обуславливает в данной среде определенный характер их телосложения, поведения и продуктивности, определяет конституциональный тип животного.
4. Кондиции, в каких находятся в данный момент животные.
5. Состояние здоровья. Выделение больных животных прежде всего производят по экстерьеру.
6. Приспособленность к определенной продуктивности. Главным образом по экстерьеру оценивают качество шерсти и меха, мясную продуктивность.

Рыночная экономика диктовала о необходимости потребности только мясных качеств, что и привело к разрушению прежнего ведения овцеводства на данном уровне. В аграрном секторе появилось многоукладность отрасли. Изыскание фермерами лучших пород и привело к разведению гиссарских овец в Южном Казахстане, а основная родина их Таджикистан.

Гиссарские овцы выведены узбекскими племенами, переселившимися в Таджикистан со своими стадами 400-700 лет назад.

Эта порода сформировалась в условиях хороших горных пастбищ в результате систематической племенной работы, направленной на развитие мясо-сальных качеств, величины животных и крепкой конституции.

В крестьянском хозяйстве «Раушан» Сайрамского района гиссарских овец мы подразделили на черные и коричневые. При характеристике данного поголовья необходимо изучение характеристики данного стада. Поэтому нами изучены относительный линейный рост животных данного поголовья, результаты которых приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Относительный прирост основных промеров, %

Промеры тела	Пол ягнят	Окраска ягнят					
		Черная			Коричневая		
		Возраст ягнят					
		при рожд.	4 мес	1,5 лет	при рожд.	4 мес	1,5 лет
высота в холке	баранчики	100	168,3	197,0	100	168,6	197,9
	ярочки	100	165,6	183,2	100	164,2	184,3
высота в крестце	баранчики	100	168,5	192,8	100	170,3	195,3
	ярочки	100	163,8	187,4	100	163,8	192,6
косая длина туловища	баранчики	100	173,0	196,7	100	174,5	198,2
	ярочки	100	170,9	199,7	100	168,6	197,3
ширина груди	баранчики	100	163,4	196,0	100	164,3	196,9
	ярочки	100	165,6	195,8	100	166,7	193,7
глубина груди	баранчики	100	213,8	262,6	100	214,0	251,8
	ярочки	100	216,4	252,9	100	220,7	259,2
обхват груди	баранчики	100	219,6	247,0	100	229,4	258,4
	ярочки	100	220,7	248,6	100	225,5	252,8
обхват пясти	баранчики	100	131,0	172,4	100	131,0	172,4
	ярочки	100	129,8	166,7	100	132,1	169,6

Из данных таблицы по относительному росту внутри одной породы наблюдаются различия роста животных, которое свидетельствует о генотипической зависимости. Ягнята черной окраски отличаются несколько высокими показателями экстерьерных промеров. У баранчиков черной окраски высота в холке по сравнению с баранчиками коричневой окраски на 0,7 %, а у ярочек на 1,4 % больше. Среди ярочек в этом же 4-х месячном возрасте наблюдается достоверная разница ($P > 0,05$) черной и коричневой окраски. По косой длине туловища у коричневой окраски в 4-х месячном возрасте наблюдается увеличение на 1,5 %. Среди ярочек наоборот у ягнят черной окраски этот показатель выше на 2,3 %. Разница достоверна ($P > 0,05$). По ширине груди относительный прирост от рождения до 4-х месячного возраста вырос на 163,4 % у ягнят черной окраски, а у баранчиков коричневой окраски на 164,3 %, при этом разница в превышении у ярочек составило 1,1 у ягнят коричневой окраски. В обхвате груди относительный прирост у баранчиков коричневой окраски составил на 9,8 % больше, чем у черных ягнят. По обхвату пясти больших различий не имелось.

В 1,5-летнем возрасте по сравнению с новорожденными ягнятами линейный прирост составил у черных баранчиков 197,0 %, у коричневых на 197,9 %. У ярочек по сравнению с баранчиками этот показатель был на 13,8 % ниже у черных, а у коричневых на 13,6 %. По высоте в холке баранчики черной окраски на 2,5 % ниже, у ярочек коричневой окраски в 1,5-летнем возрасте превосходили на 1,5 %. По косой длине туловища ягнята коричневой окраски превосходили на 1,5 %, а у ярочек черной окраски этот показатель был увеличен 2,4 %. По обхвату груди и ширине груди наблюдается превосходство у баранчиков коричневой окраски, а по ширине груди баранчики имели на 0,9 % больше, чем коричневой окраски, а ярочки на 2,1 %.

По обхвату пясти больших различий не имелось между животными двух окрасок, но имелись различия по половозрастным группам.

Изучение относительного роста в четырех и полуторалетнем возрасте по сравнению с их показателями при рождении показывает об изменчивости в зависимости от половозрастной группы, окрасок и возраста животных. Относительный линейный прирост животных показывает, что среди поголовья гиссарских овец коричневой и черной окраски наблюдается энергичный линейный рост, что указывает об их приспособленности к внешним условиям при разведении в Южном Казахстане.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

УДК: 636.611.77.

ПОКАЗАТЕЛИ ШЕРСТНОЙ ПРОДУКТИВНОСТИ У КУРДЮЧНЫХ ОВЕЦ ГИССАРСКОЙ ПОРОДЫ В САЙРАМСКОМ РАЙОНЕ ЮЖНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

Х. И. Укбаев, доктор с.-х. наук, **Р. Шамекенова**, доктор с.-х. наук
А. Тенлибаева, кандидат с.-х. наук

Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана

Тәжікстаннан әкелінген гиссар тұқымды қойларының жүн өсімі аталықтармен аналықтарын бір жасар еркек ұрғашы тоқтыларын сәйкесінше салыстырғанда Оңтүстік Қазақстанда туған тоқтылардың жүні ұзынырақ болды.

В этой статье приводятся результаты исследования шерстной продуктивности ярок-годовиков гиссарской породы овец, привезенных из Таджикистана. По длине шерсти ярки-годовики Южного Казахстана превышали своих сверстниц.

The results of researches of wool productivity of one-year sheep of gissarskaya breed taken from Tajikistan are given in the article. According to wool length, one-year sheep exceed its contemporaries.

Гиссарская порода курдючных овец создана трудом многих поколений животноводов Таджикистана. Разведению в совершенствовании гиссарских овец здесь способствовали высокоценные в кормовом отношении долинные и горные пастбища, благоприятные природно-климатические условия.

В своих работах С. И. Фарсыханов [1] отмечает, что гиссарская порода овец одна из самых крупных среди курдючных пород и обладает большими потенциальными возможностями при этом достигая в высоте в холке 1 м отдельные бараны достигают живой массы почти 200 кг, 5-6 месячные баранчики 60-65 кг, а от лучших животных получали 40-45 кг отличного без специфического запаха курдючного сала.

Если гиссарская порода овец по своим мясо-сальным качествам не имеет себе равных, то кроме мясной продукции она также производит шерсть. Шерсть гиссарских овец – самый массовый вид грубой неоднородной шерсти. Этот вид сырья широко используется для выработки грубосуконных тканей, пряжа идет для изготовления ковровых изделий, валяной обуви, грубых войлоков.

Валкоспособность шерстяного волокна является одним из специфических свойств, которое в ряде случаев определяет область его применения. Это свойство шерсти является ценным при изготовлении валяных и фетровых изделий, одеял, суконных тканей.

На данном этапе развития аграрного сектора рыночная экономика проявила разные формы хозяйствования – фермерское (крестьянское) и кооперативные. Производимая продукция овцеводческой отрасли должна быть конкурентноспособной. Поэтому фермеры стараются разводить высокопродуктивных овец, какой является гиссарская порода.

Для изучения шерстной продуктивности гиссарских овец нами отобраны бараны и матки и изучены количественные и качественные показатели в крестьянском хозяйстве «Раушан» Сайрамского района Южно-Казахстанской области.

Показатели шерстной продуктивности в зависимости от половозрастных групп приведены в таблице 1.

Таблица 1 – Показатели шерстной продуктивности гиссарских овец

Половозрастная группа	n	Настриг шерсти, кг	Длина шерсти, см
Бараны-производители	10	1,95 ± 0,06	4,51 ± 0,79
Матки взрослые	20	1,24 ± 0,03	4,12 ± 0,82
Бараны годовалые	15	1,65 ± 0,05	5,86 ± 0,65
Ярки годовалые	30	1,32 ± 0,04	5,26 ± 0,74

По данным таблицы 1 видно, что настриг шерсти у баранов производителей составил 1,95 кг, тогда как у годовалых баранчиков разница составила 1,65 кг. Среди маточного поголовья средний настриг взрослых маток составил 1,24 кг, а у годовалых ярок этот показатель равнялся 1,32 кг.

Ценность шерсти гиссарских овец для текстильной промышленности определяется ее физико-механическим состоянием. Одним из важных показателей свойств шерсти является ее длина, которая подвержена, как возрастному изменению, так и изменению под влиянием внешних условий. В нашем хозяйстве у гиссарских баранов-производителей длина шерсти составила 4,51 см, а у маток в пределах 4,12 см. Следует отметить, что длина шерсти у годовалых баранчиков была на 1,35 см выше, чем у взрослых баранов-производителей. Шерсть ярочек также была на 1,14 см длиннее, чем шерсть от взрослых маток.

Нашими исследованиями установлено, что гиссарские овцы не отличаются большим выходом настрига шерсти. Наиболее ценной в промышленном отношении является весенняя шерсть, образующая руно. Шерсть осенней стрижки руно не образует, сортировке не подвергается, имеет повышенный показатель валкостойкости и используется в основном в валяльно-войлочном производстве.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1 Фарсыханов, С. И. Курдючные овцы, научные и практические основы повышения их мясной и шерстной продуктивности : автореф. ... дисс. доктора с.-х. наук / С. И. Фарсыханов. – Ташкент. – 1980. – 35 с.

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

УДК: 636.2:57.017.642

ЕТТІ ТҰҚЫМДЫ СИЫРЛАРДЫҢ ЭМБРИОНАЛЬДЫҚ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ЖИІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫ АЗАЙТУ ТӘСІЛДЕРІ

Е. У. Байтлесов, биол. ғылымдарының кандидаты, доцент
Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық университеті

В. С. Авдиенко, вет. ғылымдарының докторы, профессор
Н.И. Вавилов атындағы мемлекеттік аграрлық университеті

Етті (қазақтың ақбас тұқымы, лимузин және герефорд) тұқымды сиырларда эмбриондардың өлуіне әкеліп соғатын факторлардың әсеріне баға берілген. Эмбрионалдық шығындардың жиілігі жыл маусымына, туудан кейінгі ұрықтандыру мерзіміне байланыстылығы және жануарлардың тұқымына қатысы жоқ екендігі белгілі болды. Прогестерон, хориогонин және гонадолиберин енгізу арқылы эмбрионалдық шығындарды азайту мүмкіндігі көрсетілген.

В статье приводятся основные факторы эмбриональной смертности у коров мясных пород (казахской белоголовой, лимузина и герефорда). Эмбриональные потери зависят от сезона года времени искусственного осеменения после отела, и не зависят от породной принадлежности. В работе также показана возможность снижения эмбриональных потерь путем введения гормональных препаратов, как прогестерона, хориогонина (HCG) и гонадолиберина.

Major factors of embryonal death rates at cows of meat breeds (Kazakh white-headed, limousine and Hereford) are resulted. Embryonal losses depend on a season of year of time of artificial insemination after calving, and do not depend on a pedigree belonging are given in the article. The opportunity of decrease of embryonal losses also is shown by introduction of hormonal preparations, as progesterone, chiriogonine (HCG) and gonadotropin-releasing hormone.

Етті мал шаруашылығының табыстылығы табында белгілі мал басын ұстап тұруға тікелей байланысты, өйткені бұл саланың негізгі кіріс бөлігі асыл тұқымды төлдерді сатудан құралып, өндірістің экономикалық тиімділігін анықтайды. Бірақ та бұл көрсеткіштің деңгейі репродуктивтік физиология саласындағы айтарлықтай жетістіктерге қарамастан төмендеп келеді. Экономикалық шығындарға әкеліп соғатын табынның репродуктивтік көрсеткішінің төмен болуының негізгі себебі эмбриондардың өлуі болып табылады. АҚШ-тың етті мал шаруашылығында эмбриондардың өлуінен болған буаздық шығындары 640 АҚШ долларына тең деп бағаланған. Қолдан ұрықтандыру жануарлардың репродуктивтік белсенділігіне кері әсер ететіні белгілі, бірақ та бұл үрдісті дұрыс жүргізген жағдайда оның кері әсері айтарлықтай болмайды. Сондықтан мал басын көбейту бағдарламаларын жүзеге асыру үшін негізгі жұмыс эмбрионалдық шығынды төмендете отырып, қолдан ұрықтандырудың тиімділігін арттыруға бағытталуы тиіс.

Сүтті және етті мал шаруашылығында ұрықтандырудың қолданып жүрген тәсілдерінде жұмыртқаклетканың ұрықтану деңгейі 95 % құрап 60-100 % аралығында өзгеріп тұрады [1]. Етті мал шаруашылығында бұзаулардың емізетін сиырларда жұмыртқаклеткаларының

ұрықтануы – 75 %, суалтылған сиырларда – 98,6 % құраған (екі көрсеткіштің де ауытқу деңгейі 60-100 % аралығында). Етті тұқымды қашарлардың жұмыртқаклеткаларының ұрықтануының орташа деңгейі (немесе аралығында). Мұндай көрсеткіштерде сәтті ұрықтанған сиырлар мен қашарлардың ғана бұзаулайды. Бір рет ұрықтанғаннан кейін айдан соң белгіленген буаздық көрсеткішін қалыпты деңгейде деп санауға болады.

Көп жағдайда (20-24 %) буаздық ерте эмбрионалдық өлімнің (ұрықтандырғаннан кейін тәулік ішінде буаздықтың сары денесінің ең жоғарғы интрорецепторлық сезімталдығы байқалғанға дейін) салдарынан үзіледі. Сирек (3-8 %) кеш эмбрионалдық өлу байқалады (буаздықтың 15-47 тәулігінде, сәйкесінше сары дененің ең жоғарғы циторецепторлық белсенділігі кезінде). Эмбриогенездің 42 тәулігінен соң дамудың фетальдық кезеңі басталады. Ол төл туғанға дейін созылып, буаздықтың үзілуінің аз кезедсуімен (3-4 %) және мерзімінен бұрын туу көрсеткішінің азаюымен (1-2 %) сипатталады.

Эмбрионалдық өлу көптеген ішкі және сыртқы себептердің әсерінен болады, оларды екі топқа бөледі. Бірінші топқа пісіп жетілген ооциттерді ультрақұрылымдық деңгейде пісіп жетілуінің морфофункционалдық өзгерістерін және өлуін тежейтін факторлар жатады, бұл ұрықтандырғаннан кейін ұрықтың тіршілікке қабілеттілігінің жойылуына әкеліп соғады. Бұл кездегі эмбрионалдық шығындардың негізгі үлесі жалпы көлемінің 20,5-50 % құрауы мүмкін. Қазіргі уақытта оогенездің бұзылуынан болатын эмбрионалдық шығынның алдын алуға бағытталған ұсыныстар мен тәсілдер жасалынбаған.

Екінші топқа анасының ағзасы мен ұрық арасындағы эндокриндік қатынасты бұзатын, сол арқылы ұрықтың тіршілігін тоқтататын немесе аналықтың репродуктивтік жүйесінде морфофункционалдық ауытқулар тудыратын факторлар жатады [1, 2]. Тәжірибеде бұл теріс әсерді биотехникалық шаралар арқылы реттеп отыруға болады.

Есептеулер көрсеткендей биотехнологиялық өндірістің қазіргі даму жағдайында эмбрионалдық шығын көрсеткішін 20-50% төмендетуге болады. Мысалы ұрықтану және эмбриогенездің әрі қарай жақсы жүруі үшін ұрық пен эндометрияның эпителиальдық клеткалары арасындағы байланысты қамтамасыз ететін қолайлы орта қажет екені белгілі. Бұл кезде прогестеронның уақыттылы бөлінуі және овуляциядан кейін оның мөлшерінің қолайлы деңгейде ұсталынуы маңызды роль атқарады. Бұл ұрықтандырғаннан кейінгі 4-ші тәуліктегі прогестерон мен 16 тәуліктегі γ интерферон арасындағы оң корреляцияны көрсетеді. Прогестерон өзіндік эндометриалдық ақуыз бен өсу факторларының өндірілуін стимулдау үшін қажет болғандықтан қолдан ұрықтардырғаннан кейін 4 тәулік бойы оны қосымша енгізу ұрықтың морфологиялық дамуы мен биосинтетикалық белсенділігін эмбриогенездің 14-ші тәулігіне дейін күшейтеді. Атап айтқанда сүттеуші етті тұқымды сиырларды ұрықтандырғаннан кейін 6-шы күннің алдында гестагенизациялау кезінде буаздықтың сақталу пайызы артатыны байқалған.

Аталған зерттеу жұмыстарында көптеген погестагендік препараттар – Repositol, Progesterone relcasing intravaginal devices (PRID) – прогестерон бөліп шығаратын қынап ішіне қолданылатын препарат, controlled internal drug release devices – (CIDR) – Synchro-Mate B медикаментоздық препаратын бөліп шығаратын бақыланатын ішкі зат сынақтан өткізілді. Авторлар прогестеронмен өңдеу жұмысы ұрықтандырудан кейін төлдеу көрсеткіші нашар табындарда жұмыстың нәтижелілігін арттыратынын айтады. CIDR-мен жүргізілген нұсқаларында қолдан ұрықтандырудан кейінгі 6-12 тәулікте буаздық көрсеткіші 79 %-ға жетті, ал бақылау тобында 59 % құрады.

Теориялық тұрғыдан қарағанда сары дененің репрессиясын тежейтін немесе тоқтататын препараттарды қолдану $PgF_2\alpha$ -ның инкрекциясына кедергі жасап қажетті деңгейдегі гистотрофтылықты ерте эмбриогенез бойына түгелдей сақталуын қамтамасыз етеді. Басқаша айтқанда адамның хориогоникалық гонадотропинін (HCG) немесе гонадолиберинін (Gn-Rh) енгізу прогестеронды енгізгендей әсер береді.

Біздің жұмысымыздың басты тапсырмасы етті тұқымды сиырлардың эмбрионалдық шығындарына әсер ететін түрлі факторлар (маусым, ұрықтандыру мерзімі, тұқымы), сары дененің функционалдық белсенділігі төмендеген жағдайда гормоналдық профилін қалпына келтіру үшін прогестерон егудің тиімділігін анықтау, сонымен қатар прогестеронның, гонадолибериннің, оның синтетикалық алмастырғышы сурфагон мен хориогониннің ұрықтандыру нәтижесіне тигізетін әсерін анықтау болды.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын «Фрунзенский» ӨКҚ (Батыс Қазақстан облысы), «Раевский» агрофирмасында және Урал ауылшаруашылық тәжірибелік станциясында

(Башқұртстан Республикасы) 4-5 жастағы дені сау қазақтың ақбас тұқымы, лимузин және геррефорд тұқымды сиырларына жүргіздік. Жануарларды күтіп бағу және азықтандыру жағдайлары қабылданған зоотехникалық нормаларға сәйкес болды.

Эмбрионалдық өлім мерзімін ұрықтандырған мезгілден бастап күйі келгенге дейінгі аралықтың айырмашылығы және жыныстық циклдің ұзақтығы бойынша анықтадық [3]. Сонымен қатар барлық сиырларда ұрықтандыру жұмысының нәтижелілігін, ұрықтану индексін және сервис кезеңнің ұзақтығын есептедік. Түрлі тұқымды сиырларда эмбрионалдық шығын динамикасын анықтау кезінде зооветеринарлық есеп мәліметтерін пайдаландық.

Прогестерон енгізудің тиімділігін бағалауды (1-ші тәжірибе) қазақтың ақбас сиырына жүргіздік (әрқайсысына 10 бастан 4 топқа бөлдідік). I топ-бақылау (прогестерон енгілген жоқ); Тәжірибеде жануарларға бұлшық етке енгізілді: II топқа – эстрофан (500 мкг) лютеолизді күшейту үшін; III топқа – прогестерон (1 % – 10,0 мл) сары дене бөлетін прогестеронға қосымша түрінде, гормональдық фонды күшейту үшін; IV топқа сары денені еріту үшін эстрофан (500 мкг) және эстрофанды егуден 3 тәулік бұрын эстрофанды енгізуден кейін туындауы мүмкін прогестерон жеткіліксіздігін толықтыру үшін прогестерон (1 % – 10,0 мл) енгізілді. Сиырлардың репродуктивтік жүйесінің функционалдық жағдайы жыныстық циклдің 10-12 тәулігіне сәйкес келді, жұмыртқалықтың бірінде анық байқалатын сары дене көрінеді. Барлық жануарлардан прогестерон мөлшерінің өзгерісін бағалау үшін 6 қайтара (арасына 24 сағат салып) қан алынды.

Ұрықтандырылғаннан кейін прогестеронды енгізудің тиімді уақытын моруланың жұмыртқа жолынан жатырға 5-7 тәулікте енетінін ескере отырып белгіледік. Бұдан соң аналық танып білу механизмінің арқасында буаздықтың басында сары дене циклінің буаздықтың сары денесі жағдайына ауысуы және ұрықтың имплантациялануы жүреді. Бұл кезең өте шешуші роль атқарады және бұл кезде эмбриогензге прогестагендік көмек көрсетілуінің бұзылуы ұрықтың өліміне әкеліп соғады.

2 тәжірибеде прогестеронның, хорионикалық гонадотропиннің (HCG) және сурфагонды (гонадолибериннің синтетикалық алмастырғышы) эмбрионалдық өлімнің алдын алатын, осы арқылы қолдан ұрықтандырудың нәтижелілігін арттыратын заттар ретінде қолданып, нәтижелерін салыстырдық. Қазақтың ақбас тұқымының сиырлары (бір бақылау және төрт тәжірибелік топ) жыныстық циклдің лютеальдық фазасы жағдайында болды. Бақылау және үш тәжірибелік топтарда күйлеуді құлынды бие гонадотропиніне (ГСЖК) эстрофан қосып алдын ала гестагендеу арқылы күшейттік. Барлық топтарда ұрықтандырар алдында овуляцияны сурфагон енгізу арқылы күшейттік. II, III және IV топтарда ұрықтандырғаннан кейінгі 7-10 тәуліктерде сәйкесінше сурфагон, HCG және прогестеронды нұсқаулықта көрсетілген мөлшерде енгіздік. Бақылауға интактілі I топ жануарлары алынды.

Нәтижелері. Буаздықтың бастапқы кезеңінде әр тұқымның сиырларында эмбрионалдық шығынның динамикасын анықтау үшін 100 бір реттік ұрықтандырудың нәтижелілігін тексердік. Ұрықтандырудың өнімділігі 52 %-ға жетті. Негізгі эмбрионалдық шығындар ұрықтандырудан кейінгі 10-шы және 20-шы тәуліктерде байқалды. Буаздықтың 20-шы тәулігінен 50-ші тәулігіне дейінгі аралықта эмбрионалдық шығын деңгейі 10%-ға төмендеді. (1-сурет). Ұрықтандырғаннан кейінгі 30-40 тәуліктен кейін (плацентаның дамуы мен мүшелері қалыптаса бастаған кезде) бұл көрсеткіш 10-нан 2-5%-ға азайды. Басқаша айтқанда барлық тұқымдық топтарда эмбриондардың өлімі ұрықтандырғаннан кейін 10-30 тәулік ішінде байқалды. Қашарлар мен 5-7 сүттеу кезіндегі сиырларда эмбрионалдық шығынның сирек кездесетіні анықталды. Орта жастағы топтарда ол көрсеткіш жоғары болды және зерттелген тұқымдар арасында көп айырмашылықтары болмады. Ұқсас мәліметтер басқа да авторлардың сүтті сиырларды зерттеген жұмыстарынан алынған [2].

Қолдан ұрықтандырған кезде буаздықтың алғашқы 30 тәулігінде эмбрионалдық шығы деңгейі жоғары болды – 50 %-ға дейін (2-сурет). Сиырларды бұзаулағаннан кейін ерте ұрықтандыру технологиясын пайдаланған кезде, ереже бойынша кем дегенде 2-3 қайтара ұрықтандыру қажет.

Бұл кезеңде сәтсіз ұрықтанған сиырлардың көпшілігі 26-28 тәуліктен кейін күйі келді. Бұл ұрық эмбриогенездің 16 тәулігінен кейін өлгенінің белгісі болып табылады. Есеп жүргізілген шаруашылықтар бойынша мұндай эмбрионалдық өлім деңгейі 31,8 %-ға жетті, атап айтқанда жазғы кезеңде ол 28,0-30,76 %-ға дейін төмендеді (1 кесте).

1-Кесте – Буаздық мерзіміне қарай зерттелген тұқым сиырларында эмбрионалдық шығын деңгейін бағалау (тұқымдық қатысы мен жастық тобы ескерілмеген)

Көрсеткіш	Қыс көктем	Жаз	Күз қыс	Барлығы
Ұрықтандырылған мал саны, n	25	25	25	75
Эмбрионалдық шығын, n (%)	7 (28,0)	10 (40,0)	6 (24,0)	23 (30,7)

I тәжірибенің шарттары қандағы прогестеронның шоғырлану мөлшерінің өзгерісіне қарай спонтанды (I топ жануарлары) және простогландинмен жеделдетілген (III және IV топ) лизис кезінде сары дененің тнскреторлық белсенділігінің төмендеуінің сипатын бағалауға, сонымен қатар спонтанды және жеделдетілген лизис салдарынан сары дененің горморналды белсенділігінің күйзелісі кезінде прогестерон мөлшерін бұлшық ет ішіне енгізулер арқылы қаншалықты толықтырып отыруға болатындығын бағалауға мүмкіндік берді.

II топтың барлық сиырларында эстрофан инъекциясы сары дененің тез лизисін тудырып күйлеу белгілері көрінді, бұл қан құрамында прогестерон мөлшерінің бастапқы деңгейге дейін төмендеп, егуден кейінгі 96-120 сағатта физиологиялық нормаға сай келетін деңгейге дейін көтерілді. Осы уақытта бақылау тобында (I топ) қан құрамында прогестерон деңгейінің жайлар төмендегені тіркелді. Бұл сары дененің функционалдық белсенділігінің төмендегенін және көптеген сиырларда жайлап регрессияның басталғанын көрсететді, ал бұл болса жұмыртқалықтың қалыпты қызметінің көрінісі болып табылады.

III топтың сиырларының қанында прогестерон деңгейінің өзгеру динамикасы 48 сағаттан кейін оны егу сары дененің табиғи регрессиясы кезіндегі эндогенді прогестерон мөлшерінің азаюын толықтырып отырғанының дәлелі болды. Бұдан кейін 96-120 сағатта бұл көрсеткіш тұрақтанып бастапқы деңгейден орта есеппен 0,5нг\мл-ге жоғары болды.

Инъекциядан кейінгі 24 сағаттан соң II және III топтың сиырларының қанының құрамында прогестерон мөлшері бірдей болды, содан кейін сырттан жеделдетілген сары дененің лизисінен кейін оның мөлшерінің азаюы алдын ала енгізілген прогестеронның көмегімен толықтырылады. Бірақ соңынан сары дененің эндокриндік белсенділігі толығымен қалпына келген жоқ. Бұл простогландиннің синтетикалық аналогының әсерінен сары дене құрамындағы қайтымсыз гистологиялық өзгерістердің салдарынан болуы мүмкін. Бұған қарамастан сары дененің инкреторлық белсенділігі төмендеуі нәтижесінде прогестеронның мөлшері бастапқы даму сатысында ұрықтың өлімін тудыратын критикалық деңгейге дейін төмендеген жоқ. Бұл тәжірибеден алынған мәліметтер зерттеушілердің басқа да топтарының антипростогландинмен жүргізілген сынақтарының нәтижелеріне сәйкес келді [2].

Экзогендік прогестеронның әсерімен эмбриондардың өлімін азайту арқылы ұрықтандырудың нәтижелілігінің артуы ұрықтандырудан кейін 6-8 тәуліктен соң енгізу кезінде тіркелді (2-кесте).

2-Кесте – Қазақтың ақбас тұқымы сиырларын ұрықтандырғаннан кейін прогестерон енгізу мерзімінің ұрықтану тиімділігіне тигізетін әсерін бағалау

Көрсеткіш	K	5-ші тәулік	6-ші тәулік	7-ші тәулік	8-ші тәулік	9-ші тәулік	10-ші тәулік	11-ші тәулік
1 ұрықтандырғаннан кейін буаз болғандар, n (%)	10 (40,0)	9 (36,0)	12 (48,0)	15-60,0	15 (60,0)	11 (44,0)	11 (44,0)	11 (44,0)
Буаз болғандар, n (%)	22 (88,0)	23 (92,0)	24 (96,0)	25-100,0	24 (96,0)	25 (92,0)	23 (92,0)	22 (88,0)
Сервис-кезені (M±m)	121±6,30*	122±4,30	89,0±3,40**	87,3±1,00**	90,1±1,14**	98,5±3,10*	109,2±4,10	101,6±5,24
Ұрықтандыру индексі (M±m)	2,5±0,09**	2,0±0,04**	2,0±0,10**	1,7±0,18**	1,8±0,07**	1,7±0,15*	1,9±0,02***	1,9±0,03**

Ескерту әрбір мерзім үшін тексерілетін топтағы мал саны 25 бас; K-бақылау тобы. 1-ші тәжірибе шарттарын әдістеме тарауынан қараңыз. *P<0,05; **P<0,01; ***P<0,001.

Препараттар кешенінің әсерін салыстыру арқылы (сурфагон, HCG және прогестерон) шамамен өзара ұқсас нәтиже алынды. Барлығы да бақылау тобынан жоғары көрсеткіштер көрсетті (3-кесте).

3-Кесте – Эмбриондардың өлімін азайтатын препараттардың қолдануды (жануарлар тобына қарай) қазақтың ақбас сиыры тұқымының сиырларын ұрықтандырудың нәтижесіне тигізетін әсерін бағалау

Көрсеткіш	Топтар			
	I	II	III	IV
Алғашқы ұрықтандырудың өнімділігі, n (%)	13 (52,0)	15 (60,0)	16 (64,0)	15 (60,0)
Сервис-кезең, тәулік (M±m)	120±5,09*	82,0±4,13***	83,4±3,09***	83,0±4,43***
Ұрықтандыру индексі (M±m)	2,2±0,22*	1,9±0,02***	1,8±0,10***	1,9±0,19**
Бақылау кезеңіндегі буаз сиырлар, n (%)	20(80,0)	24(96,0)	25(100,0)	25(100,0)
Ескерту әр топ үшін тексерілетін мал саны-25 бас, I-топ – бақылау тобы; қалған топтарды құру шарттарын қолданылған препараттар бойынша әдістеме тарауынан қара (2 тәжірибе)				

Осылайша етті мал шаруашылығындағы эмбрионалдық шығындар сиырлардың жасына, жылдың маусымына байланысты болады және олардың тұқымына қарай ерекшеліктері болмайды. Туудан кейін ерте ұрықтандырудан эмбрионалдың өлімі жиілейді. Бірініші және екінші рет туғаннан кейінгі эмбриондар өлімінің жиілеуі мен басқа да өнімділік көрсеткіштеінің төмендеуін жануар ағзасындағы гормональдық өзгерістермен лактациялық жүктемесінің артуымен түсіндіруге болады. Жүргізілген тәжірибелер прогестеронды енгізу арқылы эмбриогенез қалыпты жүру үшін қажетті гестогендік көмек көрсетуге болатындығын дәлелдейді. Ең тиімді әсер прогестеронды ұрықтандырғаннан кейінгі 6-8-ші тәулікте енгізу кезінде байқалды. Осы мақсатта алмастырғыш ретінде сурфагон мен адамның хориогоникалық гонадотропинін (хориогонин-HCG) енгізуді де қолдануға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Соколовская, И. И. Иммунная система – регулятор воспроизведения / И. И. Соколовская // Зоотехния. – 1994. – №1. – С. 24-26.
2. Анзоров, В. А. О причинах и методах снижения эмбриональной смертности у крупного рогатого скота / В. А. Анзоров, А. М. Чомаев, О. А. Зейналов // С.-х. биол. – 2003. – №4. – С. 57-62.
3. Болтов, А. Е. Ранняя эмбриональная гибель у коров под влиянием паратипических факторов/ А. Е. Болтов, Е. П. Карманова, И. А. Хаканя // С.-х. биол. – 1997. – №6. – С. 67-70.

**ЖЫНЫСТЫҚ ЦИКЛДІҢ НЕЙРОГУМОРАЛЬДЫҚ РЕТТЕЛУІ
ЖӘНЕ ЕТТІ ІРІ ҚАРА ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ
ЭМБРИОТРАНСПЛАНТАЦИЯ**

Е. У. Байтлесов, биол. ғылымдарының кандидаты, доцент
Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық университеті

А. Қ. Днекешев, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Бұл мақалада гормон простагландиннің отандық аналогтары цикліндегі эстуфалан, анипрост және клатрапростиннің қолдану әсерінің сары дене лизисіне салыстырмалы тиімділігі көрсетілген. Объективті критерий ретінде зерттеуге алынған жануарлар қанындағы гормональды көрсеткіш динамикасы алынды.

В данной статье показана сравнительная оценка эффективности применения для лизиса жёлтого тела цикла отечественных аналогов простагландина – эстуфалана, анипроста и клатрапростина. В качестве объективного критерия исследовалась динамика гормонального фона в крови подопытных животных.

Comparative estimation of effectiveness of use of lysis yellow body cycle of local analogs of prostaglandin – estuphanol, antiprost and clatraprostin is given in the article. The dynamics of hormonal background in blood of experimented animals was studied as the objective criteria.

Көбею биотехнологиясы селекцияның тиімді құралы болып табылады. Ол төлдеуден төлдеуге дейін жануарлардың көбеюінің бүкіл сатыларын қамтиды: сиырларды ұрықтандыру және төлдеуге дайындау, төлдерді есепке алу, жыныстық қызметін стимулдеу, ұрықтандыру процесі, эмбриондарды көшіріп орналастыру, буаздықты қорғау, гинекологиялық зерттеу, бедеулікпен күресу және т.б. [1, 2].

Қолда бар білім деңгейіне негізделген аталған бағдарламаны іске асыру арқылы келесі болжамдарға келуге болады: төлдегеннен соң алғашқы 60 күн ішінде сиырлардың 80 %-ның ұрықтануының жоғарлауы, жыл бойында төлдеу тепе теңдігінің реттелуі, 100 сиырдан кем дегенде 90 бұзау алу, бедеулік әсерінен жоққа шығару мөлшерінің 3...5 есе азаюы [3, 4]. Бірақ та, көбею биотехнологиясы саласындағы жетістіктердің орындалуы тек қана тәжірибелік мал шаруашылығы жағдайларында емес, сонымен бірге, ғылыми-зерттеу институттар кәсіпорындарында да қиындықтарға ұшырайды [5]. Кең таралған жыныс қызметін гормональды реттеу әдістері көбіне қоршаған ортаның нақты факторларымен анықталатын организмнің сол кездегі функциональды күйін есепке алмай жануарларды өңдеуді өткізуге бағытталаған. Көптеген зерттеушілер бұндай қатынастын тиімділігі аз екенін көрсетеді. Жыныс қызметін биотехникалық реттеуді қолданудың көптеген тәртіптері және схемалары мал шаруашылығы өте жоғары дамыған елдерде жасалған және европалық деңгейдегі кәсіпорын фермаларында қолдануға бейімделгенін ескеру керек.

Біздің зерттеуіміздегі негізгі мақсат жыныс цикл ұзақтығының уақытша параметрлерін, сиырлардың күйлеуін, овуляция және фолликулалардың даму динамикасын нақтылау болды және репродуктивті жүйесінің клиникалық түрде патологияға ұшырамаған жануарларға өзіндік зерттеулер жүргізілді. Экспериментальды зерттеулерді Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысының шаруашылықтарында өткіздік.

Біздер, сары дене лизисі үшін простагландиннің отандық аналогтары цикліндегі – эстуфалан, анипрост және клатрапростинді қолдану тиімділігінің салыстырмалы бағалауын жүргіздік. Объективті критерий ретінде зерттеуге алынған жануарлардың қанындағы гормональды көрсеткішінің динамикасы зерттелді.

Біздер, анипрост және клатрапростиннің әсер ету затын (клопростенол бойынша) 500 мкг көбейту арқылы мөлшерін жоғарлаттық. Салыстырмалы зерттеуді үш топта өткіздік: бірінші топқа (n = 20) эстуфалан енгіздік, екінші (n = 27) және үшінші (n = 27) топтарға, сәйкесінше, анипрост және клатрапростин енгіздік. Топтар бойынша прогестерон $1,78 \pm 0,33$, $1,92 \pm 0,76$ және $1,90 \pm 5,7$ нг/мл, ал эстрадиол концентрациясы $29,0 \pm 2,34$, $25,0 \pm 3,7$ және $27,0 \pm 3,70$ нг/мл құрады. Бүкіл жануарларда эстуфаланды инъекциялағаннан кейін 48 сағаттан соң прогестеронның $0,08 \pm 0,02$ нг/мл дейін (яғни, күйлеу кезіндегі оптимальды деңгейге дейін) концентрациялық құрамының жедел төмендеуі байқалды. Екінші және үшінші топтардағы жануарлар қанында прогестерон концентрациясының төмендеуі асинхронды түрінде өтті (1-кесте).

1-Кесте – Оптимальды гормональды көрсеткіштерге жету мерзімдері

Көрсеткіш	Топ	Инъекция жасау және қан сынамаларын алу аралығы (сағат)				
		24	48	60	72	84
Прогестероны базальды деңгейдегі концентрациясына дейін төмендеген сиырлар саны	I	1...10,0	18...90,0	1...10,1	-	-
	II	1...3,7	10...37,1	9...33,3	4...14,8	3...11,1
	III	1...3,7	9...33,3	10...37,1	2...7,4	5...18,5

Осыған орай, алынған мәліметтерге қарап, көптеген сиырларда эстуфаланды инъекциялағаннан кейін 48 сағаттан соң сары денелердің синхронды лизисі жүреді деген қорытынды жасауға болады. Анипрост және клатрапростиннің жоғары литеолитикалық активтілігі болғанымен, оның синхрондығы төменгі деңгейде байқалады.

Толық қалыптасқан сары дене кезінде басқа биореттегіштермен сәйкестендіріп ПГФ₂ α препараттарын қолдану барысында оның литеолитикалық әсері жоғарылайды. Мысалы, эстрогендермен келесі схема бойынша: 15 мг/бір басқа мөлшерінде ПГФ₂ α (энзапрост-Ф) препаратын бұлшық етке бір рет немесе 0,25 мг/бір басқа эстрофан кейін эстрадиол дипропионаттын 0,1 % майлы ерітіндісін 2 мг/бір басқа (20 мың бірлік) мөлшерінде инъекциялау арқылы. Жыныс циклдерінің қайта қалпына келу уақыты 5-10 күн, бұл ұрықтану мүмкіндігін 8,9-19,1 % жоғарлатады.

Барлық синтетикалық простагландиндерді қолдану теңбе тең тиімділігін көрсетті (2-кесте). Күйлеуге келген сиырлар және қашарлардың бөлігі кішкене ауытқуларға қарамай өте жоғары деңгейде болды.

Бүкіл жануарларда күйлеу 48 сағаттан кейін басталды. Күйлеуге келген сиырлардың мөлшері 90,0 дан 93,3 % барды. Аталған көрсеткіштер қашарлар топтарында да сол деңгейде. Сиыр топтарындағыдай, қашарлар топтарында да индуцирленген күйлеу кезінде ұрықтандырылғаннан кейін қажетті ұрықтану көрсеткіштері алынды. Топтардағы бұл көрсеткіштердің айырмашылықтары күйлеуге келу көрсеткіштеріне қарағанда өте ерекше болды, бірақ та дәлелсіз. Сиыр топтарында индуцирленген күйлеу кезіндегі ұрықтану 46,4 тен 53,6, қашарлар тобында 51,9 дан 53,6 аралығында ауытқыды. Суперфан қолданғаннан кейін сиырлардағы төменгі ұрықтану деңгейі – 46,4 % болғанын атап өту керек, әсіресе клатрапростин және эстуфалан енгізілген сиыр топтарына қарағанда.

Индуцирленген және спонтанды күйлеу кезінде ұрықтанған сиырлармен қашарлар жалпы саны топтар бойынша, болар болмас ауытқуларға қарамастан, өте жоғары көрсеткіштерге ие болды. Әсіресе, сиырлардың үш тобында да бірдей көрсеткіш болды – 80. Қашарлардың үш тобында буаздықтың жалпы проценті 80,0...86,7 % құрады.

Эмбриондарды трансплантациялау технологиясында оларды көшіріп орналастыру немесе криоконсервациялау алдында эмбриондардың биологиялық толық құндылығын бағалаудың үлкен тәжірибелік маңызы бар. Алғашқы эмбриондардың бірдей дамуы, сонымен бірге, олардың өлуі кезінде бластомерлердің клеткалық құрылымдарының ыдырау процесстерінің ұқсастығы, әртүрлі жануар түрлері ұрықтарының өміршендігін морфологиялық бағалау да,

бірдей критериілерді қолдануға мүмкіндік береді. Жалпы, көптеген сүтқоректілердің эмбриондары көлемі және басқа морфологиялық сипаттары бойынша ұқсас келеді.

2-Кесте – Спонтанды циклдің 10-12 күнінде синтетикалық простагландиндерді қолданып, еңгізу кезіндегі тиімділігі

Топ	Препарат	Өңделген жануарлар		Күйлеуге келді		Сәтті ұрықтандыру			
						Индуцирленген күйлеуге	Индуцирленген күйлеу ұрықтанғандар санына, %	Екі күйлеу кезінде, барлығы (индуц. және кейінгі спонтанды)	Өңделген жануарлар санына, %
Сиырлар									
I	клатрапростин	30	100,0	27	90,0	14	51,9	24	80,0
II	этуфалан	30	100,0	28	93,3	14	50,0	22	73,3
III	суперфан	30	100,0	28	93,9	13	46,4	24	80,0
IV	эстрофан	30	100,0	28	93,3	15	53,6	24	80,0
Қашарлар									
I	клатрапростин	30	100,0	27	90,0	14	51,9	25	83,3
II	этуфалан	30	100,0	28	93,3	15	53,6	26	86,7
III	суперфан	30	100,0	27	90,0	14	51,9	25	83,3
IV	эстрофан	30	100,0	28	93,3	15	53,6	24	80,0

Морфологиялық бағалау зерттеуі бойынша, жалпы жаңадан алынған 521 эмбрионның ішінен 326 немесе 62,7 % қалыпты, 106 (20,3 %) дегенерирленген, 39 (17,0 %) ұрықтанбаған жұмыртқа клеткасы болды.

Алғашқы морула стадиясында сапасы жақсы эмбриондардың төменгі проценті (31,8 %) және сәйкесінше, қанағаттанарлық эмбриондардың жоғары проценті (54,6 %) байқалды. Өте соңғы стадиялар жақсы эмбриондар санының жоғары болуымен, қанағаттанарлық және шартты пайдаға асатындар санының азаюымен сипатталады (3-кесте). Соңғы моруладан кейін алғашқы бластоциста стадиясы сапасы жоғары эмбриондардың кішкене процентімен (62,8 % қарсы 57,4 %-ке) және қанағаттанарлықтар санының аз мөлшерімен ерекшеленді (14,2 % и 30,9 %).

3-Кесте – 7-ші күнгі сиырлар эмбриондарының даму стадиясы және сапасы

Көрсеткіш	Барлығы	Даму стадиясы			
		морула		бластоциста	
		алғашқы	соңғы	алғашқы	соңғы
Эмбриондар саны	432	47	239	104	42
Жалпы сан ішіндегі проценті		10,9	55,4	24,0	9,7
Соның ішінде қалыпты	326	22	188	84	32
Қалыптылар саны ішіндегі проценті	75,5	6,7	57,7	25,8	9,8
дегенирленген	106-24	25-53,2	51-21,3	20-19,2	10-23,8
Соның ішінде: өте жақсы	67-20	3-13,6	22-11,7	20-23,8	22-58,8
жақсы	175-53	7-31,8	103-57,4	52-62,8	8-25,0
қанағаттанарлық	84-25,8	12-54,6	58-30,9	12-14,2	2-6,2

Соңғы бластоцисталарға жоғары сапалы (68,8 %) және сапасы жақсы (25,0 %) эмбриондардың жоғары процентінің болуы және қанағаттанарлық эмбриондардың санның аз болуы (6,2 %) тән. Етті тұқым сиырлары эмбриондарының структурасы өте болбыр және бластомерлер арасындағы байланыс әліз болды. Етті және сүтті тұқым донор-сиырларының жасы бір эмбриондарының даму жылдамдықтарында кішкене айырмашылықтар байқалды. Егер де, сүтті сиырларда эмбрион алудың 7-ші күнінде соңғы морулалар саны жалпы санға

қарағанда 36 % болса, онда етті тұқымдарда 55,4 % құрады. Алғашқы бластоцисталар саны 24,0 % болды. Соңғы морула және алғашқы бластоцистадан басқа етті сиырларынан алғашқы морула 10,9 % және соңғы бластоциста (9,7 %) стадиясындағы эмбриондар алынды.

Донор-сиырлардың жасы эмбриондардың саны мен сапасына әсер етеді деген көзқарас бар.

4-ші кесте мәліметтерінде, жасы әртүрлі сиырларда, бір донорға есептегенде, қалыпты эмбриондарының және ұрықтанбаған жұмыртқа клеткаларының саны практикалық түрде бірдей болатыны көрсетілген. Бірақ та, сиыр жасы ұлғайған сайын дегенирленген эмбриондар саны көбейеді.

Яғни, бірінші топта (3-5 жас) олар 12,3 %, екінші топта – 22,4 % және үшінші топта – 21,5 % құрады, және сәйкесінше, бір донорда ұрықтардың жалпы саны бойынша – 5,7; 6,7 және 7,0 және қалыпты эмбриондар – 4,0; 4,1 және 4,3 болды.

4-Кесте – Жасы әртүрлі сиыр ұрықтарының сапасы және саны

Көрсеткіш	Жасы (жыл)		
	3-5	6-9	10-13
Өңделген жануарлар	17	44	18
Бір донорға шаққанда овуляция саны	8,4 ± 1,12	9,8 ± 1,20	9,2 ± 0,86
Алынған ұрықтар	5,7 ± 0,62	6,7 ± 0,64	7,0 ± 0,60
Соның ішінде қалыпты	4,0 ± 0,60	4,1 ± 0,62	4,3 ± 0,56
Ұрықтар санынан проценті	70,2	61,2	61,4
Дегенирленген	0,7 ± 0,18	1,5 ± 0,40 ^x	1,5 ± 0,38 ^x
Ұрықтанбаған жұмыртқа клеткалары	1,0 ± 0,21	1,1 ± 0,25	1,2 ± 0,26

Жоғарыда берілген мәліметтерге қарап, 9 дан 13 жасқа дейінгі сиырларды эмбрион-донорлары ретінде қолдануға болады деген қорытындыға келдік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Амарбаев, Ш. М. Синхронизация стадий полового цикла у коров-доноров и реципиентов при пересадке эмбрионов / Ш. М. Амарбаев, Б. Х. Аббасов, Г. Г. Герасимов, И. Ю. Бабаев // Изв. АН Каз. ССР. – Сер. биол. – 1988. – №3. – С. 78-82.

2. Гордон, А. Контроль воспроизводства сельскохозяйственных животных / А. Гордон. – М.: Агропромиздат. – 1988. – 414 с.

3. Антонюк, В. С. Применение овогена и эстрофана для стимуляции и синхронизации охоты у мясных коров / В. С. Антонюк, В. В. Жаркий, Ю. А. Горбунов // Веснц. АН БССР. – 1983. – № 2. – С. 91-93.

4. Буянов, А. А. О значении гонадотропных гормонов в развитии желтых тел беременности и полового цикла у коров / А. А. Буянов // Физиология, морфология и болезни животных: материалы 17-й науч. конф. – Л.: 1971. – С. 95-96.

5. Быховский, В. М. О сущности и значении бальнеологических реакций / В. М. Быховский, Р. О. Хамзамулин // Вопр. курортологии, физиологии и лечеб. и физ. культуры – 1985. – № 4. – С. 51-54.

СИЫРЛАРДЫҢ ЭНДОМЕТРИТ КЕЗІНДЕГІ ИММУНОЛОГИЯЛЫҚ СТАТУСЫНА ЛАЗЕРОПУНКТУРАНЫҢ ТИГІЗЕТІН ӨСЕРІ

Е. У. Байтлесов, биол. ғылымдарының кандидаты, доцент
Батыс Қазақстан инженерлік технологиялық университеті

А. Қ. Днекешев, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент
Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Бұл мақалада сиырлардың эндометриті кезіндегі лазерлі квантты РИКТА-МВ аппаратының пайдалы жағына қарай қанның кейбір биохимиялық және морфологиялық көрсеткіштерінің өзгерістері сипатталған, ол жануарлар организміндегі иммундық жүйеге спецификалық емес терапияның стимулдеуші тәсілдерінің біріне жатады.

В данной статье впервые описаны изменение некоторых биохимических и морфологических показателей крови в положительную сторону при эндометрите у коров лазерным квантовым аппаратом РИКТА-МВ, как один из методов стимуляции неспецифической терапии иммунной системы в организме животных.

Change of some biochemical and morphological parameters of blood in the positive side at endometritis at cows by laser quantum device RIKTA-MV is described in the article for the first time, as one of methods of stimulation of nonspecific therapy of immune system in an organism of animals.

Жануарлардың иммунологиялық жүйесі иммунитетті, яғни ағзаның генетикалық гомеостазының сақталуын қамтамасыз етеді. Иммундық жүйе бізді әртүрлі індеттердің (инфекциялардың) кеселінен болатын апаттардан (ажалдан) сақтайды. Патогендік микробтардың, олардың токсиндері мен басқада табиғаты биологиялық бөгде заттардың әрекетін малдың немесе адам организмнің қабылдамаушылық жәйін иммундық жүйе атқарады [1]. Иммунитеттің мәні патогендік агенттердің енуі мен әрекетіне байланысты организмнің, ішкі ортасының тұрақтылығын қамтамасыз ететін физиологиялық қорғаныс реакциясы комплексінің көрінуінен тұрады. Осы кезге дейін жануарлар мен адамды емдеуде басты мақсат олардың иммунологиялық статусын биологиялық белсенді нүктелеріне – қуаттың жинақталған орындарына медикаментоздық және физикалық жолдармен әсер ету арқылы көтеруге негізделеді. Дәл осы нүктелер қытай медицинасы бойынша дене бетінде ағза мен қоршаған орта арасында белсенді қуат алмасуы жүретін нүктелер болып табылады.

Тәжірибелік мәліметтер бойынша лазерлік терапия кезіндегі емдік әсердің негізі жануар ағзасының спецификалық емес иммунитетін белсенділендіруге бағытталған [2, 3]. Организмнің спецификалық емес ауруға қарсы тұрушылығы (табиғи резистенттігі) табиғи сипаты бар эволюция процесінде дағдыланған көптеген физиологиялық бейімділікпен анықталады. Қан мен басқа да организм ткандеріне енген микробтарды зиянсыздандырудың спецификалық емес гуморалдық қорғаныс факторларын да қамтамасыз етеді. Бірқатар авторлар сиырлардың гуморальдық және жасушалық иммунитетін желінсаумен және эндометритпен ауыруы кезінде лазермен емдеудің әсерін зерттеген.

Осы жұмыстың мақсаты – эндометритпен ауыратын сиырлардың иммунологиялық жағдайына лазеропунктураның тигізетін әсерін анықтау және осы ауру кезіндегі иммунокоррекцияның тиімді әдісін жасау болып табылады.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысын 4-6 жастағы қазақтың ақбасты етті тұқымды сиырларға жүргіздік. Оларды аналогтар принципі бойынша екі топқа: тәжірибелік және бақылау тобына бөлдік. Тәжірибелік топ жануарларының (n = 10) туудан кейінгі эндометритін монолазерлікпунктура тәсілімен №9 рецептінің биологиялық белсенді нүктелеріне сиырлардың акушерлік-гинекологиялық ауруларын сақтандыру және емдеу

акупунктурасын қолдану нұсқаулығына сай сәулелендіру арқылы әсер етіп емдедік; екінші топтың сау сиырларын (n = 10) – бақылау ретінде қалдырдық.

Тәжірибелік жануарлардың жалпы жағдайын бағалау үшін малдәрігерлік тәжірибеде қолданылатын клиникалық тәсілдерді; иммунобиологиялық жағдайын бағалау үшін қанды биохимиялық және морфологиялық зерттеу тәсілдерінен тұратын клиникалық зертханалық балау тәсілдерін пайдаландық. Бұл тәсілдер иммунологиямен бірігіп мал организмі мен ауру қоздырғышының арасындағы арақатынастың динамикасын, яғни инфекциялық процесті зерттейді.

Лазеропунктура жүргізу үшін кванттық терапияға арналған РИКТА-МВ аппаратын қолдандық. Қан сынамасын тәжірибе жүргізер алдында және лазеропунктуралық емдеудің 8 сеансынан кейін алдық.

Зерттеу нәтижелері. 1 кестеде келтірілген мәліметтерге сай бақылау және тәжірибелік топтардың сиырларының қанының биохимиялық көрсеткіштері физиологиялық қалыпты деңгейде болды. Ауру жануарларда сау жануарлармен салыстырғанда жалпы ақуыз деңгейі 5,9 %-ға жоғары болды. Бұл жатырдағы қабыну үрдісінің салдарынан қан сарысуында ақуыз фракцияларының көп мөлшерде болуымен түсіндіріледі.

Сонымен қатар, қан сарысуында баламалық және болжаулық маңызы бар ақуыз фракцияларының арақатынасының өзгеруі анықталды. Лазеропунктура курсынан кейін тәжірибелік жануарларда жалпы ақуыз көлемі 1,5 %-ға көтерілді.

Ауру жануарларда альбуминнің мөлшері 4,9 %-ға (P < 0,01) көтерілді. Лазеропунктуралық шаралардан кейін аталған көрсеткіш 6 %-ға төмендеді, бұл ағзадағы қабыну ошағының басылғанының белгісі болып табылады.

Емдеуден кейін қан сарысуындағы ақуыздың глобулин фракцияларының арақатынасы айтарлықтай өзгереді. Мысалы альфа-глобулиннің мөлшері 55,6 %-ға тұрақты көтерілді (P < 0,01), бұл жақсы иммундық жүйесі бар ағзадағы және соңы жазылумен аяқталатын қабыну үрдісінің болуын көрсетеді. Бұл кезде қан сарысуының бета-глобулин фракциясы бір деңгейде қалды, яғни бүйректер патологиялық үрдіске кірістірілмеген.

1-кесте – Лазеропунктураның қанның биохимиялық көрсеткішіне тигізетін әсері

Көрсеткіш	Бақылау тобы		Тәжірибелік топ	
	Тәжірибе басталғанға дейін	Тәжірибеден кейін	Тәжірибе басталғанға дейін	Тәжірибеден кейін
жалпы ақуыз, г/л	76,7 ± 0,9	78,7 ± 1,34	81,2 ± 1,3	82,4 ± 1,8
альбуминдер, %	38,5 ± 2,07	39,1 ± 1,86	43,4 ± 2,2	40,8 ± 1,9
глобулиндер, %:				
альфа-	11,4 ± 0,49	12,1 ± 0,52	10,6 ± 0,72	16,5 ± 0,62
бета-	15,7 ± 0,25	16,2 ± 0,74	13,8 ± 0,81	15,2 ± 0,95
гамма-	29,8 ± 1,6	27,9 ± 1,68	30,9 ± 1,54	37,6 ± 1,84
LgG, мг/мл	20,4 ± 0,71	21,2 ± 0,94	21,8 ± 0,70	22,5 ± 1,2
LgM, мг/мл	1,9 ± 0,32	2,1 ± 0,26	2,3 ± 0,2	2,7 ± 0,42
жалпы липидтер, г/л	2,8 ± 0,25	2,62 ± 0,27	3,4 ± 0,32	3,58 ± 0,41
холестерин, моль/л	4,4 ± 0,28	4,23 ± 0,3	4,62 ± 0,28	5,28 ± 0,24
глюкоза, моль/л	2,5 ± 0,16	2,8 ± 0,18	2,8 ± 1,3	2,64 ± 1,08
гемоглобин, г/л	98,7 ± 1,52	102,0 ± 2,4	101 ± 1,8	99,4 ± 1,6
гематокрит, %	33,0 ± 0,92	32,4 ± 1,05	32,8 ± 1,3	32,5 ± 1,8
қанның бактерицидтік белсенділігі, %	56,3 ± 0,39	57,2 ± 1,26	50,4 ± 0,7	68,6 ± 0,9

Тәжірибе басталғанға дейін интактілі және тәжірибелік жануарлардың қан сарысуындағы гамма глобулиндер арасындағы айырмашылық тұрақсыз болды және ол емдеуден кейін 34,8 %-ға жетті (P < 0,001). Ауру сиырлардың қан сарысуындағы LgG классының гамма глобулиндері 3,2 %-ға тұрақсыз және LgM классы 17,4%-ға тұрақты көтерілді (P < 0,05).

Осымен қоса сиырларда жалпы липидтердің шоғырлануы емдеуден кейін 5,3%-ға тұрақсыз көтерілді бірақ ауытқу деңгейі қалыпты көрсеткіштен жоғары болмады. Бұл майдың осы фракциялары синтезделетін бауырдың физиологиялық жағдайы қалыпты екенін көрсетеді. Тәжірибелік жануарлардың қан сарысуында холестериннің ауытқу деңгейі тұрақты 17,3 %

($P < 0,01$) болғанымен қалыпты жағдайдағы көрсеткіштің ең кіші және жоғарғы мөлшерінен ауытқыған жоқ. Бұл лазеропунктураның холестерин түзілетін бауыр клеткаларына теріс әсер тигізбейтінін көрсетеді.

Сау және ауру сиырлардың қанындағы глюкозаның және гемоглобиннің мөлшері қалыпты деңгейден аспады, бұл лазеропунктураның көмірсу алмасуын өзгертпейтінін көрсетеді.

Барлық тәжірибелік жануарларда гематокрит көрсеткіші физиологиялық қалыпты деңгейден аспады.

Тәжірибелік сиырлардың қанының бактериоцидтік белсенділігі тәжірибенің басында 60,4 % құрады, бұл бақылау тобының сиырларына қарағанда 7,3%-ға жоғары болды. Емдеуден кейін бұл көрсеткіш тұрақты түрде 19,9 %-ға ($P < 0,001$) жоғары болды.

Тәжірибелік жануарлардың қанының бактериоцидтік белсенділігінің айырмашылығы емдеуге дейін және емдеуден кейін тұрақты түрде 13,6 %-ға көтерілді ($P < 0,01$).

Осылайша лазеропунктуралық емдеу сиырлардың иммундық жүйесіне кері әсерін тигізбейді; гуморальдық имунитеттің спецификалық емес түрлерін белсенділендіреді және ағзаның сауығуын қамтамасыз етеді.

Лазеропунктураның клеткалық имунитетке тигізетін әсерінің механизмін анықтауға арналған зерттеулер бақылау және тәжірибелік топтың жануарларында қан элементтерінің саны бойынша физиологиялық қалыпты деңгейде болғанын көрсетті (2-кесте). Тек тәжірибенің басында эозинфилдердің мөлшері 3,8%-ға жоғары болды.

2-кесте – Эндометритпен ауыратын сиырлардың жасушалық имунитетіне лазеропунктураның тигізетін әсері

Көрсеткіш	Бақылау тобы		Тәжірибелік топ	
	Тәжірибе басталғанға дейін	Тәжірибеден кейін	Тәжірибе басталғанға дейін	Тәжірибеден кейін
Эритроциттер, $10^{12}/л$	$6,2 \pm 1,2$	$6,1 \pm 1,6$	$7,1 \pm 2,1$	$6,8 \pm 1,9$
Лейкоциттер, $10^9/л$	$7,8 \pm 0,6$	$7,4 \pm 0,81$	$9,2 \pm 1,8$	$8,1 \pm 1,12$
Нейтрофилдер, %				
жас	$0,1 \pm 0,08$	$0,3 \pm 0,3$	$0,4 \pm 0,3$	$0,5 \pm 0,18$
таяқша ядролы	$3,8 \pm 0,62$	$4,2 \pm 0,58$	$3,0 \pm 0,9$	$4,2 \pm 0,7$
сегментті ядролы	$22,5 \pm 1,8$	$21,2 \pm 1,9$	$23,1 \pm 2,8$	$21,7 \pm 1,62$
Фагоцитарлық белсенділік				
нейтрофилдердің, %	$59,8 \pm 1,2$	$61,2 \pm 1,1$	$65,0 \pm 2,15$	$71,1 \pm 1,9$
Лимфоциттер, %	$58,6 \pm 2,2$	$60,1 \pm 2,4$	$63,6 \pm 3,3$	$61,7 \pm 2,6$
T-жалпы лимфоциттер, %	$21,2 \pm 1,8$	$21,6 \pm 1,3$	$23,6 \pm 0,64$	$25,3 \pm 0,8$
T-хелперлер, %	$16,4 \pm 1,74$	$17,0 \pm 1,31$	$18,1 \pm 1,17$	$21,0 \pm 2,14$
T-супрессорлар, %	$11,2 \pm 1,54$	$11,7 \pm 1,36$	$10,9 \pm 1,53$	$12,8 \pm 1,32$
B-лимфоциттер, %	$12,9 \pm 1,1$	$13,3 \pm 1,24$	$11,6 \pm 1,3$	$15,6 \pm 0,92$
Моноциттер, %	$2,6 \pm 0,5$	$2,1 \pm 0,7$	$2,2 \pm 0,8$	$2,4 \pm 1,5$
Базофилдер, %	$0,6 \pm 0,4$	$0,9 \pm 0,16$	$0,2 \pm 0,2$	$0,7 \pm 0,2$
Эозинфилдер, %	$11,8 \pm 2,6$	$11,2 \pm 1,4$	$7,5 \pm 1,5$	$8,8 \pm 1,7$

Сиырлардың эндометрит кезінде лазермен емдеу тәсілі эритропоз әсерін берді. Соның салдарынан эритроцит деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда тұрақты түрде 11,5 %-ға ($P < 0,02$) көтеріліп тәжірибенің басындағы көрсеткіштен 4,2 %-ға жоғары болды.

Жануарларды емдегеннен кейін қандағы лейкоциттер саны бақылау тобымен салыстырғанда 9,5 %-ға көтеріліп, тәжірибенің басындағы көрсеткіштен 12 %-ға төмен болды ($P < 0,02$). Лейкоциттер мен эритроциттер деңгейінің тұрақты түрде төмендеуі жатырдағы қабыну үрдісінің басылғанын көрсетеді. Бұның дәлелі ақуыздың глобулин фракциясының көтерілуі болып табылады.


Лейкоцитарлық формуланың мәліметтерін талдау нәтижесі эндометритпен ауыратын сиырларда эозинфилдердің мөлшері сау сиырлармен салыстырғанда 36,4 %-ға төмен екенін көрсетті ($P < 0,001$). Емдеуден кейін бұл көрсеткіш тәжірибелік жануарларда 17,5 %-ға ($P <$

0,05) көтерілді, ал бақылау тобында керісінше 5,1 %-ға төмендеді. Эозинофилдердің мұндай динамикасы ауру сиырлардың ағзасындағы қабыну үрдісінің сәтті өтіп жатқанын көрсетеді.

Лазеропунктураға дейін және одан кейін де нейтрофилдердің мөлшері физиологиялық қалыпты деңгейде болды. Бірақ емдеуден кейін таяқша тәрізді ядролы нейтрофилдердің мөлшері 40,0 %-ға тұрақты ($P < 0,01$) және жас нейтрофилдер 25,0 %-ға ($P < 0,02$) көтеріліп, сегменттәрізді ядролылар 6,1 %-ға ($P < 0,002$) төмендеді. Мұндай көрсеткіштер регенеративтік ядролық ығысудың белгісі болып табылады, ол өз кезегінде қан ағынына нейтрофилдердің босап шығуымен жалғасатын ағзадағы қабыну үрдісімен күресудің нейтрофилдік фазасының көрсеткіші болып табылады.

Лазерлік емдеуден кейін нейтрофилдердің фагоцитарлық белсенділігі бақылау тобымен салыстырғанда 16,2 %-ға ($P < 0,05$) және тәжірибенің басындағы көрсеткішпен салыстырғанда 9,4 %-ға ($P < 0,02$) артты.

Лейкограммдан көретініміздей, тәжірибелік топтың жануарларында лимфоциттер саны емдеуге дейін және емдеуден кейін де жоғары деңгейде болды, бірақ физиологиялық қалыпты деңгейден аспады. Бірақ та тәжірибе басталғанға дейін бұл көрсеткіш бақылау тобымен салыстырғанда 8,5 %-ға ($P < 0,05$), ал тәжірибеден кейін 2,7 %-ға жоғары болды.



1-Сурет – Интактты сиырлардың лейкоцитарлық қан көрсеткіші және 2 – эндометритпен зақымданған сиырларын лазермен емдеуге дейін, және 3-кейінгі сызығы

Лазермен емдеу курсынан кейін тәжірибелік жануарлардың қанындағы лимфоциттер саны емдеуге дейінгі көрсеткіштен 3,0 %-ға төмен болды. Лимфоциттердің мұндай динамикасы сауығу сатысының белгісі болып табылады.

Жануарлардың иммундық қорғанышының маңызды элементтері Т- және В-лимфоциттер болып табылады. Т жүйелері лимфатикалық клеткалардың иммундық компетенттігін қамтамасыз етеді және В-жүйесі оларды реттейді. Т-лимфоциттер жасушалық иммунитет реакцияларына: трансплантантты кері қайтарып бірқатар індетті аурулардан иммундық қорғауға қатысады. В-лимфоциттер Т-лимфоциттердің әсерінен плазматикалық антидене түзетін жасушаларға айналады, сол арқылы ағзаны көптеген індеттерден, соның ішінде бактериалдық індеттерден қорғайды.

Мысалы эндометритпен ауыратын сиырларда емдеуге дейін жалпы Т-лимфоциттердің мөлшері бақылау тобымен салыстырғанда тұрақты түрде 11,3 %-ға, ал емдеуден кейін 17,1 %-ға ($P < 0,05$); Т-хелперлер сәйкесінше 10,4 және 23,5 %-ға жоғары болды, бұл кезде Т-супрессорлар саны емдеуге дейін 2,7 %-ға ($P < 0,02$) төмен болды.

Осыған ұқсас жағдай В-лимфоциттерде де байқалды, яғни ауру сиырларда сау сиырлармен салыстырғанда оның деңгейі 10,1 %-ға ($P < 0,05$) төмендеді, ал лазеропунктурадан кейін 17,3 %-ға көтерілді ($P < 0,02$).

Ауру жануарлардың қан құрамындағы базофилдердің мөлшері лазеропунктурамен емдеу курсынан кейін 22 %-ға төмендеді. Моноцитарлық жасушалардың динамикасы келесідей болды: тәжірибелік топта емдеуге дейін олардың мөлшері бақылау тобымен салыстырғанда 15,4 %-ға төмендеді, ал емдеуден кейін керісінше 14,3 %-ға жоғарылады. Аталған жасушалардың үлкен аралықта ауытқуына қарамастан барлық жүргізілген тәжірибелер бойына олардың мөлшері физиологиялық қалыпты деңгейден аспады.

Яғни эндометритпен ауыратын сиырларды лазермен емдеу кезінде олардың ағзасында қан түзуші мүшелердің жұмысының белсенділенуі байқалып, лейкоцитарлық формуланың көрсеткіштері өзгереді, бұл спецификалық емес гуморальдық және клеткалық иммунитеттің көтерілгенін көрсетеді. Бұл кезде қан түзуші мүшелердің қызметі бұзылмайды.

Лазермен емдеу тек емдік, стимулдаушы ғана емес, иммундық жағдайын түзеуші әсерге де ие. Олардың көпшілігінің көрсеткіштері физиологиялық қалыпты деңгейде орналасады.

Осылайша лейкоцитарлық формула жануардың жалпы жағдайы және патологиялық үрдістің жүру барысын бағалауда үлкен болжамалы және баламалық маңызға ие болып қана қоймай, ағзаның иммундық реактивтілігін бағалауға, қолданылып отырған емдеу тәсілінің тиімділігін қадағалауға мүмкіндік береді.

Бірақ қан құрамының пайыздық көрсеткіштері жануар ағзасының жағдайы туралы салыстырмалы бағалауға мүмкіндік береді. Клиникалық мақсатта 1мм^3 қан құрамындағы бөлек элементтердің сандық көрсеткіштерінің маңызы зор.

Бұл үшін Ш. Д. Мошковский лейкоциттер санын лейкоцитарлық профиль түріндегі абсолюттік мәнінен құрылған графикалық құрылымын ұсынды. Бұл құрылымды кейін Г. В. Домрачев және Н. З. Обжорин модификациялап алды.

Графикте көлденең сызық бойына лейкоциттер класы, тік сызық бойында олардың 1мм^3 қандағы мөлшері берілді. Тік төртбұрыштың жоғарғы және төменгі шекаралары – лейкоциттердің әр түрінің абсолюттік санының физиологиялық ауытқуының шектері (суретті қара).

Лейкоцитарлық профильдің көрсеткішін талдай келе тәжірибелік жануарларда жасушалардың аталған тобының барлық класстарының көрсеткіші қалыпты көрсеткіштің ортасында орналасқан деп айтуға болады. Тек эозинофилдердің мөлшері емдеуге дейінгі шамасынан жоғары болып келеді, бұл жануарлардың кейбірінде жасырын түрде өтіп жатырған паразитарлық аурулардың болуын көрсетеді.

Сонымен қатар эндометритпен ауыратын сиырларда емдеуге дейін ағзада қабыну үрдісінің өтіп жатырғанын көрсететін шамалы лимфоцитоз байқалды. Бұл кезде лимфогенез үрдісі бұзылмаған, ал патологиялық үрдістің өтуін орта ауырлықта деп айтуға болады. Бұны моноциттердің қалыпты деңгейде болуы да дәлелдейді.

Ауру жануарларда емдеуге дейін эозинофилдердің көп болуы патологиялық үрдістің сәтті өтіп жатырғанын көрсетеді. Ағзаның қорғаныш механизмі лазердің әсер етуінен эндометрит түріндегі қабыну үрдісіне тез кері әсер береді.

Қорытынды. Ағзасында қабыну үрдісі өтіп жатырған жануарларды лазеропунктуралық емдеу гемопоэзге кері әсеріне тигізбей олардың ағзасының иммундық жүйесін стимулдайды және реттейді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Соколовская, И. И. Иммунная система – регулятор воспроизведения / И. И. Соколовская // Зоотехния. – 1994. – №1. – С. 24-26.
2. Титова, В. А. Воздействие на инволюцию матки у коров квантовым методом / В. А. Титова, В. А. Анзоров, В. М. Шириев, Н. И. Сергеев, В. А. Титова, Ф. Н. Насибов, Е. У. Байтлесов // Молочное и мясное скотоводство. – 2006. – №1. – С. 24-25.
3. Байтлесов, Е. У. Наставление по применению магнитно-инфракрасно-лазерного аппарата «РИКТА-МВ» / Е. У. Байтлесов. – М. – 1999. – с. 5.

**АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМЫ ҚОШҚАРЛАРЫНЫҢ
ҰМАСЫ МЕН ЕНБАУЫНЫҢ ЖАСЫНА ҚАРАЙ
МОРФОМЕТРИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ**

А. К. Днекешев, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент
А. К. Кереев, вет. медицина магистры, докторант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Мақалада ақжайық етті жүнді тұқымының қошқарлары ұмасының жасына қарай кейбір морфометриялық мәліметтері көрсетілген, бұл мәліметтерді білу асыл тұқымды қой шаруашылықтарында алдын алу шараларының бірі ретінде саналатын жоспарлы кестірудің жас мерзімдерін тағайындау барысында үлкен маңызға ие.

В статье представлены некоторые морфометрические данные мошонки в зависимости от возраста баранчиков акжаикской мясо-шерстной породы, которую необходимо знать при назначении возрастных сроков плановых кастрации, как один из профилактических мероприятий в племенных овцеводческих хозяйствах.

Some morpho-metric data about scrotums depending on age of young rams of akzhaik meat-wool breed which is necessary to know at appointment of age terms of planned castration, as one of preventive actions in breeding sheep-breeding farms are given in the article.

Қазіргі кезеңде қой шаруашылығы Қазақстан Республикасының Батыс Қазақстан облысында өте қарқынды дамып келеді және табиғи жайылымдармен шабындықтар жағдайларында мал шаруашылығы саласындағы экономикалық тиімділігі қайтымды болып келетін сала болып табылады. Осы жағдайларда өсірілетін етті жүнді бағыттағы ақжайық жартылай биязы жүнді қой тұқымының аталған аймақта болашағы зор [1, 2].

Ветеринарлық хирургияда қой шаруашылығындағы ет және жүн өнімділігінің көбейіп, артуы бағытында жүргізілетін сақтандыру шараларының ішінде асылдандыру жұмысы мен қойларды жақсы азықтандырумен қатар шаруашылықта асылдандыру бонитировкасынан кейін арнайы қалдырылған қошқарларды кестірудің маңызы зор [3, 4, 5].

Қошқарларды перкутандық әдіспен кестірудің жасын жоспарлы түрде тағайындау үшін морфометриялық қатынаста сыртқы жыныс органдарының анатомиялық мәліметтерін білу негіз болып табылады, сонымен бірге, ауыл шаруашылық жануарларының анатомиясы және морфологиясы жөнінде оқу әдебиеттерде, ғылыми монографияларда жасына қарай қошқарлардың ұмасының анатомиялық мәліметтері өте аз келтірілген.

Соңғы жылдары, біздің облыстың асыл тұқымды шаруашылықтар зоотехниктері бекіткен жоспарға сай қошқарларды перкутандық әдіспен кестіру мерзімі тамыз айының соңғы кезеңіне тағайындалған, яғни, 3-4 ай жасында, бонитировка өткізіліп, қозыларды аналарынан айырғаннан кейін. Ақжайық етті жүнді қой тұқымын өсіретін бүкіл асыл тұқымды шаруашылықтар жоспарға сай қойлардың қолдан ұрықтандыруын қараша айында жүргізеді. Осыған байланысты мамыр айында дүниеге келген қошқарлар тамыз айының соңында жайылымдардың нашарлауы және дұрыс суарылмауы әсерінен дамуы жағынан қалып қояды. Осы кезеңде кестірілген қошқарлардың 30 пайызының ендерінің толық дамымауы әсерінен енбаулар қысқаштармен толық қысылмай қалады. Сондықтан да, көбіне енбаулардың дұрыс бекемделмеуі әсерінен кейде бір, кейде екі ен қайтадан қалпына келеді [6].

Осыған байланысты, біздің алдымызда ақжайық етті жүнді қой тұқымы қошқарларының ұмалар анатомиясының кейбір морфологиялық мәліметтеріне сүйене отырып, Бурдиццо қысқашына кестірудің оптималды жасын анықтау мақсаты қойылды.

Ұманың морфометриясы жөніндегі мәліметтерді зерттеу материалы ретінде кестіруге тағайындалған үш, төрт, бес және алты жастағы ақжайық тұқымының қошқарлары алынды. Ұма және оның құрамының анатомиялық зерттеуі 2008-10 жылдары Жұкпалы емес аурулар кафедрасы және Батыс Қазақстан облысы, Тасқала ауданы, ЖШС «Ізденіс» асыл тұқымды қой шаруашылығында өткізілді. Жануарлар ұмасын өлшеуді циркуль, темір миллиметрлік сызғыш және штангенциркуль көмегімен, жануардын тұрған және жатқан қалпында өткіздік.

Тәжірибе үшін 3-5 жастағы ақжайық етті жүнді қой тұқымының 40 қошқары зерттеуге алынды.

Ұманын ені өлшемдерін шап сақинасы деңгейінде, енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде, енбаудың қан тамырлы конусының төменгі шеті деңгейінде және ұманың орталық деңгейінде жүргіздік.

Ұма енінің морфологиялық көрсеткіштерінің талдауы 1-ші кестеде берілген. Аталған кестеге қарасақ, мәліметтердің ең үлкен аралық шамасына 3-4 айлық қошқарлар ие: шап сақинасы аймағында 1,5-2,6 см және 2,3-3,1 см; енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде 1,6-2,5 см және 2,0-2,8 см; енбаудың қан тамырлы конусының төменгі шеті деңгейінде 2,0-3,3 см және 2,7-3,8 см және ұманың ортаңғы деңгейінде 4,2-5,1 см және 4,5-5,7 см.

1-Кесте – Әртүрлі жастағы қошқарларды кестіру алдындағы ұма енінің статистикалық өлшем көрсеткіштері (см)

Ұманың ені	n	Lim	$\bar{x} \pm \bar{Sx}$	σ	Cv
Ұманың шап сақинасы деңгейі:					
3 айдағы	10	1,5-2,6	2,04 ± 0,01	0,11	5,3
4 айдағы	10	2,3-3,1	2,55 ± 0,10	0,08	3,13
5 айдағы	10	2,9-3,5	3,25 ± 0,24	0,06	1,84
6 айдағы	10	3,6-4,0	3,95 ± 0,07	0,05	1,26
Енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде					
3 айдағы	10	1,6-2,5	2,13 ± 0,02	0,01	4,62
4 айдағы	10	2,0-2,8	2,58 ± 0,01	0,08	3,10
5 айдағы	10	2,7-3,2	2,92 ± 0,12	0,05	1,71
6 айдағы	10	3,5-3,9	3,73 ± 0,04	0,04	1,07
Енбаудың қан тамырлы конусының төменгі шеті деңгейінде					
3 айдағы	10	2,0-3,3	2,67 ± 0,12	0,13	4,86
4 айдағы	10	2,7-3,8	3,51 ± 0,20	0,11	3,13
5 айдағы	10	3,8-4,4	4,12 ± 0,02	0,03	0,77
6 айдағы	10	4,6-5,1	4,87 ± 0,03	0,05	1,02
Ұманың ортаңғы деңгейінде:					
3 айдағы	10	4,2-5,1	4,46 ± 0,04	0,09	2,01
4 айдағы	10	4,5-5,7	4,86 ± 0,10	0,12	2,46
5 айдағы	10	6,5-6,9	6,77 ± 0,03	0,04	0,59
6 айдағы	10	7,4-7,7	7,55 ± 0,03	0,03	0,39

Сәйкесінше, Cv вариация коэффициенті қалған келесі топтарға қарағанда, алғашқы екі топта төмендегіге тең болды: шап сақинасы деңгейінде 5,3 және 3,13; енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде 4,62 және 3,10; енбаудың қан тамырды конусының төменгі шеті деңгейінде 4,86 және 3,13; ұманың ортаңғы деңгейінде 2,01 және 2,46.

Қошқарларды қысқаш арқылы перкутандық әдіспен кестіруді жүргізу үшін ұма енбаумен бірге өте жақсы анатомиялық түрде дамуы керек, әсіресе, енбаудың қан тамырлы конусы аймағында. Негізінен, бұл қысқаштар браншеялары салынатын орын және осы жерге салуды көптеген авторлар ұсынған. Бұл аймақтың анатомиялық дамуының жақсы көрсеткіштеріне орташа есеппен 5-6 жастағы қошқарлар ие болады: енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде 2,92 ± 0,12 см және 3,73 ± 0,04 см және енбаудың қан тамырлы конусының төменгі шеті деңгейінде 4,12 ± 0,02 см және 4,87 ± 0,03 см. Алғашқы екі топта бұл өлшемдер сәйкесінше келесіге тең болды: енбаудың қан тамырлы конусының жоғарғы шеті деңгейінде 2,13 ± 0,02 мм және 2,58 ± 0,01 см; енбаудың қан тамырлы конусының төменгі шеті деңгейінде 2,67 ± 0,12 см және 3,51 ± 0,20 см.

2-ші кестеге назар аударып, ұма биіктігінің морфологиялық көрсеткіштерін салыстырмалы қарайтын болсақ, лимиттің үлкен аралық шамасына 3-4 ай қошқарлары ие болған: тігіс бойымен шап

сақинасы ортасынан ұма ортасына дейін 4,5-7,6 см және 6,3-10,1 см; сол жақ ен биіктігінің ортасы 4,7-7,9 см және 6,6-10,6 см; оң жақ ен биіктігінің ортасы 4,9-8,5 см және 7,2-11,3 см; ұманың төменгі бөлігінің ортасынан еденге дейін ара қашықтығы 30,2-35,1 см және 29,5-33,7 см тең.

2-Кесте – Өртүрлі жастағы қошқарларды кестіру алдындағы ұма биіктігінің статистикалық өлшем көрсеткіштері (см)

Ұма биіктігі	n	Lim	$\bar{x} \pm S\bar{x}$	σ	Cv
Тігіс бойымен шап сақинасы ортасынан ұма ортасына дейін :					
3 айдағы	10	4,5-7,6	6,94 ± 0,03	0,31	4,46
4 айдағы	10	6,3-10,1	8,18 ± 0,10	0,38	4,64
5 айдағы	10	14,9-15,5	15,25 ± 0,24	0,06	0,39
6 айдағы	10	16,7-17,1	16,85 ± 0,07	0,04	0,23
Сол жақ ен биіктігінің ортасы:					
3 айдағы	10	4,7-7,9	7,33 ± 0,02	0,32	4,36
4 айдағы	10	6,6-10,6	8,38 ± 0,11	0,40	4,77
5 айдағы	10	15,7-16,2	15,95 ± 0,15	0,05	0,31
6 айдағы	10	16,9-17,7	17,43 ± 0,24	0,08	0,45
Оң жақ ен биіктігінің ортасы:					
3 айдағы	10	4,9-8,5	8,53 ± 0,01	0,36	4,22
4 айдағы	10	7,2-11,3	9,64 ± 0,04	0,41	4,25
5 айдағы	10	16,9-17,5	17,25 ± 0,17	0,06	0,34
6 айдағы	10	18,1-18,7	18,54 ± 0,14	0,06	0,32
Ұманың төменгі бөлігінің ортасынан еденге дейін:					
3 айдағы	10	30,2-35,1	31,48 ± 0,07	0,49	1,55
4 айдағы	10	29,5-33,7	31,56 ± 0,15	0,42	1,28
5 айдағы	10	24,8-25,3	24,98 ± 0,12	0,05	0,20
6 айдағы	10	22,4-23,2	22,66 ± 0,03	0,09	0,20

Биіктік және еннің енбау аймағында төмен түсіп тұру деңгейі қошқарларды перкутандық әдіспен кестіруде маңызы бар. Төмен түсіп тұру деңгейі жоғары болған сайын бұл манипуляцияның техникалық түрде дұрыс орындалуы шамасы да жоғары болады.

Ұманың төменге түсіп тұру деңгейі қажетті түрде жоғары болуы орташа есеппен ақжайық етті жүнді тұқымының 5-6 ай жасындағы қошқарларда байқалады: тігіс бойымен шап сақинасы ортасынан ұма ортасына дейін 15,25 ± 0,24 см және 16,85 ± 0,07 см; сол жақ еннің биіктігінің ортасы 15,95 ± 0,15 см және 17,43 ± 0,24 см; оң жақ еннің биіктігінің ортасы 17,25 ± 0,17 см және 18,54 ± 0,14 см; ұманың төменгі бөлігінің ортасынан еденге дейін 24,98 ± 0,12 см және 22,66 ± 0,03 см.

Жоғарыда берілген көрсеткіштерді талдай отырып, келесі қорытындыға келдік:

1. Бұл зерттеулердің морфометриялық көрсеткіштеріне келсек, тәжірибеде көрсетілгендей 5-6 ай жасында кестіру қолайлы, өйткені күзгі бонитировкадан соң, қошқарларды қысқаштармен кестіруде енбаумен ұманың жақсы дамуы әсерінен кестіру тиімділігі жоғарлайды.

2. Енбау және ұманың дамуы кезінде, ені мен биіктігіндегі үлкен аралық шамасына 3-4 жастағы ақжайық етті жүнді тұқымының қошқарлары ие.

3. Организмнің шаруашылық қажеттілігі бар пісіп жетілуіне дейін спермогенез жойылады және де жануарлар өсуінің стимулдеуші функциялары сақталады, бұл қошқарларды кестірудің рационалды жасына сәйкес.

Осыған орай, ұма және оның құрамы толықтай жақсы дамыған 5-6 ай жасында қысқаштар арқылы тері асты тәсілімен қошқарларды кестіру тиімді болып келеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Траисов, Б. Б. Некоторые показатели продуктивности акжайкской мясо-шерстных овец / Б. Б. Траисов, А. Н. Баяхов, А. К. Бозымова, Х. С. Алиев // Известия Оренбург. гос. аграр. ун-та. – 2004. – № 3. – С. 110-111.

2. Антипова, Н. В. Рост и развитие мясо-шерстного молодняка овец различного происхождения / Н. В. Антипова // Известия Оренбург. гос. аграр. ун-та. – 2004. – № 3. – С. 111-112.

3. Ханин, М. А. Рациональный метод и возрастной срок кастрации баранчиков и бычков / М. А. Ханин, И. А. Тыныбеков // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопр. ветеринарной хирургии. – Харьков. – 1970. – С. 127-129.

4. Мосин, В. В. Результаты внедрения бескровного способа кастрации бычков и баранчиков в ветеринарную практику / В. В. Мосин, А. Н. Корнишин, И. А. Телятников, А. Б. Максин // Мат. всесоюз. межвуз. конф. по вопр. ветеринарной хирургии. – Харьков. – 1970. – С. 126-127.

5. Кереев, А. К. Актуальность кастрации баранчиков акжайкской породы перкутаным методом / А. К. Кереев, А. К. Днекешев // Ғылым және білім. – 2007. – № 4(9). – С. 35-38.

6. Днекешев, А. К. Техника кастрации баранчиков акжайкской породы перкутаным методом на щипцы Burdizzo / А. К. Днекешев, А. К. Кереев // Мат. Междунар. науч-практ. конф. «Экономическое, социальное и культурное развитие Зап. Каз-на: история и современность», посвящ. 180-лет. Оружейной Палаты Бокеевского ханства. – Уральск. – 2008. – С. 417-420.

ӘОЖ: 6166:614:9:616

БЦЖ ВАКЦИНАСЫН ҚОЛДАНҒАННАН КЕЙІНГІ ТЕҢІЗ ШОШҚАЛАРЫНЫҢ АҒЗАСЫНДАҒЫ ВАКЦИНАНЫҢ ИММУНОМОРФОЛОГИЯЛЫҚ УЛЬТРОҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ИММУНОГЕНЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

Л. Ж. Душаева, ветеринарлық медицина магистры, докторант

Ғылыми Жетекші: **Қ. Ж. Кушалиев**, вет. ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада жануар ағзасына енгізілген вакцинаның иммундыморфологиялық, ультроқұрылымдық және иммуногенетикалық тиімділігі анықталды. Аталған өзгерістер БЦЖ вакцинасымен иммунизациялағаннан кейінгі 3, 7, 10, 14, 21 күндерінде анықталды және лимфа түйініндегі лимфоидты-гиперпластикалық және плазма клеткалық реакцияларын, лимфа түйінділеріндегі жұмсақ еттеріндегі жасушалық элементтердің басымдылығы және плазматикалық жасушалар саналды.


В данной статье описаны иммунотоморфологическая, ультроструктурная и иммуногенетическая эффективность при введении вакцины БЦЖ. Приведены данные по изменениям лимфоидно-гиперпластических лимфоузлов, устойчивости клеточных элементов в мягких тканях лимфоузлов, плазменных элементов. Все вышеперечисленные изменения были заметны на 3, 7, 10, 14, 21 день, после иммунизации вакциной БЦЖ.

The immune morphological, ultra structural and immune genetically efficiencies that got by using vaccine BCG are described in this article. Changes mentioned on the bottom and resistance of cells in the lymph node tissue, plasma of element that got after using vaccine BCG are observed in lymph-hyper plastic lymph node on the 3, 7, 10, 14, 21 days of research.

БЦЖ вакцинасымен вакциндалған теңіз шошқаларының ағзаларындағы иммундыморфологиялық, патологиялық өзгерістер вакцина енгізілген оң жақ шап аумағы және сол жақ шап аумағындағы контррегионарлы лимфа түйіндерінде және талақта жиі байқалды. Иммунизациялағаннан 3 күннен кейін инъекция орны ісінген, пальпациялағанда ауырсынады. Жарып сойған кездегі зерттеулерде тері астыңғы клетчатканың геморрагиялық инфильтрациясы және қан тамырларының қанға анық толғанын және ұсақ қанталаулар анықталды. Нейтрофильді гранулоциттердің және лимфоциттердің ыдырауы кездесті, сонымен қатар қабынған ұлпалардың

бойында гемосидеринмен жүктелген макрофагтар кездесті, олардың кейбір жерлеріндегі геморагийлер компактты жиынтық түрінде кездесті. Иммуналған теңіз шошқаларының талақтарының лимфатикалық фолликулаларының анық байқалған герминативті орталықтары бар, олар негізінен бластты жасушалардан құралған. Талақтың лимфоциттері мен лимфобласттарының формалары қалыпты ультроқұрылымда, бірақ олардың ядролары белсенді функционалдығымен ерекшеленеді. Эндоплазмалық тор мен гольджи аппаратының каналдарының гипертрофиясы мен фрагментациясы байқалды. Регионарлы лимфа түйінділеріндегі ұсақ қан тамырлары қабырғаларының мукоидты ісінуі, макрофаг санының ұлғаюы, цитоплазмада пигмент санының ұлғаюы байқалды. 1-суретте көрсетілгендей, вакциндалған теңіз шошқаларының лимфа түйінділерінде қабықты затта эпителиоидты жасушаның ошақты жиналуы, бауырда дәнді және кейбір жерлерінде вакуольды дистрофия байқалды.

Иммунизациялағаннан 7 күн өткен соң вакцина енгізілген жердегі ұлпаларда некротикалық фокусы бар көлемі орташа қабыну белгілері байқалды. Микроскопиялық некроз орындарында ядро хроматиндерінің ыдыраған жасушалардың тығыз жинақталғанын және олардың арасында сақталған нетрофильдердің және лимфоциттердің аз ғана мөлшерін байқаймыз. Некротикалық ошақтың айналасында диападезды қанқұйылу фокустарының жас грануляциянды кеңейген зонаны байқадық. Бүйректе тамырлы клубочектердің капиллярлары бірқалыпты жайылмаған, ал кейбір бүйректік клубочкілер алақандай формада болды. Жүрек бұлшық етінде қан тамырлардың қанға толуын байқадық. Бүйрек үстіңгілерде мүшенің қабықты затының түйінді зонаның жасушаларының гиперплазиясының және капиллярлардың қанға толу әсерінен ұлғайғанын анықтадық.




1-Сурет – Синусоидты кеңістіктің анық түрде ісінуі, БЦЖ вакцинасымен вакциндалған теңіз шошқаларының лимфоидты-гистоцитарлы жасушаларының жиналуы гемотоксиканмен және эозинмен боялған (× 240).

Вакцинациялағаннан 10-14 күннен соң лимфа түйіндеріндегі лимфоидты гиперпластикалық және макрофагальды процесс күшейген [1]. Осы уақыт көлемінде оң жақ шап аумағындағы лимфа түйіндерінде фолликулярды герминативті орталықтары кеңейген, жұмсақ ет ұлпалары гиперплазирленген және плазмочитарлы реттегі жасуша көлемінің ұлғайғанын байқадық. Ұсақ қан тамырларының қабырғалары мукоидты ісінген. Сол жақ шап аумағындағы контррегионалды және бөлектелген лимфа түйіндеріндегі гиперпластикалық пролиферативті процесстер күшейгенімен, өзінің интенсиітілігі бойынша оң жақ шап аумағының регионарлы лимфа түйіндеріне қарағанда төменірек. 2-суреттегідей талақта лимфоидты-гиперпластикалық және макрофагальды процесстің күшейгені байқалады [2]. Фолликулдардың герминативті орталықтарының кеңейгені, периартериальды гильзалардың лимфоидты ұлпаларының гиперплазиясы, қызыл қан пульпасының шектелген мөлшерде диполирленуі, ұсақ қан тамырларының қабырғаларының мукоидты ісінуі байқалды.

Сонымен қоса, БЦЖ вакцинасымен вакциндалған жануарлардың лимфа түйіндерінде макрофагтар санының, пигменттердің ұлғаюы және қан тамырларының мукоидты және

фибринозды ісінуі және олардың қабырғаларының фибринозды некрозы байқалды [3]. БЦЖ вакцинасымен иммундалған теңіз шошқаларының кейбір синустарында лимфостаз және нәзік фибрин торшаларының ішке қарай томпаюы, жас дәнекер ұлпалардың өсуі қабықты затта эпителийоидты жасушалардың жиналуы байқалды.




2-Сурет – БЦЖ вакцинасымен вакциналған теңіз шошқаларының талақтарының герминативті орталықтарының түзілуі. Гематоксилинмен және эозинмен боялған (× 200).

Лимфоидты-гиперпластикалық және макрофагальды процесстерді басқа да бөлектелген лимфа түйіндерінен байқадық, плазма жасуша реакциясының интенсивтілігі әлсіз білінеді.

Вакцинаны енгізгеннен 21 күннен соңғы лимфа түйініндегі лимфоидты-гиперпластикалық және плазма клеткалық реакция, тәжірибенің 14-ші күнімен сай болды. Аралығындағы ерекшелік, лимфа түйінділеріндегі жұмсақ еттеріндегі жасушалық элементтердің басымдылығы плазматикалық жасушалар саналды. Теңіз шошқаларының талақтарында зерттеудің осы күн мерзімдерінде лимфоидты-гиперпластикалық және плазможасушалық реакциялар анықталды, олар вакцина енгізілгеннен 14-ші күннен соңғы өзгерістермен ұқсас болды.


3-ші суретке сай бауырдың, бүйректің және миокард тамырларының қанға толуы, паренхиматозды жасушалардың дәнді дистрофиясы және моноклеарлы жасушалардың интерстиционалды ұлпада ошақты түрде жиналуы вакциналғанның 21-күнінен соң анықталады [4]. Осыған қарамастан, иммундалған теңіз шошқаларының оқ жақ шап аумағының лимфа түйіндерінің қабырғаларында фибриноидты некрозбен микроциркуляция байқалды және гемосидеринмен өндірілген макрофагтар анықталды, сонымен қатар қабықты затта жас дәнекер ұлпаның өсіндісін анықтадық.



3-Сурет – Бүгілген каналдардың эпителийының ақуыздық дистрофиясы. БЦЖ вакцинасымен иммундалған жануар бүйрегінің тамырлы клубочектерінің эндотелийінің пролиферациясы гемотоксикенмен және эозинмен боялған (×200).

Вакцинаны енгізгеннен 28 күн өткен соң ағзадағы лимфа түйіндеріндегі иммундыморфологиялық өзгерістер анық байқалған түрде сақталды. Оң жақ шап аумағындағы лимфа түйіндеріндегі (герменативті) фолликулдардың герменативті орталықтар кеңейген, перифолликулярлы зонасында жасушалық элементтер жетімсіз, жұмсақ еттері гиперплазирленген, ал миы синустары кеңейген. Миы синустарда эритроциттердің, лейкоциттердің және макрофагтардың жиналғаны анықталды. Плазмациттер арасында ересек формалар басым. Талақта герминотивті орталығы кеңейген фолликулдар саны ұлғайған. Артериал, венул, капилляр қабырғаларында мукоидты ісінулер көбірек кездесу үстінде. Қабықты заттың жұмсақ етінен түйін қақпаларына дейінгі және талақтың қызыл ұлпасында ересек формалы плазмациттердің жиналуы анықталды [4]. БЦЖ вакцина енгізілген жердегі бұлшық еттерде бұл мерзімде анық морфологиялық өзгерістер байқалмады. Паренхиматозды мүшелерде , тек қана паренхиматозды жасушалардың дөңді дистрофиясы анықталды [3].

4-ші суретте көрсетілгендей жануардың өкпесінің қан тамырлары қанға толған, альвеолааралық жақтау лимфоидты-гистоцитарлы жасушалардың арқасында инфильтрацияланған, сонымен қатар лимфоидты жасушалардың перибронхиалды және перивоскулярлы ұлпаларда жинақталған және лимфоидты фолликулдар формаланған.



4-Сурет – Лимфоидты-гистоцитарлы жасушаның перибронхиальды ошақты жинақталуы және өкпе жақтауларының қалыңдауы гемотоксикенмен, эозинмен боялған (×100).

Осымен қоса, БЦЖ вакцинасымен вакциндалған зертханалық жануарлардың лимфа түйіндерінде алдыңғы кезеңдегі өзгерістерді байқадық. Контррегиональды және бөлектелген лимфа түйіндерінде иммунморфологиялық реакциялар регионарлыққа қарағанда төмен. Жатырда эпителий некрозын және бұл учаскелерде мононуклеарлы жасушаларының жиналуы байқалады.

Туберкулезге қарсы БЦЖ вакцинасы теңіз шошқаларының ағзасында бір типті иммунды морфологиялық реакциялар тудырады, бұл реакциялар егілетін препараттардың реактогендік деңгейімен және қалған вируленттілігіне байланысты ауытқиды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Данилов, Е. П. Болезни пушных зверей / Е. П. Данилов – М. : Колос – 1984. – 156 с.
2. Сулимов, А. А. Тезисы докладов Всесоюзной науч. конференции «Разработано, апробация и контроль ветеринарных препаратов» / А. А. Сулимов – М. : Колос. – 1981. – 54 с.
3. Слугин, В. С. Ветеринарно-санитарная экспертиза кормов для зверей / В. С. Слугин. – М. : Агропомиздат. – 1986 – 152 с.

4. Байматов, В. Н. Болезни нарушения обмена веществ в современном животноводстве Сельское хозяйство за рубежом / В. Н. Байматов, И. Д. Шпильман – 1980. – №8 – С 25.

5. Сайдуллин, Т. Индеттану / Т. Сайдуллин // Алматы.: Ы. Алтынсарин атд. Қазақтың Білім Академиясының Республикалық Баспа кабинеті. – 1995. – 257-259 б.

БЦЖ ВАКЦИНАСЫН ҚОЛДАНҒАННАН КЕЙІНГІ ҰСАҚ ІРІ ҚАРА МАЛДАРЫНЫҢ АҒЗАСЫНДАҒЫ ВАКЦИНАНЫҢ ИММУНДЫ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ, УЛЬТРОҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ИММУННОГЕНЕТИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІН АНЫҚТАУ

Л. Ж. Душаева, вет. медицина магистры, докторант
Қ. Ж. Кушалиев, вет. ғылымдарының докторы, профессор

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада жануар туберкулезын болдырмау мақсатында туберкулезге қарсы қолданатын БЦЖ вакцинасының кезекті қолданысы жөнінде сөз қозғалады. Теориялық зерттеулердің нәтижелерін клиникалық тәжірибеде қолдану өте тиімді болып саналады. Қандағы иммунды морфологиялық, ультроқұрылымдық және иммундыгенетикалық өзгерістер препараттың тиімділігін көрсетеді.

В целях профилактики туберкулеза предлагается последовательное применение на телятах противотуберкулезной вакцины БЦЖ. Результаты теоритических исследований можно внедрять в клинической практике. Эффективность препарата можно определить по иммуноморфологическим, ультроструктурным и иммуногенетическим изменениям в крови.


With the purposes of tuberculosis barring, the consecutive application on calves of antitubercular vaccine BCG is offered. The results of research can be used clinical. Immune morphological, ultra structural and immune genetically changes in blood shows the efficiency of the vaccine.

БЦЖ вакцинасымен еккеннен 3-7 күннен кейін бұзау ағзасында және ұлпаларында байқалған өзгерістерге иммуннофлуоресцентті зерттеулер жүргізгеннен кейін мононуклеарлы жасушалардың фагоциттердің жасуша жүйесімен фагоциттенуін анықтадық. Препаратты енгізген жерде, сонымен қатар региональды лимфа түйіндерінде және контррегиональды лимфа түйіндерінде бос корпускулярлы лимфа түйіндерін анықтадық [1]. Макрофагтағы қоздырғыштардың құрылымы корпускулярлы емес және цитоплазма фагоциттерінің диффузды сәулеленуін анықтадық. Бұндай сәулеленулер регионарлы лимфа түйіндерінің эпителиоидты ұлпаларында анықталды. (эпителиоидты жасушалардан басқа) Туберкулезды антигеннің спецификалық сәулеленуі негізінен регионарлы лимфа түйіндерінің эпителиоидты жасушаларында кездесті. Бұндай жасушалардың иммунофлуоросценциясы тегіс диффузда сипатта болды, тек кейбір жерлерде ғана цитоплазманың перифериясының жарқырауы байқалды. Эпителиоидты жасушалардан басқа, жауырын алдыңғы, жақ астыңғы лимфа түйіндерінде осындай сәулеленулер байқалды.


Ескеретін жәйт, зерттеудің 15-ші күнінен бастап және зерттеудің соңғы күндерінде (29) бірде-бір мүшелерден бос корпускулярлар кездеспеді. Тәжірибенің 21-ші күнінен туберкулезды антигенге оң флуоросцентті реакцияны эндотелиоидты жасушаның, регионарлы лимфа түйіндерінің, контррегионарлы лимфа түйіндерінің, талақтың бөлектенген артериолдарының, венулдарының, капиллярларының, дәнекер ұлпаларында, тегіс бұлшық етте, сонымен қатар бүйректің қан тамырлы клубочектерінің капилляр мембраналарында да анықталды, олардың иммунофлуоросценциясы негізінен тегіс диффузды сипатта болды, тек кейбір жағдайда бүйрек клубочиктерінің капилляр мембраналарында ғана гранулярлы-макташық сипатта болды [2].

Туберкулез қоздырғышы бұзаудың түрлі мүшелеріне орналасып, мононуклеарлы фагоцит жүйесімен фагоциттенеді. Бұл арқылы туберкулезге қарсы мықты иммунитет қалыптасады. Төменде көрсетілген нәтижелер иммундалған жануарлардың мүшелер мен ұлпаларында туберкулез агенттерін табу. Полимеразды тізбекті реакция көмегімен индикациялау – бұл

жоғары спецификалық және сезімтал әдіс болып саналады және түрлі патологиялық материалдан туберкулез геномдарын стерильді емес жағдайда анықтау болып табылады. Полимеразды тізбекті реакцияда зерттеу жүргізудің материалы болып тәжірибемізге алған бұзау ағзасының және ұлпасының бөліктері (вакцина енгізген жердегі оң жақ регионалды лимфа түйіндері, сонымен қоса антиген вакцинацияланған ұлпа және талақ бөлшегі) негізінен БЦЖ препаратын енгізгеннен 1, 2, 3 және 4 апта өткеннен кейінгі. Полимеразды тізбекті реакция көмегімен жүргізілген зерттеулерден алынған нәтижелер көрсеткіштері 3-ші суретте көрсетілген, бұл нәтижелер (вакцинацияланғаннан) препарат еккен жерден туберкулез микобактерияларының ДНК-сын анықтадық, туберкулез микобактерияларының ДНК-ры оң жақ шап аумағындағы регионарлы лимфа түйіндерінде де анықталды. БЦЖ вакцинасын инокуляциялағаннан 1 аптадан кейін вакцина микобактерияларын вакцина енгізген жерден, талақтан, регионарлы лимфа түйіндерінен және контррегионалды лимфа түйіндерінен, жауырын алдыңғы, құлақ маңы, жақ астыңғы лимфа түйіндерінен анықтадық. Вакцинациялағаннан 2, 3 және 4 аптадан соң барлық зерттелген лимфоидты мүшелерден туберкулез вакцинасын микобактериясының ДНК-сын анықталық (1-ші сурет).



1-Сурет – БЦЖ вакцинасының гипервариабельді учаскелерінің үйлесімділігінің көрінісі



2-Сурет – БЦЖ вакцинасымен инокуляцияланғаннан 3 айдан кейінгі полимеразды тізбекті реакция көмегімен вакцина микобактериясын индикациялау нәтижелері. Жақ астыңғы лимфа түйіні

Ересек лимфоциттердің ыдырауы олар лимфоидты ұлпада белгілі ір аймақ түрінде анықталады. Сонымен қатар синустардың лимфостазы байқалады. Өзге жануар топтарынан бір ерекшелігі трабекул жол бойынша жас грануляциялық ұлпаның өсуі жүреді, кейде олар барлық синус аймағын толтырады [3].

Трабекулдардың периваскулярлы ұлпасы (2-сурет) тамырларында деструкция көрінеді. Бауырда мүше тамырларында әлсіз толықандылығы анықталды. Гепатоциттер дәнді дистрофиямен білінеді. Жұлдызшалы ретикуло -эндотелиоциттердің әлсіз пролиферациясы жүреді. Мүше паренхимасында және бөлім аралық байланыстырғыш ұлпада лимфоидты –

гистоцитарлы жасушаның ошақты жиналуы кездесті. Кейбір жерлерде олардың көлемі айтарлықтай өсті. Бауыр жасушаларының арасында гиперхромды және диплоиты ядросы баргепатоциттер саны айтарлықтай ұлғайды.

БЦЖ вакцинасымен тубазидті қоса қолданған кездегі патоморфологиялық өзгерістер біртепті болып келеді [4].

Бұдан басқа лимфостаздың орталық синусындағы ұсақ капиллярлар қабырғасының өткізгіштігінің жоғарылауы байқалады.

Синустардың кеңеюі, фолликулаларда сақталған клеткалық элементтердің айқын білінетін тілінген күйі, сонымен қатар ошақты эозинофилия кей жерлерде барлық зерттелген лимфа түйіндерінде орын алған. Бұдан басқа ересек лимфоциттердің қою хроматинді-ядроларды жинаған түрдегі түзілістің ыдырауы жоғарлағаны бақыланды.

Жеке фолликуланың герминтативті орталықпен қабыршақты затының лимфоидты ұлпасы біркелкі гиперплаздалған, синустар кеңейген. Бұдан басқа лимфоидты ұлпаларда ошақты геморагия, эозинфильдің жинақталуы, артиол, венул және капиллярлардың қабырғалары мукоидты бөртпелер кездесті.

Бауырда, бүйректе, миокардта және бүйректінде тәжірибелік бұзауларда түтікшелердің қанды, паренхиматозды элементтердің дәнді дистрофияға және лимфоидты-гистиоцитті жасушалардың ошақты пролифирациясы табылды. Өкпеде құрылымдар сақталған, кейбір жерлерде капиллярлардың толық қандылығы мен лимфоидты-гистиоцитарлы клеткалармен инфильтрация есебінен альвеолярлы перделердің жуандауы байқалады. Бауыр жасушаларының дәнді дистрофия көрінісі, жұлдызды ретикуло-эндотелиоциттердің біркелкі пролифирациясы және мүше тамырларында біркелкі қанқұйылулар белгіленді [4]. Мүшелердің бөлек кескіндерінде гепатоциттердің цитоплазмаларында май тамшылары табылды.

Герминтативті орталықтардың регионды (жакасты, құлақманы, жұтқыншақ) лимфатүйіндерінің жасуша элементтері біршама сиректеу және оларда бластты клеткалармен қатар белгілі бір лимфоциттер саны бар. Кейбір фолликулалардың айналасында перифолликулярлы аймақтарында кішкентай және орташа лимфоциттердің қою жинақталуы кездеседі.

Қабыршақты заттың лимфоидты ұлпасы біркелкі гиперплаздалған, етсіз жұмсақ баулары қалыңдаған және көптеген плазмоциттермен инфильтрленген. Милы синустарда макрофагтардың белгілі бір мөлшері кездеседі, сонымен қатар кіші және орташа лимфоциттер. Артериол венул және капиллярлардың қабырғаларынан мукоидты бөртпелер көрінеді. Периваскулярлы ұлпасы ошақты және талшықтанған.

Жануарларда лимфоидты-гиперпластикалық реакция айқынырақ білінеді, ал иммунопатологиялық процесстер капиллярлардың өткізгіштігі жоғарылауы түрінде, трабекула ұлпа элементтерінің деструктивті өзгерістері анығырақ байқалады. Кейбір лимфотүйіндердің фолликулаларында лимфоциттер мен және жеке бластты жасушалар тайрықша білінеді, қабыршақты заттың лимфоидты ұлпасы біркелкі гиперплаздалған, жұмсақ етті баулары Көптеген плазмоциттердің үлкен санымен әсіресе, олардың ересек түрлерімен инфильтрленген. Қарапайым орталық синустарда аздаған лимфоциттермен және бірдей бласттардың біртекті базафильді массасы табылды, сонымен бірге фибрионның нәзік торшаларын құрайтын синустардың кеңеюі кездеседі. Түйін қақпашалапына жақын лимфоциттердің белгілі бір аймағында ыдырауының жоғарлағаны табылды.

Қабыршақты сияқты лимфоидты ұлпаларда және милы затында үлкен құрамды эозинфильдің белгілі көлемінің аумағы табылды, периваскулярлы ұлпа ошақты ісінген, лимфоидты – гистиоцитарлы элементтермен және эозинфильмен сирек инфильтрленген.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сулимов, А. А. Тезисы докладов Всесоюзной науч. Конференции «Разработано, апробация и контроль ветеринарных препаратов» / А. А. Сулимов. – М. 1981. – 54 с.
2. Сайдуллин, Т. Н. Индеттану / Т. Сайдуллин // Алматы.: Ы. Алтынсарин атд. Қазақтың Білім Академиясының Республикалық Баспа кабинеті. – 1995. – 257-259 с.
3. Байматов, В. Н. Болезни нарушения обмена веществ в современном животноводстве / В. Н. Байматов, И. Д. Шпильман. // Сельское хозяйство за рубежом. – 1980. – №8. – С. 25.

4. Слугин, В. С. Ветеринарно-санитарная экспертиза кормов для зверей / В. С. Слугин. – М : Агропомиздат. – 1986. – 152 с.

**АҚЖАЙЫҚ ЕТТІ ЖҮНДІ ТҰҚЫМЫНЫҢ 5-6 АЙ ЖАСЫНДАҒЫ
ҚОШҚАРЛАРЫН ӨРТҮРЛІ ТӘСІЛДЕРМЕН КЕСТІРУДІҢ КЛИНИКАЛЫҚ
КӨРІНІСІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒА БЕРУ**

А. К. Кереев, магистр, **А. К. Днекешев**, вет. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық техникалық университеті

Мақалада 5-6 ай жасындағы ақжайық етті жүнді қой тұқымының қошқарларын әртүрлі тәсілдермен кестірудің клиникалық көрінісіне салыстырмалы баға берілген, бұл көріністі асыл тұқымды қой шаруашылықтарында бонитировкадан соң жоспарлы кестіруді өткізу кезінде ескеру керек.

В статье приводится сравнительная оценка клинической картины кастрации разными способами баранчиков акжайикской мясо-шерстной породы в 5-6 месячном возрасте, которую необходимо учитывать при проведении плановых кастраций после бонитировки в племенных овцеводческих хозяйствах.

Comparative estimation of clinical situation of castration by different kinds of akzhaik meat-wool breed rams at 5-6 years age, which it is necessary to consider at carrying out of plan castration after measuring in sheep breeding farms is given in the article.

Жануарларды кестіру қой шаруашылығында мал шаруашылық өнімдерінің сапасын жақсарту және өнімділікті жоғарлату тәсілдерінің біріне жатады.

Бізге белгілі, жыныс бездері екі қызмет атқарады: сыртқа және ішке секрет бөлу. Ішкі секрецияның қызметі жоғары белсенді заттар – гормондарды бөлуге негізделген. Олар организмдегі зат алмасу процесстеріне қатысады. Өздерінің қызметі арқылы жануардың қалыпты өсуі және дамуына септігін тигізеді [1, 2].

Кестіруден кейін андрогенді гормондар балансының бұзылуы жануардың өсуі мен даму интенсивтілігінің өзгерісіне алып келеді. М. М. Заводовскийдің айтуы бойынша, орхидектомия кеш орындалған жағдайда жануар организміндегі өзгерістер деңгейі аз мөлшер дәрежесінде байқалады. Осының бәрі жыныс бездерінің эндокриндік қызметінің сақталу жағдайына қарай, өте ірі тұлғалы жануардың қалыптасуына ықпал жасауымен түсіндіріледі.

Жыныс бездерін толық алып тастайтын жағдайда негізгі зат алмасу деңгейі 15-25 пайызға азаятыны, түтікті сүйектерінің өсуінің күшею, қаңқаның диспропорциональдығы, өсу жылдамдығының төмендеуі, біріншілік және екіншілік жыныс белгілерінің толық дамымауы болатыны зерттеулер арқылы дәлелденген [3, 4, 5].

Қазіргі кезге дейін кестіру әдістерінің дамуы негізінен кестірудің қанды әдістерін жетілдіру, яғни жыныс бездерін хирургиялық жолмен алып тастау бағытында жүрді. Бұл әдістерді қолдану барысында әртүрлі кестіруден кейінгі асқынулар байқалды, негізінен, олар жиі өтеді және жануарларды өте ересек жасындағы орхидектомиясы кезінде өте ауыр түрінде жүруімен сипатталады. Осыған байланысты, көптеген ғалымдар аталықтарды кестіруді ерте жас кезінде жүргізуді ұсынады.

Бірақ та, күнделікті бақылаулар, көп жылдық тәжірибе, жыныс гормондары ролінің айқындалуы ерте жас кезінде кестірудің келеңсіз жағдайларға әкелетініне сөз келтіреді, ерте жас кезінде кестіру өсуінің жасанды тоқтауына және салмақ қосудың бірлігіне кететін азық шығынының жоғарлауына әкеледі.

Жоғарыда айтылған кестіруден кейінгі асқынулар және 5-6 ай жасында қошқарларды кестіру өзектілігіне орай, біз Батыс Қазақстан облысындағы «Ізденіс» асыл тұқымды шаруашылығында бәріне белгілі және Италияда шығарылып, шетелде өте кен ұсынысқа ие

Burdizzo кестіргіш қысқаштарының екі модификациясын – кіші және үлкенін апробациядан өткіздік (1-сурет).

Экспериментальды зерттеудегі біздің мақсатымыз 5-6 ай жасындағы ақжайық қошқарларын кестіріп, бұл операцияға операциядан кейінгі салыстырмалы клиникалық баға беру.



1-Сурет – Burdizzo қысқашының комплектілер жиынтығы

1. Burdizzo кіші қысқашы. 2. Burdizzo орташа қысқашы.

3. Burdizzo үлкен қысқашы

Тәжірибе жүргізудің материалы ретінде 5-6 ай жасындағы бонитировкадан соң қалдырылған ақжайық тұқымының 400 бас қошқары алынды. Олар салмағын өлшегеннен соң аналогтар принципі бойынша төрт топқа бөлінді, әр топта 100 бас жануардан болды. Бірінші топтың қошқарлары ендердің толық алынуымен жүретін қанды әдіспен («Занд қысқашымен» ұманы ампутациялаумен бірге) кестірілді; екінші топ қошқарларын кестіруді қанды әдіс «Лигатура салу» жүргіздік; үшінші топты – кіші көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы; төртінші топты орташа көлемді Burdizzo қысқашымен тері асты әдісі арқылы кестірдік. Барлық топтағы қошқарларды кестіруді тамыз айының екінші жартысында қой жайлауда болған кезінде өткіздік. Тәжірибе 5 айға созылды.

«Занд қысқашымен» ұманы ампутациялау арқылы өтетін қошқарларды кестіру әдісін М. А. Ханін ұсыныстары бойынша жасадық. Хирургиялық аспаптарды (скальпель, қайшы, Занд қысқашы), операциялық алаң, хирург қолын хирургияда жалпы белгілі ережелерге сүйеніп өңдедік. Санитар (немесе шопан) шап аумағына оперативтік енуді қамтамасыз ету үшін қошқардың басын төмен қаратып, артқы аяғынан ұстап, бекітіп тұрады. Кестіруші сол қолының үлкен, сұқ және ортаңғы саусақтарымен қошқар ұмасының түбінен ұстайды және біркелкі тартады, басқа қолымен скальпель көмегімен оны ампутациялайды. Кейін қолын ашық ұлпаларға тигізбей, бір қолмен ұстап, ендерді ұманың қалып қойған тұқылынан ығыстырады және максимальды түрде енбауды тартады.

Бұл сәтте басқа қолымен тағыда кестірілген жараға қолын тигізбей, жануардың шап аумағындағы ұма тұқылынан ығыстырады. Шап каналдарынан шыққан екі енбауларға (қан тамырлы конустан жоғары) оператор көмекшісі Занд қысқашын салады және оны соңғы және соңғысының алдындағы креморьяға жабады. Бұдан соң аспап браншеясы маңынан енбаулар

стерильді қайшымен кесіледі және ендері алынады. Операция соңында Занд қысқашының браншеясын бірте-бірте ашып, қысқашты алып тастап, жануарды босатамыз.

1-Кесте – Өртүрлі тәсілдермен 5-6 ай жасындағы қошқарларды кестірудің клиникалық көрінісінің салыстырмалы бағалауы

№	Кестіру әдісі	Тәжірибедегі жануарлар саны	Кестіруден кейінгі клиникалық көрінісі		
			Жыныс қызметінің қалпына келуі, бас	Кестіруден кейінгі асқынулар, бас	Амалсыз сойылғандар, бас
1	Занд» қысқашымен қанды әдіс	100	-	6	3
2	«лигатура салу» қанды әдіс	100	-	14	10
3	Кіші көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	100	20	-	-
4	Орташа көлемді «Burdizzo» қысқашымен перкутандық тәсіл	100	-	-	-

Кестіруден кейінгі кезеңде, 14 күн шамасында барлық 4 топтағы кестірілген қошқарларды батпақты жерге және суармалы шабындықтарға жақындатпай, ең жақсы өрістерді жайдық. Түнгі тұрақтар үшін аласа шөптермен қапталған, жаңа жас шөбі бар жерлерді таңдадық. Кестіруден кейін 21 күннен соң қошқарлар қышымаға қарсы купкаға түсті.

2 ай клиникалық бақылау жүргіздік, бақылау барысында үшінші және төртінші топтарда асқыну анықталмады. Кестіруден кейінгі ең аз асқыну саны «Занд қысқашымен» ұманы ампутациялау арқылы кестірілген қошқарлар арасында анықталды, 6 бас (6 %). Бұл топта амалсыз 3 бас (3 %) сойылды кесте 1.

Ұма ұлпасы және жалпы қынап қабықшаларының ісінуі жағдайларының ең көп саны «лигатура салу» ашық қанды тәсілмен кестірілген қошқарларда байқалды (14 %). Бұл топта операцияланған жануарлардың жалпы санынан 10 %-нді амалсыз сойылды.

Осыған орай, қанды әдіспен кестірілген қошқарлардың амалсыз сойылуының қалдықтары операцияланған жануарлардың жалпы санының 6,5 % (13 бас) құрады. 2-ші топтағы кестірілген қошқарлардың амалсыз сойылуының себебі анаэробты, сонымен қатар іріңді-шірінді инфекция әсерінен пайда болған сепсис болды. Бұл аурулардың жұғу қауіптілігі кестіруден кейінгі кезеңде, әсіресе күзгі қолайсыз ауа-райы жағдайларында тізімнен шығарылмайды.

Паталого-анатомиялық жарып сою, клиникалық бақылау, жыныс органдарының лимфа және қан айналу жүйелерін зерттеу арқылы, қанды әдіспен жынысыздандыруға байланысты қошқарларда кестіруден кейінгі асқынулардың патогенезі және этиологиясын түсіндіретін келесі ішкі және сыртқы факторлар анықталды. Операциядан соң көптеген жануарлар жиі жата береді, тұрады және ұзақ уақыт бір жерде қозғалмай тұрады немесе артқы аяқтарына сенімсіз тіреліп, өрісте ақырын қозғалып жүреді. Отардан қалып қойған жануарлардың көп саны «лигатура салу» ашық тәсілмен кестірілген 2-ші топта байқалды. Бұл енбауларға лигатура түсіретін қысым әсерінен жануарларда үлкен ауырсынудың көрсеткішінің көрінісі.

Жануарлар жаралары, әсіресе 1 және 2-ші топтағы қошқарларда кейде топыраққа жанасады (нәжіс, несеп және тағы басқа да лас заттар). Сонымен бірге, кестірілген қошқарлар қозғалу барысында жаралары артқы аяқтарының ішкі бетіндегі жүнімен және өрістегі өсімдіктермен ластанып отырды. Бұл кестіруден кейінгі кезеңде топырақтық және іріңді-шірінді инфекцияның енуіне және ерекше ластануына әкеледі.

Предположив, что известна функция отзывчивости конкретной сельскохозяйственной культуры на минеральное удобрение, эффект (тг/га) от внесения удобрений с учетом затрат на внесение, стоимости прибавки урожая и затрат на его транспортирование представляем в виде:

$$\text{Э} = (A - T)[a_0 + a_1D + a_2D^2(1 + 1/10^4 V_{\text{вн}}^2)] - 3_{\text{вн}} - Ц_k, \quad (2)$$

где A – цена единицы продукции, тг/т;

T – затраты на транспортирование единицы продукции, тг/т;

$Z_{\text{вн}}$ – затраты на внесение физической массы удобрений, тг/га;

C_k – стоимость минеральных удобрений, тг/га.

Примем в (2) условие минимальности неравномерности внесения удобрений

$$\varphi(V_{\text{вн}}) = 0. \quad (3)$$

Тогда оптимальные показатели качества внесения удобрений по полю находим в результате максимизации эффекта, для чего определяем условный максимум функции (2), т.е.

$$\max \mathcal{E} \quad \text{при } \varphi(V_{\text{вн}}) = 0. \quad (4)$$

Алгоритм оптимизации показателей качества. Отыскание условного максимума можно свести к исследованию на обычный максимум функции Лагранжа $L = \mathcal{E} + \lambda \varphi$. Необходимые условия экстремума:

$$\varphi(V_{\text{вн}}) = 0; \quad \frac{\partial \mathcal{E}}{\partial V_{\text{вн}}} + \lambda \frac{\partial \varphi}{\partial V_{\text{вн}}} = 0. \quad (5)$$

Найденный в результате решения задачи значение коэффициента вариации внесения удобрений $V_{\text{вн}}^*$ будет оптимальным для данной технологии внесения минеральных удобрений.

Знание $V_{\text{вн}}^*$ позволяет по-новому подойти к задаче контроля и управления качеством технологического процесса внесения удобрений, а также сформулировать требования к перспективным техническим средствам для внесения минеральных удобрений.

Анализ выражения (1) и графиков, представленных на рисунке 2, показывает, что урожайность сельскохозяйственной культуры, а соответственно и эффективность удобрений, зависит как от средней дозы $D(N)$, так и от неравномерности распределения имеющегося в почве соответствующего питательного элемента. По мере увеличения неравномерности происходит трансформация функции отзывчивости: значительно падает максимально возможная урожайность и максимумы графиков смещаются в сторону меньших доз. Поэтому на практике *при определении оптимальных доз внесения удобрений необходимо принимать во внимание и показатель неравномерности распределения их по полю, так как, уменьшая этот показатель за счет более качественного процесса внесения удобрений, можно существенно повысить их окупаемость и экологическую эффективность.*

Если предположить, что отзывчивость возделываемой сельскохозяйственной культуры на находящийся в почве азот в количестве $N_{\text{п}}$ и распределенный с неравномерностью $V_{N_{\text{п}}}$, такая же, как на азотные удобрения, вносимые с минеральными удобрениями, то можно считать, что значение коэффициент a_0 в функции отзывчивости (1) равно урожайности на конкретном участке поля без внесения удобрений и предопределяется наличием доступных для растения азота N_n и других элементов питания:




Рисунок 2 – Зависимость урожайности пшеницы от дозы внесения азота

$$a_0 = a_{нор} + a_1 N_{II} + a_2 N_{II}^2 (1 + V_{N_{II}}^2), \quad (6)$$

где $a_{нор}$ – урожайность, обусловленная наличием в почве элементов питания за исключением азота. Тогда среднюю урожайность на данном поле после внесения минеральных удобрений с дозой $N_{вн}$ и коэффициентом вариации $V_{вн}$ можно представить в виде:

$$\bar{Y} = \bar{a}_{нор} + a_1 (N_{вн} + N_{II}) + a_2 N_{вн}^2 (1 + V_{вн}^2) + a_2 N_{II}^2 (1 + V_{N_{II}}^2) + cov(N_{II}, N_{вн}). \quad (7)$$

Анализ выражения (7) показывает, что исследования по дальнейшему повышению эффективности минеральных удобрений необходимо вести в следующих направлениях:

1. Разработать технологию, функциональные схемы и рабочие органы машин для внесения удобрений с заданным уровнем качества внесения минеральных удобрений на элементарном участке поля, т.е. необходимо обеспечить выполнение условия:

$$V_D \leq V_{Dдоп}, \quad (8)$$

где $V_{Dдоп}$ – допустимое значение коэффициента вариации внесения минерального удобрения на элементарном участке поля.

Значения $V_{N доп}$, $V_{рдоп}$, $V_{кдоп}$ и $V_{Dдоп}$ в каждом конкретном случае находятся в результате оптимизационной задачи.

2. Вносить минеральные удобрения дифференцированно. Выбор доз внесения минеральных удобрений необходимо осуществлять таким образом, чтобы обеспечить на каждом элементарном участке поля максимально-возможную генетически потенциальную урожайность $Y_{ном}$.

3. С целью снижения отрицательного воздействия на эффективность минеральных удобрений внутривидовой пестроты распределения элементов питания, т.е. уменьшения коэффициента вариации $V_{Nн}$, необходимо поле разбивать на ареалы с небольшим диапазоном значений коэффициентов вариации $V_{Nн а доп}$.

Для реализации задач дифференцированного внутривидового внесения минеральных удобрений система должна содержать устройство для определения наличия питательных веществ в почве при движении по полю в режиме реального времени или агрохимическую карту поля с привязкой к глобальным координатам; управляющее устройство, формирующее управляющие и входные воздействия и осуществляющее контроль за качеством выполнения

технологического процесса; средство для внутрипочвенного распределения минерального удобрения в соответствии с агротехническими и экологическими требованиями.

Функционирование в Северном Казахстане биологической и технической систем, управления, внутренних связей и входных воздействий затруднено в связи с отсутствием на существующих машинах для внесения удобрений систем контроля и управления технологическим процессом, математического обеспечения, исполнительных механизмов для автоматического изменения дозы удобрений.

С целью повышения эффективности использования технических средств для внутрипочвенного внесения туков предложены общий алгоритм системы управления процессом внесения минеральных удобрений с возможностью уточнения, дополнения или сокращения за счет добавления или исключения некоторых технологических операций для машин, оборудованных принципиально новыми высевающими системами и алгоритм функционирования системы контроля и управления дозированием.

Для синтеза системы управления внесением минеральных удобрений технологический процесс внутрипочвенного внесения культиваторами-удобрителями согласно рисунку 3 представлен как ряд последовательно протекающих операций:

- движение машины по полю (D_M);
- питание туковывсевающих аппаратов (Π);
- дозирование удобрений (D);
- транспортировка удобрений по тукопроводам к рабочему органу (T);
- внутрипочвенное распределение удобрений (P).

Задающими воздействиями процесса внутрипочвенного внесения минеральных удобрений являются: подача удобрений на туковывсевающий аппарат $U_Q(t)$, требуемая доза внесения удобрений $q_i(t)$ и ширина ленты внесения L_L .




Рисунок 3 – Модель технологического процесса внутрипочвенного внесения удобрений культиватором-удобрителем

На выходные потоки $Q_i(t)$ оказывают влияние возмущающие воздействия $Z_Q(t)$, $Z_H(t)$ и $Z_L(t)$, включающие физико-механические свойства удобрений, неровности поверхности поля, технические и технологические характеристики удобрительной машины.

Удобрения через высевные окна бункера под воздействием силы тяжести и ворошителей подаются на высевающий аппарат, качество дозирования $Q_o(t)$ которых зависит от вида, влажности и физико-механических свойств минеральных удобрений, конструкции дозатора и т. д.

Туконаправители рассматриваются как транспортное звено, создающее направленный поток $q(t)$ на распределяющее устройство рабочих органов для внутрипочвенного внесения туков.

Выходными параметрами являются функции: $q(t)$ – доза внесенных удобрений, $V_i(t)$ – неравномерность высева между аппаратами и неустойчивость высева, $L_L(t)$ – рабочая ширина ленты внесения, $V_L(t)$ – неравномерность распределения удобрений по ширине рассева.

Задачей управления процессом внутрипочвенного внесения минеральных удобрений является изменение дозы внесения удобрений $q(t)$ в зависимости от потребности данного элементарного участка поля в виде и дозах удобрения. Исходя из этого, функциональная схема автоматического управления технологическим процессом представлена как система управления исполнительными механизмами изменения дозы внесения.

Для определения передаточных функции распределения минеральных удобрений внутри почвы рассмотрен процесс подачи (II) удобрений от бункера до заделывающих рабочих органов (рисунок 3) с применением метода линеаризации динамической системы.

Входными воздействиями процесса дозирования в общем случае являются требуемые массовые объемы подачи удобрений, определяемые заданной дозой, площадью высевного окна A_{eo} , угловой скоростью высевающего аппарата ω_k

$$g_{(i)} = F(D, A_{eo}, \omega_k). \quad (9)$$

Выходная величина процесса дозирования – действительная подача удобрений, которая зависит от их физико-механических свойств, конструктивных и технологических параметров дозирующего устройства, площади высевного окна и ряда других случайных воздействий. Тогда масса удобрений в кг за «К» оборотов ходового колеса машины:

$$g_{(i)} = F(D, A_{eo}, \omega_k) = 10^{-4} DK\pi D_{xk} bn, \quad (10)$$

где K – число оборотов ходового колеса; D_{xk} – наружный диаметр ходового колеса, м; b – ширина междурядий, м; n – число высевающих аппаратов.

Для нахождения передаточных функции звеньев технологического процесса, функция (10) разложена в ряд Тейлора и, применяя преобразования Лапласа, получена передаточная функция дозатора при управлении площадью высевного окна:

$$W_D(p) = \frac{x_1(p)}{x_{ex}(p)} = \frac{10^{-4} g_{F(i)} bn}{Tp + 1}. \quad (11)$$

Также определены передаточные функции винтовых ворошителей, датчиков, исполнительных механизмов, туконаправителей в виде тукопроводов и центральных тукораспределителей, конического распределителя сошника с винтовым завихрителем.

Для реализации технологии дифференцированного внутрипочвенного внесения минеральных удобрений обоснована функциональная схема машины, включающей высокоадаптивный дозатор, бортовой компьютер с программным обеспечением, электронную карту дифференцированного внесения удобрений, приемник сигналов DGPS и исполнительный механизм изменения дозы внесения.

Выводы.

1. Средняя урожайность сельскохозяйственной культуры зависит от количества питательных элементов почвы доступных растению, неравномерности их распределения в почве, дозы вносимого удобрения, неравномерности внесения и степени взаимодействия названных случайных величин. С целью повышения урожайности сельскохозяйственной культуры наряду с оптимизацией дозы внесения туков необходимо уменьшать неравномерность распределения их по полю за счет разбивки поля на ареалы с последующим внесением удобрений на каждый из ареалов с дозой необходимой для получения потенциальной урожайности.

2. Предложенные экономико-математические модели технологии дифференцированного внесения минеральных удобрений позволяют разработать теоретические основы технологии дифференцированного применения минеральных удобрений в системе точного земледелия и технических средств для ее осуществления.

3. Пооперационное представление технологического процесса внутрипочвенного дифференцированного внесения минеральных удобрений позволило установить, что основным управляемым фактором должен быть выбран количественный показатель – производительность туковысевающего аппарата.

Настоящая публикация сделана в рамках подпроекта, финансируемого в рамках СКГ (системы конкурсных грантов), поддерживаемого Всемирным Банком и Правительством Республики Казахстан. Заявления автора могут не отражать официальной позиции Всемирного банка и Правительства Республики Казахстан.

АУА АҒЫНЫНЫҢ ҚУАТЫН ЖӘНЕ ЖЫЛДАМДЫҚ БАҒЫТЫН ТАЛДАУ

А. Сейтақов, магистрант, Н. Б. Ербаева, ізденуші, Е. Т. Ербаев, магистр
Н. С. Жексембиева, техн. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада электрмен қамтамасыз етуінде жел қозғалтқыштар арқылы қолданылатын аэродинамика заңдары мен ауа ағынының жұмыс мөлшерінің есебі көрсетілген. Сондай-ақ, математикалық дәлдікпен сипатталған Карно логикасы термодинамикалық циклінің талдауы келтіріліп, жел энергиясын пайдалану коэффициенті қарастырылған.

В данной статье приведено электроснабжение ветроустановками применяя законы аэродинамики и расчет значения работы ветрового потока. Также рассматривается коэффициент использования ветровой энергии, приведен анализ характеризующий математическую точность термодинамического цикла логики Карно.

Electro-supply by wind sets using laws of air-dynamics and calculation of meaning of wind flow work is given in the article. Also having considered the accuracy of use of wind energy, analysis characterizing mathematic accuracy of thermodynamic cycle of Karno logics is given.


Қазіргі уақытта ғалымдардың алдында жел қондырғыларын мүмкіндігін жоғарылату мәселесі тұр. Бұны аэродинамиканың заңдарын қолданып шешуге болады. Қазірге дейін ауа ағынының қуаты есептелмеген. Осы формулада $\frac{dm}{dt} = \rho SV$ ауа ағынының жұмыс мөлшерінің есебі көрсетілген, өкінішке орай бұл формула біздің жағдайға келмейді. Төменде ауа ағынының энергиясы мен қуатының есептеу формулалары көрсетілген [1].

Классикалық механикада қатты дененің кинетикалық энергиясы мына формулаға тең:

$$A = \frac{mV^2}{2}, \quad \left[\frac{\text{кгм}^2}{\text{с}^2} \text{ немесе Дж} \right], \quad (1)$$

мұндағы m – дененің массасы (кг),
 V – дененің жылдамдығы (м/с).

Айталық бізде көлденең қимасының ауданы S (м²) тең труба (1-сурет) бар делік, оған бағытталған ауа ағыны V жылдамдықпен қозғалып келе жатыр, тығыздығы ρ (кг/м³) тең.



1-сурет – Көлденең қимасының ауданы

Ауа ағынының кинетикалық энергиясын анықтау үшін ауа ағынынан ұзындығы ΔL болатын қимасын аламыз. Бұл қимада ауаның массасы:

$$\Delta m = \Delta L \rho S, \quad (2)$$

Оң жақпен сол жақты Δt уақыт өсуіне бөліп алып, $\Delta t \rightarrow 0$ функцияның шегін аламыз:

$$\frac{dm}{dt} = \rho S \frac{dL}{dt}, \quad (3)$$

Сондай-ақ, $\frac{dL}{dt} = V$, осыдан:

$$\frac{dm}{dt} = \rho SV, \quad (4)$$

шығатыны: $dm = \rho SVdt$, (5)

(5) формуладағы дифференциалды теңдеуді интегралдасак t уақыт аралығында құбыр арқылы өтетін ауа массасын:

$$\int dm = \rho SV \int dt \Rightarrow m = \rho SVt \text{ [кг]}, \quad (6)$$

(6) формуладағы теңдеуді (1) формулаға қойсақ ауа ағынының кинетикалық энергиясын аламыз:


$$A = \frac{\rho SV^3}{2} t, \quad (7)$$

(7) формуладағы теңдеуді оң мен сол жағын t уақытқа бөлу арқылы ауа ағынының қуатын анықтаймыз.

Одан: $W = \frac{\rho SV^3}{2}, \quad [Bm] \quad (8)$

Ауа ағынының жылдамдығын анықтау үшін көлденең қимасы әр түрлі болатын, көлемі жағынан шексіз өзара байланысқан ыдыстарды қарастырамыз. Егер газ (ауа) қысымы P_1 үлкен ыдыстан қысымы P_2 кіші ыдысқа 2-суреттегідей ақса ($P_1 > P_2$), онда кіші ыдыстағы газдың (ауаның) жылдамдығы үлкен ыдыстағыдан бірнеше есе артық болады [1].

Алынған формулалар ЖЭС-тің параметрін нақты есептеуге мүмкіндік береді және де ауаның кинетикалық энергиясын механикалық энергияға айналдыруда ПЭК-ті жоғарылатуда мүмкіндік береді.



2-сурет – Ауа ағынының жылдамдығын анықтау бағыты

Себебі ретінде, ұлғаю мен сығу кезінде пайда болатын ішкі энергияны және газ көлемінің өзгеруін елемеген жағдайда Бернулли теңдеуін қолданып, көрсетуге болады (5):

$$P_1 - P_2 = \frac{\rho V_2^2}{2} - \frac{\rho V_1^2}{2} \approx \frac{\rho V_2^2}{2}, \quad (9)$$

мұндағы V_1, V_2 , – бірінші және екінші ыдыстардағы газ жылдамдығы.

Осыдан: $V_2 = \sqrt{\frac{2(P_1 - P_2)}{\rho}}, \quad (10)$

Егерде P_1 қысымы атмосфералық қысымына тең болып P_2 қысымынан 1% кем болса, онда ауа тығыздығы $\rho = 1,3 \text{ кг/м}^3$ пен қалыпты температурада газ жылдамдығы V мынаған тең:

$$V = \sqrt{\frac{2P}{100\rho}} = 40 \text{ м/с, где } P = P_1 - P_2 = 0,01 P_1.$$

Алынған формулалар ЖЭСтің параметрін нақты есептеуге мүмкіндік береді және де ауаның кинетикалық энергиясын механикалық энергияға айналдыруда ПӘК-ті жоғарылатуда мүмкіндік береді.

ЖЭПК (жел энергиясын пайдалану коэффициенті) – белгілі бір шартты түрде алынған өлшем бірлігі, негізінен ПӘК-ті алмастырылу себебімен танылған. Карно цикліндегі температуралық көрсеткіштерді сүйірлік жылдамдықтарымен алмастыруы іспеттес. Алайда 1 градус (кез-келген шкала бойынша) Африкада да сол баяғы 1 градусқа тең. Ал сүйірлік жылдамдықтары болса әр затта әрқалай (қанат пен кірпіш).

Математикалық дәлдікпен сипатталған Карно логикасы термодинамикалық циклді мазмұндайды да келесіні тұжырымдайды: егер де Сіздің иелігіңізде қуаты 100 аттың күшіндей және ПӘК-ті 30 % жылу машинасы болса, онда шынында пайдалы жұмысқа тек 30 аттың күші жұмсалады. Керісінше, осы 30 пайыз бүкіл құрылымның «дәл қолда бар» 100 пайыздық қуаты болып саналады. Жылу машиналарына басқа құрылымдылық әлі ойланып табылған емес. Әйтпесе, барлығы практикалық авиациялық аэродинамикада [2].

Қанаттың үстінде және астындағы қысым айырмашылығын анықтау үшін, кейіннен объектінің ауадағы қозғалыс жылдамдығы деп түсіндірілетін, қозғалыс көлемі қолданылады немесе объект орналасқан ауаның жылдамдығы. Олай болса, Бернулли мырзаның қысым мен жылдамдық арасындағы тәуелділігі жайлы постулатталған тұжырымдамасы тақырыпқа лайықты, ал бұл дегеніміз аэродинамикалық K (коэффициент) – қысымның айырымына тәуелді, дәл осы себептен объект жоғарғы қысым аймағынан төмен қысымды аймаққа қозғалыс жасайды.

Кез-келген авиациялық профильдер атласына көз салайық, және де максималды қысым айырымы болатын профильді сүйіру жылдамдықтарына назар аударайық. Бұлардың бәрі күнделікті кездесетін желдің жылдамдықтарынан әлдеқайда жоғары. Үрлеу нәтижелерінсіз мұндай әдісті қолдануға бола ма деген сұрақ туындайды. Әйтсе де болады екен. Ол үшін қалақшалы желқозғалтқышты күштеп айландыруға, не болмаса жаратушы иеміздің күшті жел беретініне үмітімізді үзбеуге тырысуымыз керек.

Қалақшалы жүргек желқозғалтқыштарын жобалаушы өнертапқыштар бұл проблеманы оңай шешті – қалақшаның жуан бөлігі желдің үлкен жылдамдықтарында оны қозғалысқа келтіреді, ал жоғары жылдамдыққа ие болған жіңішке бөлігі (ұшына таман) пайда болған сүйіру ағынын қолданады. Сөзсіз ақылды және қолайлы. Бірақта күллі қолда бар қуат – жұмыс ауданына сәйкес келетін жел энергиясы келесідей таратылады: қалақшалы дөңгелектің центрге жақын аумағы – қозғалтқыш, ал перифериялық бөлігі – әлдеқашан жоғары жел жылдамдықтарын генератор валының айналу моментіне энергия түрлендіргіш [2].

Бар энергияның екі рет түрленуінің арқасында желді 10-12 м/с жылдамдықта пайдалануға болады. Желкенді жел қозғалтқышының мақсаты – жұмыс ауданына келген бүкіл энергияны қолдану. Желкенді желқозғалтқышына конус тәріздес сүйірілу сәйкес.

Желқозғалтқышы саңылаулы шеңбер бойымен қозғалатын шексіз қанат ретінде қарастыруға болады. Қазір қанат пен қанатшаның сәйкес жұмысы желдің үлкен жылдамдықтарындағы сүйірілу кезінде түсінікті және қолайлы. Бірақ аса кішкентай ағынның сүйірілуі мүлдем қарастырылмайды. Болуы да екі талай, себебі қысым сияқты физикалық шамалар аэростатикада қарастырылады (жылдамдық төмен болса, қысым артады). Сондықтан мұнда теңіз терминологиясы жақынырақ болады, нақтырақ айтсақ стаксель мен грот тандемы. ЖЭПК-ті деп шифровка берген кабинетчиктердің ойының үстінен түсіп, нақты баға терген яхтсмендер болған.

Желкен мен қалақша жұмыс органдары тек құрылымы жағынан бөлінбейді. Олар біріншіден көлемі жағынан, яғни жұмыс ауданындағы айырмашылықтарымен ерекшелінеді. Қалақшалар теориясында жұмыс ауданының жұмыс органдарының ауданына қатынасы қалақшаның толтырылу коэффициенті деп аталады. Мүлдем жалпақ тілмен айтсақ, ойша қалақшаның ауданы жұмыс ауданының шамамен тек 10 пайызын жабады. Ал желкенді

желқозғалтқышы тура сол жағдайда дерлік жұмыс ауданын алып жатады. Егер, желдің кішкентай ағыны қалақша арасынан өткен кезде мүлде жұмыс атқармайтын болса, желкенге жақындаған ағын желкеннің өзіне соқтығысады [2].

Жұмысты соққан жел атқарады деген ұғымды тереңірек зерттесек, желкенді не болмаса, қалақшаны айналдыратын, яғни нақты пайдалы жұмыс жасайтын – шағылған жел ағыны. Мәселен, неге қалақшалы пропеллерлі желқозғалтқыштардың қалақша саны үштен аспауы тиімді? Мұның себебі қалақшаға келген жел ағыны оны итеріп қана қоймай, сонымен қатар шағылады. Егер, қалақша санын арттырып, толтырылу коэффициентін әлдеқайда жоғарылатса, желқозғалтқыштың жұмыс нәтижелілігі төмендейді. Өйткені, шағылған ауа ағыны көрші қалақшалар жұмысына, түрлендіру мүмкіндігіне кедергі келтіреді [2].

Жалпы ЖЭПК пайдалы қуаттың толық қуатқа қатынасымен анықталады, яғни:

$$\eta = \frac{C_x \frac{\rho S}{2} (V_s - V_n)^2 V_n}{\frac{\rho S V_s^3}{2}}$$

мұндағы, C_x – дененің формасына байланысты кедергі коэффициенті, бұл формулада желкеннің кедергі коэффициенті 1,33-ке тең; V_s және V_n – сәйкесінше жел мен желкеннің жылдамдықтары.

Осы формуланы пайдаланып, ЖЭПК қандай айналу жылдамдығында максимум мағынаға ие болатынын табуға болады. Қысқаша айтсақ, желкеннің жылдамдығы желдің жылдамдығынан 3 есе кем болған жағдайда ЖЭПК максимум болады.

Қазіргі тәжірибедегі жел қозғалтқыштардың қолдану аясына, құрылымына байланысты өз кемшілігі мен артықшылықтары бар. Кейбір жел қозғалтқыштарын эксплуатация кезінде аэродинамика заңдары, аймақтардың климаттық жағдайлары ескерілуі тиіс. Сонда да кезігетін кемшіліктер тікелей қондырғының құрылымынан болуы мүмкін. Алайда бұл қозғалтқыштар соңғы үлгі емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Андрианов, В. Н. Ветроэлектрические станции / В. Н. Андрианов, Д. Н. Быстрицкий, К. П. Вашкевич, В. Р. Секторов. – Л. : Госэнергоиздат. – 1960.

2. <http://noviteh.com/galleray.htm>

ЛИЗИНГ ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТЕРДЕ ҚОЛДАНЫЛУЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Н. М. Махамбет, экономика магистрі, Г.М. Мажитова, студент

Қазақстан Республикасының нарығындағы лизингтік қызметтердің екінші деңгейлі банктердегі іс-әрекеттері қарастырылады. Мақсаты лизингтік операцияның экономикалық мәнін зерттеу негізінде нарықта лизингтік қызмет бойынша коммерциялық банктердің жұмыс тәжірибесіне талдау жүргізу, даму бойынша бағытын жасау және Қазақстан Республикасында екінші деңгейлі банктерде лизингтік операцияларды жетілдіру.

Рассматривается деятельность банков второго уровня Республики Казахстан на рынке лизинговых услуг. Цель состоит в том, что на основе исследований экономической сущности лизинговых операций, произвести анализ опыта работы коммерческих банков на рынке лизинговых услуг и разработать рекомендации по развитию и совершенствованию лизинговых операций банков второго уровня РК.

This article is considered the activities of second level banks of the Republic of Kazakhstan on the market of leasing service. The aim of this article is the base of researching economical essence of leasing operations, and make analysis of work experience of commercial banks on the leasing service, working out with recommendations on the development and improve of leasing operations of the second level banks of the Republic of Kazakhstan.

Қазақстанның әлемнің 50 бәсекелестік елдерінің қатарына кіруі Стратегиясы туралы ҚР Президентінің жолдауындағы негізгі міндеттердің бірі – Қазақстан экономикасын әрі қарай жаңарту және диверсификациялаудың тұрақты экономикалық өсудің негізгі ірге тасы ретінде көзделуі де жай емес. Бұл стратегия Қазақстан экономикасының тек шикізат бағытында дамуының жеткіліксіздігін, яғни шикізат емес сектордың дамуына көңіл бөлу қажеттігін айқындады.

Әлемдік тәжірибеде лизинг шағын және орта бизнестің қолжетімді қаржыландыру көзіне айналған. Бастапқы кезде лизингтің дамуы үшін мемлекеттің қолдауы қажет екендігі белгілі. Мемлекет лизингтің дамуы үшін жасайтын қадамдарына салықтық жеңілдіктер және кеден бажынан босату сияқты шаралары бәсекеге қабілетті өндірісті дамытуға ықпал етері сөзсіз. Лизингтің дамуы үшін қолайлы макроэкономикалық және нормативтік ахуалдың болуы қажет. Экономикалық қатынастар тұрғысынан алғанда лизинг бұл өндіріске капитал инвестициялауға байланысты банктің қаржылық қызметтерінің біріне жатады.

Қазақстандағы лизингтік қызметтер нарығы 2000 жылдан бастап қана белсенді дами бастады. Бұл жерде лизингтік мәмілелердің басым бөлігі Қазақстандағы ауылдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге арналған агроазық-түлік бағдарламасы төңірегінде үкіметтің бастамасымен 100 пайыз мемлекеттің қатысуымен құрылған лизингтік компанияларға тиесілі. Қазіргі кезде Қазақстанда қаржылық лизинг сияқты қаржы нарығының бір секторы қалыптасып дамып отыр десе болады.

Коммерциялық банктерде бүгінгі күні өздерінің лизингтік компанияларын құру арқылы және лизингтік операцияларды жүзеге асыру арқылы мұндай үрдістің дамуына біршама өз үлестерін қосуда. Қазіргі кездегі Қазақстандағы жұмыс жасайтын 20-дан астам лизингтік компаниялардың 8-і отандық коммерциялық банктердің еншілес компаниялары болып саналады.

Лизинг бүгінгі әлемдік экономикалық дағдарыс жағдайында маңызы бар инвестициялық саясаттың құралы болып табылады. Лизингті дамытудың өзектілігі қазіргі кезде отандық кәсіпорындарды қаржыландырудың балама көзіне айналуымен сипатталады. Лизинг – шетелден елімізге жоғарғы технологияларға ие құрал-жабдықтардың келуіне жол ашатын және кәсіпорынға қаржылық өтімділігін сақтай отырып, негізгі капиталға инвестиция жұмсаудың көзі болып табылады.

Біздің ойымызша, отандық банктердің лизингтік компаниялары арқылы лизингті қаржыландырумен қатар банктер өздерінің де лизингтік операцияларын дамытуға көңіл аудару қажет. Лизингтік компанияның өзін қаржыландыратын банктік мекемелерге тәуелділігінің нәтижесінде банктік капиталдың лизингтік бизнеске қатысуының жанама әдісі пайда болады.

Лизинг пен несиені арасында айырмашылық бар. Несиені беру саласында инвестиция кез келген кәсіпкерлік іс-әрекетке бағытталады, ал лизингте өндіріс іс-әрекетін дамытуға бағытталады. Несиелік келісімді жасау барысында мақсатталған қаражат шығынын бақылау қиындық туғызады, ал лизингте жалға нақты бір мүлік беріледі.

Сонымен қатар, бірінші жағдайда несиені қайтаруға және оны пайдаланғаны үшін пайыздық мөлшерлемені қайтаруға жүз пайыздық кепілдеме қажет, ал екінші жағдайда сол объектінің өзі кепілдеме болып саналатындықтан кепілдеме мөлшері лизингке сатылатын мүлік құнынан төмендетіледі. Несиелік келісім жасау барысында иемденетін мүлік кәсіпорын балансында тіркеледі, ал лизингтік келісім жасау барысында иемденетін мүлік лизинг алушының немесе лизинг берушінің балансында тіркеледі.


Қаржы лизингі кезінде лизингтік төлемді төлеу келісім-шарт соңына дейін жүзеге асады, тіпті ғылыми-техникалық прогрестің жетістігі лизингке алынған мүлікті моральды тозуға ұшыртады. Қаржы лизингі несиенің бір нысаны ретінде қарастырылады. Халықаралық тәжірибеде қаржы лизингі – капиталды лизинг немесе лизингке берілетін активтің толық өзін-өзі өтейтін лизинг ретінде сипатталды.

Қаржы лизингінің несиелік қатынастары көп аспектілі және кең мағыналы болып келеді. Мұндай қаржылық лизингтің несиелік аспектілері мыналармен сипатталады (1-сурет):



1-Сурет – Қаржылық лизингтің несиелік аспектілерінің сипаты

1. Қаржылық лизинг кәсіпорындардың заемдық қаражаттарға деген нақты да мақсатты



қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандырады. Қаржылық лизинг бойынша тартылатын несиенің барлық көлемі салықтық жеңілдіктерге ие болады. Лизингтік төлемдер тартылатын несие бойынша негізгі қарыздың барлық сомасы амортизацияны сипаттайтындықтан, олар кәсіпорынның салық салынатын пайда көлемін азайтады. Сонымен бірге лизингтік мәміледе лизинг берушіге қатысты салықтық жеңілдіктер де қолданылады.

2. Қаржы лизингі қарызға қызмет етумен байланысты кең көлемді төлемдерді қамтамасыз етеді. Банктік несиелеу негізгі қарыз ақшалай нысанда жүзеге асатын болса, ал қаржы лизингінде ақшалай төлемдермен қатар, өзге де нысандарда, айталық лизингтік активтік қатысумен алынған өніммен жабдықтау нысанында да жүзеге асуы мүмкін.

3. Қаржы лизингі қарызға қызмет етумен байланысты төлем мерзімдерінде үлкен икемділікке ие. Банктік несиелеу қызмет ету және қарызды өтеу тәжірибесімен салыстырғанда қаржылық лизинг кәсіпорында лизингтік төлемдерді лизингтелетін активтің қызмет ету мерзімінен байланысты кең көлемді диапазонды пайдалану мүмкіндігін береді.

4. Қаржы лизингі банктік несиелеу қарағанда несиенің оңайлатылған рәсімделу процедурасын сипаттайды. Отандық және шетелдік тәжірибе көрсеткендей, лизингтік келісімшарт бойынша шығын және қажетті қаржылық құжаттар тізімі банктік несиелеуге қарағанда біршама аз болып келеді.

5. Қаржылық лизинг лизингтелетін активтің жойылу құны есебінен несиенің құнын төмендетуді қамтамасыз етеді. Себебі, қаржылық лизинг бойынша лизингтің мерзімі аяқталғаннан кейін лизингтік актив толығымен лизинг алушының меншігіне өтетіндіктен, және оның толық амортизациясы жасалғаннан кейін лизинг алушы ол активті жойылу құны бойынша сатып жіберу мүмкіндігіне ие болады.

6. Қаржылық лизинг бойынша кәсіпорын лизингке алатын активтің біртіндеп амортизациясын жасайтындықтан да ондай актив бойынша негізгі қарызды қайтару қорын құру қажет етілмейді [1].

Қазақстанда қызмет ететін лизингтік компанияларды мынадай белгілеріне қарай жіктеуге болады (2-сурет).

2-Сурет – Қазақстандағы лизингтік компаниялар құрылымы


Қазақстандағы лизингтің дамуы көп қырымен Еуропадағы лизингтің қалыптасуына ұқсас. Қазақстандағы алғашқы лизингтік компаниялар да Еуропадағы секілді қаржыландыру жобасы бар банк қарамағында пайда болды. Лизингтік компаниялардың негізгі клиенттері даму сатысында банктің корпоративтік клиенттері болды.

Қазақстан үшін экономикалық өсуде соңғы үш жылда жоғары қарқын көрсетілген, кәсіпкерлік құру мен инвестиция тартудың негізгі механизмінің бірі лизинг болу керек, бұған оның барлық жетістіктері бар. Лизинг дамуының оптималды шарты Қазақстанда жергілікті өнеркәсіп пен инвестиция көлемін лизингтен ортақ дүниежүзілік пропорцияға дейін әкелді. Алайда Қазақстандағы лизинг секторының өсуі бүгінгі күні оның потенциалымен саластыруға

келмейді. Оның себебі – қаржы ресурстарына шектеулік, сонымен бірге лизинг механизмі арқылы кіші және орта кәсіпкерлікті қаржыландыру көп инвестиция қажет етеді.

Екінші деңгейлі банктер лизингтік мәмілелерді қаржыландыруда әлі де болса, ынталанушылық байқалтпай отыр, мұны бірнеше жағдайлармен түсіндіруге болады. Біріншіден, банктер өзінің несиелік саясатын ескеретін көп жоспарлы қызметін атқарып отыр, оның құрамына қаржылық лизинг мәселелері әрқашан кіре бермейді, банктердің белгілі бір бөлігі бұрынғыдай өндірістік қызметпен байланысты емес операциялардан кіріс алуды қалайды.

Лизинг нарығындағы қатысушылардың құрылымын анықтауда 2009 жылдың 1 қаңтарына берілген статистикалық мәліметтерге сүйеніп, төмендегідей диаграмма құруға болады (3-сурет).



3-Сурет – Лизинг нарығындағы банктердің үлесі

Қазақстан Республикасындағы екінші деңгейлі банктердің лизингтік операцияны жүргізудегі ерекшеліктерін түсіну үшін біз республикамыздың банктердің бірі «БТА Банк» АҚ-ы мысалға алайық. Бүгінгі күні «БТА ORIX Лизинг» компаниясы Қазақстанның 12 өңірінде лизингтік қызмет көрсетумен айналысып келеді [2].

Бүгінгі таңда біздің елімізде лизингтік бизнестің дамуы лизинг шартымен пайдалануға беру мақсатында жабдықтарды сату үшін қажетті ақша қаражаттарын жинақтау мәселесіне келіп тірелуде. Ал коммерциялық банктер айналыстағы бос ақша қаражаттарын жинақтаумен айналысатын мекемелердің бірі болып табылатындықтан, лизингтік операцияларды банктік операциялардың бірі ретінде қарастыру лизингтік бизнестің дамуы үшін тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, лизингтік бизнесті дамытуда кешенді бағдарлама жетіспейді деуге болады. Оның құрамында келесідей элементтер болуы мүмкін:

- ✓ құрамында мамандарды дайындайтын, көрсетілетін қызметтерді жариялайтын ақпарат болатын лизингтік нарықтың инфрақұрылымын дамыту;
- ✓ лизингтік келісім-шарттарды несиелеуде банктермен кең көлемде жеңілдіктер берілуін қамтамасыз ету;
- ✓ кепіл жүйесін дамыту;
- ✓ қазіргі кезде қолға алынған мәселелермен қоса лизинг шегіндегі шетел инвестицияларын тартуды қадағалау (халықаралық лизингтік келісім-шарттарда валюталық бақылаудың болмауы).

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сабитов, А. С. Лизинг түрлері және олардың классификациясы / А. С. Сабитов // ҚазЭУ хабаршысы. – 2006. – №1 (49). – Б. 125-129.

2. Сабитов, А. С. Қаржылық лизингтің несиелік аспектілері «Қазақстан әлемдік экономикалық дағдарыс жүйесінде: дағдарысқа қарсы бағдарламаны жүзеге асырудың табиғаты механизмдері және оны талдау» / А. С. Сабитов. // Қазтұтынуодағы ҚЭУ

халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. – Қарағанды. – 2009. – Б. 294-298.

«БЕНЧМАРКИНГ» – МАРКЕТИНГТІК ЗЕРТТЕУ ФУНКЦИЯСЫ РЕТІНДЕ

С. Ч. Примбетова, экон. ғылымдарының кандидаты, доцент

Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада бенчмаркинг – маркетингтік зерттеу бағыттарының бірі және басқалардың жақсы жақтарын іздеп табу өнері, оны үйрену, жақсартып жетілдіру арқылы кәсіпорынға енгізу тәсілі ретінде қарастырылады. Бенчмаркинг жүйесі бойынша бәсекелестерді зерттеу кәсіпорынды басқарудың барлық деңгейлерінде үнемі орындалатын үрдіс болуы қажет. Бәсекелестік жағдайында тиімді шешім қабылдау үшін табысқа жеткен басқа кәсіпорындардың озық, алдыңғы қатарлы тәжірибесін білу керек. Бенчмаркинг - бәсекелестердің қызметін үздіксіз қадағалау, алынған ақпаратты талдау және бәсекелестердің жетістіктерін есепке ала отырып өз іс-әрекеттерін жақсартуға негізделген.

В статье бенчмаркинг рассматривается как направление маркетинговых исследований, искусство обнаружения того, что другие компании делают лучше, изучение, усовершенствование и применение методов их работы. Анализ конкурентов по системе бенчмаркинга должен стать постоянным процессом на всех уровнях управления фирмой. Чтобы найти эффективное решение в области конкуренции, необходимо знать лучший опыт других компаний. Бенчмаркинг основан на непрерывном отслеживании деятельности конкурентов, анализе этой информации и принятии решений по совершенствованию собственной деятельности с учетом достижений конкурентов.

In this article benchmarking is considered as a direction of marketing researches, art of that detection that other companies do better, studying, improvement and application of their work. The analysis of competitors on system of benchmarking should become constant process at all levels of management of firm. To find the effective in the field of a competition, it is necessary to know the best experience of other companies. Benchmarking is based on continuous tracing of activity of competitors, analysis of this information and decision-making on perfection of own activity taking into account achievements of competitors.

Ағылшынның «бенчмаркинг» ұғымы (бенч – орын, mark – белгілеу) экономикаға геодезия саласынан енген, ол дінгекті, бағананы белгілеу дегенді білдіреді. Жалпы мағынада бенчмаркинг бір кәсіпорынның жұмысының нәтижесін басқа, жетістіктері жоғары кәсіпорын көрсеткіштерімен салыстыру механизмі.

Бенчмаркинг отаны АҚШ деп саналады, алайда оның шығу тарихы, қолданылуы ертеректе басталған. Мысалы, Жапонияда бенчмаркинг сөзі жапонның «dantotsu» сөзіне сәйкес, ол «көшбасшының арманы – өте жақсы көшбасшы болу үшін күш салуы, тырысуы» дегенді білдіреді. Ал Қытайда, атақты қытай генералы Сун Тзу өз қағидасында былай деп жазған «Егер сен өз дұшпаныңды және өзіңді жақсы білсең, сен жүздеген соғыс нәтижелерінен де қорықпайсың».

1970-жылдардың екінші жартысында маркетинг эволюциялық дамудың үшінші кезеңіне аяқ басып, бизнес философиясына айналды. Нарық құрылымындағы орасан зор өзгерістердің болуы, оның қызмет түрлері мен тауарларға толуы, бәсекелестіктің өршуі, ғылыми-техникалық прогрестің өсуі маркетинг мәнінің түрленуіне әкелді – оны сыртқы ортаны зерттеу мен оған бейімделудің жолын іздейтін және фирманың барлық қызметін біріктіретін корпоративтік стратегияның элементі ретінде қарастыра бастады. Бұл кезеңге маркетингтің дәстүрлі және қоғамдық тұжырымдамаларының дамуы мен стратегиялық ролінің артуы тән болды. Осы уақытта бенчмаркингке деген ынта-ықылас пайда болды. Бұл тәсіл алғаш рет 1972 жылы бизнестің тиімділігін бағалау мақсатында Кембридждегі (АҚШ) Стратегиялық жоспарлау институтында дайындалған. Бенчмаркинг – қатаң бәсекелестік күрестің, сұраныс ұсыныстан

жоғары болуына және тауарлар ассортиментінің жылдам жаңаруына байланысты туындаған. Олар бәсекелестік жағдайында тиімді шешім қабылдау үшін табысқа жеткен басқа кәсіпорындардың озық, алдыңғы қатарлы тәжірибесін білу қажет деген ұйғарымға келген.

Бенчмаркинг тәсілін бірінші рет «Rank Xerox» компаниясы 1979 жылы дағдарыс жағдайында компания өнімінің өткізу көлемі төмендеген кезде пайдаланған. Осыған байланысты компания алдында оны қалай жоғарылату керек деген мәселе туады. Бұл өнімді нарықтан алып тастау қажет пе? Немесе жарнама мен өткізу арнасын өзгерту керек пе? Аталған жағдайлар зерттеуді талап ететін мәселенің негізі болатын. Оларға нақты мақсаттарды, фирманың өндірістік-ресурстық мүмкіндіктерін талдаумен қатар негізгі бәсекелестердің техника, технология, экономика және басқарудың барлық бағыттарындағы бәсекелік артықшылықтарын зерделеу, оны тәжірибеде жүзеге асыру тәсілі қажет болды. 1979 жылы американдық «Хегох» компаниясы «бәсекелесуге қабілетті бенчмаркинг» жобасын іске асыру үшін өз тауарларының шығындары мен сапасын жапондық өнімдермен салыстырады. Мұндай әдістемелік тәсіл компанияның нақты мақсатты анықтау үдерісін басқаруға және оларды тәжірибеде іске асырылуына ықпалын тигізді. Компания бәсекелік басымдылыққа жету және бәсекелесу қабілеттілігін арттыру мақсатында бенчмаркинг әдісін қолдану арқылы негізгі бәсекелестерінің артықшылықтарын зерттеп, оларды тәжірибеде жүзеге асыру арқылы айтарлықтай табысқа жеткен [1].

Экономикалық субъектілердің маркетингтік қызметінің табысты болуы үшін дұрыс таңдалған қысқа, орта және ұзақ мерзімді бенчмаркинг мақсаттары маңызды орын алады. Бұл мәселенің маңыздылығын баса атай отырып, Сенеканың «Қай айлаққа жүзетінін білмеген кемеге қуалай соққан жел де жоқ» деген сөздерін келтіруге болады.

Бәсекелестік жағдайда бенчмаркинг фирма стратегиясы мен тактикасын анықтайтын бизнестің негізгі қызметтерінің бірі болып табылады. Бенчмаркинг бәсекелестік талдау аясында жүргізіледі және көптеген кәсіпорындар үшін жаңалық емес, бірақ ол әртүрлі тәсілдерге қарағанда нақтыланған және белгілі бір жүйеге келтіріліп жасалатын іс-әрекет.

Бенчмаркингті қолданудың көптеген бағыттары бар, мысалы:

- ✓ логистикадағы бенчмаркинг – логистикалық жүйеде кездесетін тапсырыстарды орындау мен тасымалдау мәселелерін тез және аз шығындармен анықтауға мүмкіндік береді;
- ✓ бенчмаркинг – стратегиялар, операциялар және басқару іс-әрекеттерін дайындауда қолданылады;
- ✓ бенчмаркинг – нарықта кәсіпорын стратегияларын және мақсаттарын көшбасшы-кәсіпорындармен салыстыру арқылы бағалау тәсілі ретінде де қарастырылады.

Нарық мүмкіндіктерін үнемі қадағалап отыру тауар өндіруші фирмалардың күнделікті жұмысына айналуы керек. Өндіріліп және сатылып жүрген үйреншікті тауардың нарық сұранысында көпке дейін бірқалыпты тұруына тым сенім артып, әрекетсіз қалу күтпеген жағдайға соқтыруы мүмкін. Өмір ағымына қарай тауар сұранысының да өзгеріп тұруы, ескі тауар кетіп, оның орнына жаңа түрлерінің пайда болуы заңды құбылыс. Тауар өткізудің бәсекелестік жағдайында кәсіпорындардың жаңа идея және жаңа тауар үлгілерін ойлап табуға ұмтылуы, басқа нарық іздестіруі өндірістің бәсекеге төзімділігін арттырады. Фирма нарықтан кетпеуді көздеген жағдайда, жаңа тауар өндіру үшін өзінің бұрынғы кәсіби бағдарын өзгертуі мүмкін. Кәсіпорында басқалардың үздік тәсілдері мен технологияларын зерттеп, оларды қолданғанда өндірістік және маркетингтік қызметтерді басқару жақсы табыстарға, жетістіктерге әкеледі.

Жалпы, бенчмаркингті мазмұнына сай маркетингтік зерттеудің бір бағыты ретінде қарастыруға болады. Бенчмаркинг басқалардың жақсы жақтарын іздеп табу өнері, оны үйрену, жақсарту және кәсіпорынға енгізу тәсілі. Сондықтан, бенчмаркингтік зерттеу бір жолғы немесе сирек қолға алынатын шаруа емес, жүйелі жүргізілетін жұмысқа айналуы тиіс.

Бенчмаркингтік талдау мақсатында бәсекелестерді, тауар нарығының жағдайын зерттеу төмендегілерді қамтиды:

- көшбасшы кәсіпорындардағы өндіріс және оның құрамы, өндіріс техникасы мен технологиясындағы өзгерістер, тауардың бәсекеге төзімділігі;
- тауарды салалар шеңберінде және жалпы тұтыну барысы, тұтыну әдісінің, ғылыми-техникалық жетістіктердің және бәсекенің ықпалынан өзгеруі.

Осылайша белгілі бір тауарды байқап-бақылау барысында жинақталған ерекшеліктер мен өзгешеліктерге талдау жүргізіліп, оларды тәжірибеде жүзеге асыру мәселесі талқыланады.

Тауардың өтімді болуына өзіндік қасиеті ғана емес, сондай-ақ оны түрлендіру, эстетикалық тартымдылығы, тұтынушы талғамына бейімдеу, тауар сатылғаннан кейінгі қызмет көрсетуді жақсарту және бәсекелестердің осал жақтарын есепке алып отыру, олардың тауар сатудағы икемсіздіктерін ұтымды пайдалана білу үлкен көмегін тигізеді.

Бенчмаркингтік зерттеу деңгейі тауарды кешенді түрде зерттеу тұсындағы оның фирмалық құрамын есепке алуда қателікке ұрынбауына, нарықта фирма-бәсекелестердің іс жүргізу әдісі мен ерекшеліктері жөніндегі хабардың жеткілікті болуына біршама тәуелді. Сондықтан, нарықта қандай фирмалардың басым түсетіндігі, олардың өндірістік және қаржылық мүмкіндіктері, белсенділері мен әлуеттілігі, серіктестердің ұстамдылығы мен фирманың өндірістік-тауар өткізу әрекеттері жөнінде жан-жақты хабардар болып отырудың маңызы зор [2].

Бәсекелес фирмалардың қызметін немесе тауарын зерттегенде олардың маркетингтік-коммерциялық іс-әрекеттеріне баса назар аударылады. Соған қатысты алынған мәлімет-көрсеткіштерді қалыптасқан жағдаймен, нақты тауармен салыстыра келіп шығарылған дұрыс қорытынды фирманың нарықтағы үлесін ұлғайта түсуге, өндіріс процестерін үнемі жетілдіріп отыруға, тауар сатуды ұлғайту мен бәсекеге төзімділігін арттыруға біршама септігін тигізеді.

Бенчмаркингтік зерттеудің бір ерекшелігі – өзгерістердің қазіргі қалпын ғана ескеріп қоймай, алдағы уақыттарда болуы ықтимал құбылыстарды, яғни келешекті болжай білу. Ол үшін, жағдайға сай бенчмаркингтің бірнеше түрлерін қолдануға болады.

Бенчмаркингтің келесідей түрлері бар:

Ішкі бенчмаркинг – кәсіпорын ішінде жүргізіледі, өндірістік бірліктердің сипаттамаларын ұқсас процесстермен салыстыру.

Бәсекелестік бенчмаркингі – кәсіпорын мүмкіндіктерін нақтылау және оны бәсекелестермен салыстыру, бәсекелес-кәсіпорындардың әртүрлі әдістерін және ерекше тауарларын, өндіріс технологияларын зерттеу.

Функционалды бенчмаркинг – бір саладағы екі немесе бірнеше кәсіпорындардың белгілі бір функцияларын салыстыру.

Процестік бенчмаркинг – кәсіпорындағы кейбір көрсеткіштерді түзетіп, жақсарту мақсатымен басқа ұқсас кәсіпорынның процесстерімен және көрсеткіштерімен салыстыру

Ассоциациялық бенчмаркинг – бір альянсқа біріккен санаулы кәсіпорындар аясында өткізілетін бенчмаркинг.

Жалпы бенчмаркинг – басқа саладағы тәуелсіз екі немесе бірнеше кәсіпорындардың кейбір функцияларын салыстыратын процесстік бенчмаркетинг.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа шығындар бенчмаркингі, сипаттамалар бенчмаркингі, тұтынушылар бенчмаркингі, стратегиялық бенчмаркинг, оперативті бенчмаркинг түрлері де бар, олар әр түрлі салаларда қолданылады [3].

Бенчмаркинг процесінің құрамына зерттеу нысаны, талдаудың негізгі ережелері, бенчмаркинг кезеңдері, және бенчмаркинг негізінде оқуға ықпал ету кіреді..

Бенчмаркинг процесінің ойдағыдай табысты өткізілуіне әсер ететін факторларды келесідей топтасыруға болады: объективті – әділ, бұрмаламайтын және субъективті факторлар.

Объективті факторлар құрамы келесідей:

- жобаның негізгі жақтарын анықтау;
- нақты уақытты жоспарлау;
- сапа стандарттарын сақтау;
- бюджеттік шектеулерді естен шығармау керек.

Субъективті факторлар құрамына келесілерді жатқызуға болады:

- ✓ жұмыс жасау үшін қолайлы жағдайлардың болуы;
- ✓ жақсы нәтижеге, жетістіктерге жетуге ұмтылу;
- ✓ сапаның маңыздылығын жете түсіну;
- ✓ қызығушылық;
- ✓ шығармашылық ізденіс;
- ✓ кәсіпкерлік этикасын сақтау.

Бенчмаркингтің артықшылықтарды талдау тұжырымдамасы – өнімділікті, сапаны үнемі жоғарылату және бәсекелестерден озық болу үшін, кәсіпорынға қажет ақпарат жинауда көмекші құрал болы табылады.

Артықшылықтарды талдау кезінде – кәсіпорынның ішкі функцияларын, қызметін және тәжірибесін талдағанда келесі мақсаттарды басшылыққа алу қажет:

- жақсы жетістіктер мен нәтижелерді анықтау;
- өз жұмысына талдау жүргізу;
- кәсіпорындағы кемшіліктерді табу;
- кедергілерді жою;
- еңбек нәтижесін үнемі жақсарту үшін ынталандыру шараларын пайдалану.

Артықшылықтарды талдау тауарларға, қызметтерге, іс-әрекеттерге, стратегияға, процесстерге, технологияларға т.с.с қатысты қолданылады.

Артықшылықтарды талдаудың үш негізгі түрі бар:

- ~ ішкі артықшылықтарды талдау (кәсіпорын ішінде салыстыру жүргізу, мысалы бөлімдер немесе тауар топтары арасында);
- ~ сыртқы артықшылықтарды талдау (әртүрлі салалардағы ұқсас қызметтерді талдау, мысалы әртүрлі нарықтарда жұмыс істейтін бәсекелестер немесе әріптестер арасында);
- ~ артықшылықтарды талдаудың функционалды түрі – әртүрлі салалардағы ұқсас функциялар мен процесстерді салыстыру, мұндағы мақсат – жақсы нәтижелерді әр жерден іздеп табу.

Артықшылықтарды талдау кезінде келесі ережелерді сақтаған жөн:

· кәсіпорын басшылары артықшылықтарды талдау идеясына барынша қызығушылық танытуы;

· қызметкерлерді жобаның мақсаты мен қажеттілігі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету;

· жұмыс бағдарламасының құрылымы қарапайым, барлық қызметкерлерге түсінікті болуы;

· жоба жөніндегі барлық шаралар құжатталуы тиіс.

Кәсіпорындарда аталған ережелерді сақтауға және орындауға зор маңыз аударылуы қажет, себебі көп жағдайларда артықшылықтарға талдау жүргізу күрделі қайта құруларға, түбегейлі өзгерістер жасауға әкелуі мүмкін.

Аталған талдауларды жүзеге асыру үшін бенчмаркинг процесін алты кезеңге бөлуге болады:

1. Артықшылықтарды талдау объектісін анықтау, яғни артықшылықтарды талдау кезінде зерттейтін кәсіпорындар тізімін бекіту.

2. Бекітілген кәсіпорындар арасынан үздіктерін іздеу. Бұл процесс келесі кезеңдерді қамтиды:

- кәсіпорындарды қысқаша сипаттау, барлау жүргізу. Қолда бар ақпарат көздеріне шолу жасау және қолайлы, түсінуге оңай ақпараттарды жинау;
- жиналған барлық мәліметтерді бір жүйеге келтіру, оларға сипаттама беру;
- кәсіпорын параметрлеріне сай келетін ең үздігін таңдап алу;
- сапалы мәліметтерді жинаумен қатар, еңбек өнімділігіне әсер ететін факторлар мен процесстер мазмұнын зерттеу және үйрену.

3. Мәліметтерді талдау. Бұл кезеңде процесстерге қатысушылардың шығармашылық және аналитикалық қабілеттеріне үлкен талап қойылады, себебі талдау – ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ұғынумен қатар олардың өзара байланысын да жете түсіну. Сонымен қатар, салыстыруды күрделілендіруге және нәтижелерді бұрмалауға әсер ететін факторларды анықтау қажет.

4. Алынған мәліметтерді іске асыру, дайындалған мүмкіндіктерді тәжірибеге енгізу кәсіпорынның болашақтағы дамуына да көп әсерін тигізеді. Бұл ретте алынған нәтиже кәсіпорынның инновациялық дамуына ықпалын тигізіп, ынталандыруы тиіс, өйтпесе артықшылықтарды талдау жеңілістерге жетелеуі мүмкін.

5. Жүргізілетін процесстерді бақылау және талдауды қайталау. Талдау нәтижелерін кәсіпорынға енгізу процесін бақылау келесі бағытта жүргізіледі:

- бірінші бағыт – кәсіпорын қызметінің нәтижелерін бағалайтын көрсеткіштердің даму деңгейін қадағалау керек, өйткені кейде керемет жетістік ойдағыдай нәтиже әкелмеуі де мүмкін;

Екінші бағыт – аралық мақсаттардың жетістіктері мен ресурстар жоспарының орындалуын тексеру қажет, себебі тәжірибеге енгізгенде шығындар мөлшері айтарлықтай төмендеуі мүмкін.

6. Артықшылықтарды талдау негізінде оқуға ықпал ету. Артықшылықтарды талдау тәсілінің көмегімен бәсекелестердің, әріптестердің жақсы жақтары зерделенеді, кәсіпорын талдау жүргізу кезінде біршама жетістіктерді, тәсілдерді «оқып үйренеді», оларды жүзеге асырады, яғни кәсіпорын өз қызметкерлерінің білімін жетілдіру жұмысын жүргізеді.

Барлық кәсіпорындар, көлемі мен саласына қарамастан, бәсекелестерден артта қалып қоймау үшін, өндірістік және бизнес-технологиялардағы озық тәжірибені үнемі зерттеп, өздеріне қажеттілерін қолданулары қажет. Міне, осылайша бір-біріне тығыз байланысты талаптарды жүзеге асыру және оларды стратегиялық болжаулармен үйлестіре білу, өз кезегінде тауар өндіру ісін дұрыс бағыттауға, тұтыну қажеттіліктерін тереңдей зерттеуге, өндіріс технологиясы мен процестерін жоғары өнімділік пен икемділік дәрежесіне жеткізуге мүмкіндік береді.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Мақалада кәсіби маманның іскерлік қарым-қатынастағы тіл мәдениетін қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Бұл орайда сөз сөйлеу құдіретіне ие болу, «сөйлеу сәтінде ойды дәл аңғарту, сөзді орынды орналастыру және мезетте тауып айту» ғылымы риториканың қағидаларының қажеттілігі, іскери қарым-қатынастағы этикалық нормалардың маңыздылығы және кәсіби маманды қалыптастырудың қағидалы түйіндері сараланды.

В данной статье рассматривается проблема формирования культуры речи специалиста в деловом общении. В этом плане в качестве ключевых понятий и навыков рассматриваются умение логически строить свою речь, соблюдение этических норм, обосновывается необходимость риторических принципов в формировании специалиста-профессионала.

The problem of formation of speech standard of an expert in business dialogue is considered in the article. In this plan, ability logically to build the speech, observance of ethical standards is considered as key concepts and skills, necessity of rhetorical principles in formation of an expert-professional is proved.

Сөз сөйлеу құдіретіне ие болу – адамның жер бетіндегі тіршілік атаулының бәрінен де жоғары сатыда екендігін танытатын, адамды адам етіп тұрған адамзат баласының ұлы қабілеттерінің бірі. Тілсіз, сөзсіз, сөз сөйлеу дағдысынсыз адам өмірін көз алдымызға елестету мүмкін емес, оларсыз адам ғұмыры мағынасыз. Сөз – адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы, ақпарат алмасу тәсілі, өзге адамның санасына және әрбір қадамына, әрекетіне әсер ету құралы. Сөзді орынды қолдана, құбылта білу өте жоғары бағаланады. Бұл сияқты қабілет адамның жалпы мәдениетінің, білімділігінің құрамды бөлігі болып табылады. Бүгінгі таңда кәсіби маманның сүреңсіз де сөлекет сөйлеуі, яғни тіл мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің төмендігі адам баласының оқи және жаза білмеуі сияқты ыңғайсыз көрінуі тиіс, ал білім беру мен тәрбиелеу ісін толық жүзеге асыруда аталған салаға акцент бермей көзге елестету қиын.

Сөз қоғам дамуының ағымын аңғартады және ілгергі даму үдерісіне мүмкіндіктер туғызады. Сөз адамдардың санасы мен еркіне бірден-бір әсер ететін, оларға білім беретін, сенімін қалыптастыратын, азаматтарды нақты әрекеттерге жұмылдыратын өте күшті қарудың рөлін атқарады.

*Өте ежелгі дәуірлерден бері адам баласы жанды сөздің әсер ету құпиясының сыры неде екенін (бұл туа біткен қасиет пе, әлде ұзақ уақыт тер төге оқудың, өз бетімен білім алудың нәтижесі ме?) танып-білуге ұмтылуда. Біздіңше, осы және өзге де сұрақтарға жауапты тіл мәдениетінің, сөйлеу мәдениетінің жоғарғы шыңы *шешендіктану (риторика) ғылымы* – «сөйлеу сәтінде ойды дәл аңғарту, сөзді орынды орналастыру және мезетте тауып айту»*

зандары туралы ерекше ілім жауап береді. Ежелгі дәуірде аталмыш ғылым беделі, оның қоғам мен мемлекет өміріне әсері өте жоғары болған, сол себепті *де риториканы «ақылға жетекшілік жасайтын өнер» (Платон)* ретінде атап, әскери басшылық, эпос және музыка өнерімен қатар қойған. Осы тұста аталмыш ғылымның *«шешендік өнер»* деген екінші атауы да дүниеге келген.

Шешендіктанудың алғашқы ғылыми талдамасының авторы ежелгі дәуірдің ұлы ойшылы Аристотель риториканы әрбір нақты пәнге қатысты сендірудің мүмкін болар амалдарын табу қабілеттілігін туғызар ілім ретінде анықтайды. Бұл арадағы басты сөйлеу мәселесіндегі орталық назар аударар тұс – оның сендіру құралы екендігі. Барлық кезеңдегі ғалымдар мен шешендерді (бұған біздің кезең де енеді) тап осы мәселе толғандырып келді, әлі де ойландырады. Кәсіби маман іскери қарым-қатынаста алға қойған мақсатқа қалай қол жеткізе алады? Аудитория назарын қалай өзіне аударуға, баурап алуға болады? Қалайша сөйлеу бірден-бір әсерлі болмақ? Шаршы топ алдында ауызша сөйлеудегі сендірудің құпиясы неде? Кәсіби маманның үздік сөйлеген сөзінің жетістігі немен өлшенеді? Мүмкін болар сендіру амалдарының бірден-бір тиімдісі деп қайсыларын атауға болады? Бұл сияқты сауалдарға жауап табу, әсіресе, жаңадан келген, қалыптасу үстіндегі үйренушіге оңай шаруа емес. Біз айтар едік, ондай адамға шешендіктанудың тарихы мен теориясын терең оқып-үйренуден, ауызша сөйлеудің атақты шеберлері мен ғалымдарының еңбектерімен танысудан алшақ кетуге, өзімен жүргізілетін салмақты тәжірибелік жұмыстарға мән бермеуге, сырт қарауға әсте болмайды [1].

Жалпы іскерлік қарым-қатынас адамды сыйлай білуден басталады. Іскерлік қарым-қатынас – алуан қызмет жүйесіндегі адамдар арасындағы байланыстар дамуының күрделі де сан қатпарлы үрдісі. Бұған қатысушылар ресми статуста сөйлей отырып, нақтылы міндеттерге негізделген межелі мақсатты нысаналайды. Бұл үрдістің басты ерекшелігі – уақытты мөлшерлі пайдалану – ұлттық мәдени дәстүрлермен, кәсіби этикалық қағидаттармен анықталатын бекітілген өлшемдерге бағыну деген сөз. Әрине, бізге ресми байланыс орнатудың алуан түрлі жағдаяттарына орайлас «жазылған» не «жазылмаған» норма тәртіптері мәлім. Қызмет барысында қабылданған тәртіп жүйесі, сәйкесінше бұл ретте орнымен кідіре, ауытқи, өзгерте білу формалары *іскерлік этикет* делінеді. Оның басты функциясы – адамдар арасындағы өзара түсіністікке септесер ережелерді қалыптастыру. Бұл орайдағы маңызды функциялардың бірі – ыңғайлылықты ескеру, жинақылықты жақтау және тәжірибе негіздеріне сүйену.

Зерттеу еңбектерге сүйенсек, іскерлік этикет құрамына енетін қағидаларды төмендегідей екі топқа жіктеуге болар еді: *1) белгілі бір ұжымның өзара тең дәрежелі мүшелері арасындағы қарым-қатынас жүйесінде жүзеге асатын нормалар; 2) ұжым басшысы мен оған бағыныштылар арасындағы байланыс қалпын анықтайтын нормалар.* Ал жалпы қағидалы талаптар сапына жеке симпатия мен антипатияға байланыссыз барлық жұмыстас әріптестермен, қарсыластармен жасалатын жылы жүзді, ескерту бағытында жүзеге асатын қарым-қатынастар нормаларын қосар едік [2, 12-б.].

Іскерлік қарым-қатынас – адам өмірінің аса қажетті бөлігі, өзге адамдармен қарым-қатынас жасаудың маңызды түрі. Осы қарым-қатынастың мәңгілік әрі басты қозғаушы тетіктерінің бірі ретінде этикалық нормаларды танимыз. Бұлар арқылы біз адамдар іс-әрекетіндегі жақсылық пен зұлымдық, әділдік пен әділетсіздік, дұрыстық пен бұрыстық туралы көзқарастарымыз, пікір-түйіндерімізді аңғартамыз. Өзімізге бағынышты адамдармен, бастығымызбен, не әріптестерімізбен іскерлік ынтымақтастықта қарым-қатынас жасай отырып, әрқайсысымыз қалай болғанда да саналы не стихиялы тұрғыда осы этикалық нормаларға арқа сүйейміз, оларды тірек етеміз. Десек те, адам атаулының моральдық нормаларды түсіну дәрежесіне қарай, оның мазмұнын қандай деңгейде түсінуіне қарай, қарым-қатынас кезінде оны қандай дәрежеде ескеруіне байланысты ол өзінің іскерлік деңгейіндегі қарым-қатынасын жеңілдетпек. Оны мейлінше тиімді қолдана отырып, алға қойылған міндеттерді шешуде және мақсатқа жетуде бірден-бір жәрдемші ете аламыз. Сондай-ақ этикалық нормаларды жөнімен тиімді қолдана, үйлестіре білмеушілік қарым-қатынасты қиындатып, оны мүлдем кереғар қалыпқа түсіруі әбден мүмкін. Демек, іскерлік қарым-қатынас әдебін білу арқылы белгілі бір іс саласында табысқа қол жеткізуге болады. Сондай-ақ, ортақ адами іскерлік этикалық нормаларды тиімді қолдана білмеу қарым-қатынасты күрделендіріп қиындата түспек. Мәселен, жас маман өзінің әкесіндей кісімен қандай іскерлік қарым-қатынаста болуы тиіс; Күле қарасаң,

көйлегіне жамау сұрайтындар жетіп артылады. Бұл ыңғайда қандай қағидат ұстану тиімдірек? Іскерлік қарым-қатынасқа сәйкесті жас маман қай уақытта өзін қалай ұстауы тиіс?

Ал, іскерлік тұрғыда өзара әсер ету сәтіндегі регламенттің сақталуы сөйленер сөзге мән беру арқылы да анықталмақ. Сөйлеу этикетінің сақталу міндеттілігі – тілдік норма тәртібінің қоғамдық талқылаулардан өтуі, сәлемдесу, өтініш, алғыс және т.б. этикеттік жағдаяттарды (мәселен, «Сәлематсыз ба», «Мархабат етіңіз», «Кешірім сұрауға рұқсат етіңіз», «Сізбен танысканыма қуаныштымын») ұйымдастыруға мүмкіндік беретін типтік тұрғыдағы даяр «үлгілер» арқылы жүзеге асуы. Бұл секілді тұғырлы құрылымдар әлеуметтік, психологиялық тұрғыдағы аспектілерді және жас ерекшеліктерін ескере екшеледі. Өзара әсер ету тұрғысындағы қарым-қатынас негізіне адамдардың бір-бірімен байланыс орнатуы, белгілі бір ақпарат алмасуы арқылы өзара бірлескен іс-әрекетті жүзеге асыруы, ынтымақтастықты қалыптастыруы жатады. Өзара әсер ету қалпындағы қарым-қатынас еш кедергісіз жүруі үшін төмендегідей кезеңдерден тұруы тиіс: 1) *байланыс орнату (танысу) /Бұл ретте өзге адамдарды түсіну ұғымы, өзін өзгеге таныстыру ескеріледі/;* 2) *қарым-қатынас жағдаятына ыңғайлану, жағдаятты ой елегінен өткізу, кідірісті іріктей білу;* 3) *қажетті мәселені талқылау;* 4) *мәселені шешу;* 5) *байланысты сәтімен аяқтау.* Қызметтік байланыстар өзара тиімді әріптестік, бәсекелестік бастамалар негізінде құрылып, өзара сұраныстар мен қажеттіліктерден, ортақ істен туындауы тиіс. Сөзсіз, мұндай ынтымақтастық тұрғыдағы байланыс кәсіби маманның белсенділігін арттырмақ, өндірістің, бизнестің технологиялық үдерісінің факторы болмақ [2, 13-б.].

Кімде-кім адамдармен істес болғысы келсе, жақсы ойлана білуі өз алдына, одан да жоғары гажап сөйлесе білуі тиіс. Ал іскерлік қарым-қатынас басқарудағы қарым-қатынас этикасы мен іскери сөйлеу мәдениетін қамтиды. Мақсат – кәсіби мамандарда қазіргі заман құндылықтарына бағытталған, ізгілік көзқарастарға негізделген адамгершілік идеалдарын қалыптастыру. Біздіңше, осы орайдағы теориялық, практикалық білім негіздері өзара және әлеуметтік іскерлік қарым-қатынас салаларында іскерлік, коммуникациялық жетістіктер, табысты әрекеттер әкелері сөзсіз. Олардың басшы ретінде де, әріптес ретінде де тиісті этикет ережелерін сақтай білулері кәсіби шеберліктерін де шындамақ. Қай деңгейде де іскерлік қарым-қатынаста сөйлеу мәдениеті туралы, аудитория алдында сөйлеуге дайындалуға бағыт беру ережелері, өз тыңдаушыларының әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері туралы мағлұматтар ауадай қажет. Нәтижесінде осы реттегі практикалық жұмыстар арқылы коммуникативтік дағдылар іске асырылып, іскерлік қарым-қатынас ерекшеліктерін әркім өз тәжірибесі елегінен өткізе алмақ. Бұл өз алдына бір мәселе.

Ал жалпы *іскери қарым-қатынастағы «вертикальды», «горизонтальды» байланыстардың* этикалық қырлары туралы не білеміз? Қызметкерлермен тіл табыса қарым-қатынас жасай білу іс-әрекеттің нәтижесін танытатыны аян. *Бұл арада діңгек іспеттес этикалық алтын қағида: өзіңізге бағынышты адамдармен байланысыңыз басшыңыздың сізбен қарым-қатынасының қалай болғанын қалауыңызға сәйкесті келуі.* Ал, бұл реттегі іскерлік қарым-қатынастың ұтымды нәтижеге қол жеткізуі басшының өзіне бағыныштылармен байланыста қолданар этикалық нормалар және қағидаттармен анықталмақ. Бұлардың сапына қызмет бабындағы этикалық мәдениеттің қайсысы тиімді, қайсысы тиімсіз екендігін ескеру еңбек. Алғашқы кезекте бұл бағыттағы нормалы қағидаттар іскерлік қарым-қатынас табиғатын аңғартатындай, басқару үдерісіндегі ұйғарымдардың ненің негізінде және қалай берілуіне, қызметтік тәртіптің неден көрінетініне бірден-бір байланысты. Ал бұл арадағы іскерлік қарым-қатынас этикасының сақталмауы жағдайында көпшілік адамдар ұжымда өзін адамгершілік тұрғысынан қорғаныссыз сезініп, ыңғайсыз күйге енеді. Басшының өз қызметкерлерімен байланысы іскерлік қарым-қатынастың тұтас құрылымына әсер етіп, оның адами-психологиялық табиғатын айқындауға сеп. Нәтижеде дәл осы деңгейлер дәрежесінде қарым-қатынас мәдениетінің эталонды қағидаттары қалыптаспақ. Бұл орайдағы іскерлік қарым-қатынастың қағидалы үлгілерінің бірқатары төмендегіше:

- *Өз ұйымыңызды қарым-қатынастың жоғары моральдық нормаларына сәйкес бірлігі мықты ұжымға айналдыру. Кәсіби маман қызметкерлерді ұйымның алғы мақсаттарына жұмылдыра білу. Адам атаулы өзін ұжым мүшелерімен тығыз бірлікте екендігін толық аңғарғанда ғана өзін адамгершілік жағынан да, психологиялық жағынан да еркін сезінетіндігін ескеру;*

- жауапкершілік мәселесіне байланысты проблемалар туындаған жағдайда басшы атаулының оның басты себептерін анықтауы. Проблема білімсіздіктен (надандықтан, мәдениетсіздіктен) туындап жатса, онда қарауыңыздағы қызметкерлердің әлсіз, кем тұстарын олардың бетіне басып үнемі айта бермеу. Қайта оның кемшіліктерін жоюға, толықтыруға қандай жәрдем жасай аларыңды ойлану;

- қызметкерлерге этикалық нормаларға сәйкесті ескерту жасау. Жағдаят турасында барлық ақпараттарды жинау, сәйкесінше қарым-қатынастың лайықты формасын таңдау. Ескертпелерді көзбе-көз тек оңаша отырғанда ғана айту;

- адамның жеке басын емес, оның іс-әрекетін сынау;

- қажетіне қарай комплимент айта отырып, сынды сыналап жеткізу амалын қолдану.

Іскерлік қарым-қатынасты достық нотасында аяқтау;

- өзіңізге бағынышты адамдардың жеке өміріне орынсыз араласпау;

- қызметкерлердің бәріне бірдей тең құқылы мүше ретінде қарау;

- қызметкерлердің ұтымды қадамын, жақсы табысын мадақтауға келгенде мүдірмеу, жылы сөзіңді аяп қалмау;

- ортақ іске қатысты жіберген қателіктерді жасырмау, бүгін қалмау;

- қарауыңыздағылардың алдында әркез адал болу;

- белгілі бір ұйғарым жасарда әр түрлі нюанстарға сәйкесті мөлшерлі жағдаятты және қызметкердің жеке тұлғалық қалпын ескеру [2, 14-б.].

Ал «төменнен жоғары» қарайғы іскерлік қарым-қатынас қызметкердің өз басшысымен арадағы байланысын аңғартпақ. Бұл орайдағы қарым-қатынас мәдениетінің этикалық қағидасын бір ауыз сөзбен «қарауыңыздағы қызметкерлер сізге қандай қалыпта қарым-қатынас жасауын қаласаңыз, сол деңгейде басшыңызбен де байланыс орнату жөн» деуге болар еді. Жалпы өз басшысымен қалай тіл табыса білудің өзі қарауыңыздағыларға қандай адамгершілік талаптары негізінде байланыс орната алудан бірден-бір кем емес. Бұл реттегі іскерлік қарым-қатынасқа бірден-бір қажетті этикалық қағидалар үлгілерінің біразы төмендегіше: 1) Ұжымда әділ байланыстарға негізделген адамгершілік тұрғыдағы өзара ниеттес, тілектес бағыттағы атмосфераны қалыптастыруға көмектесу; 2) Өз көзқарасыңызды тықпалауға не оған ақыл үйретуге ұмтылмау. Өзіндік ұсыныстарыңыз бен ескертпелеріңізді орнымен орнықты да мәдениетті түрде білдіру; 3) Қатқыл түрде кесіп-пішкен тонда үзілді-кесілді бағытта сөйлеспеу; 4) Үнемі адал да әділ, сенімді болу, жағымпаздық, жарамсақтықтан аулақ жүру. Өзіндік мінезіңіз, ұстанымыңыз болғай [2, 16-б.].

«Горизонтальды» қарым-қатынас – тең дәрежелі әріптестер арасындағы іскерлік байланыстар. Бұл арадағы этикалық қағидалы діңгек: «Іскери қарым-қатынаста әріптесіңіздің сізге қалай қарағанын қаласаңыз, сіз де онымен сондай қатынас ұстану. Белгілі бір жағдаятта өзіңізді қалай ұстауда қиналасаңыз, өзіңізді әріптес орнына қоя білу». Әрине, әріптесаралық іскерлік қарым-қатынастың тиімді нормалық қағидағтарын реттеу мен жағымды тон табудың оп-оңай шаруа еместігін ескеру артық болмайды. Бұл орайда ұстаным боларлық қағидалы үлгілер төмендегіше:

- ортақ істі орындаудағы жауапкершілік пен құқықтардың нақты да дәл бөлінуіне қол жеткізу;

- өз жауапкершілігіңізді қарауыңыздағыларға аудара салмау;

- әріптестеріңіз туралы күні бұрын жаман ойда болмау. Олармен қарым қатынаста мүмкіндік болғанша сенімсіздіктен, өсек-аяңнан ада болу, ондайларды маңыңызға жолатпау;

- әңгімелесуші әріптестеріңізді өз атымен атап, ретіне қарай бұны жиі қайталап отыру;

- дидарласушыңызға жылы қатынасыңызды білдіру мақсатында достық пейілде болу;

- қолыңыздан келмейтін нәрсеге уәде бермеу. Өзіңіздің іскерлік мүмкіндіктеріңізді тым асыра бағаламау;

- дидарласушыңыздың сізге жат еместігін, ұнайтындығын сөзбен, көзқараспен, ым-ишаратпен сездіру. Жымия отырып, көзіне тура қарау;

- әріптесіңізге өзіңіздің жеке мақсатыңызға қол жеткізудің құралы емес, сыйлауға тұрарлық тұлға ретінде қарау [2, 17-б.].

Қысқасы, бүгінгі қоғамдағы кәсіби маманның іскерлік қарым-қатынас әдебінің аспектілерін жете білуі бастаған ісінің сәтті өрлеуіне кепіл болмақ.

Ия, қоғамда сөйлеу мәдениеті проблемасы бары анық. Ал кәсіби маманның тіл мәдениетінің қалыптасуында ойланар тұстар да жеткілікті. Жалпы кез келген кәсіби маманның сөзі жұртты ұйытып, тыңдаушылардың айызын қандыруы тиіс. Ондай сөзді тыңдай беруден әсте ешкім

жалықпасы да айқын. Өкініштісі – көп тұста мамандарымыздың сөзі әсерсіз, нәрсіз келіп, тыңдаушысын мезі етіп жіберетіндігі. Мұның өзі сөздің коммуникативтік сапасы, қысқаша айтқанда, сөз сапасы деген аса күрделі ұғыммен тығыз бірлікте. Ал сөздің коммуникативтік сапасы сөз байлығы, сөз дәлдігі, сөз дұрыстығы, сөз тазалығы, сөз әдебі секілді белгілерімен танылмақ. Мәселен, кәсіби маманның оралымды тіліне қойылар талаптың бірі – сөз байлығының болуы. *Сөзі жұтаңның ойы да таяз көрінбек. Соның салдарынан мақсатсыз қайталау да көп болмақ. Орынсыз қайталау тілдің коммуникативтік сапасын күрт төмендетіп, ойды дәл, мазмұнды жеткізуге кедергі болмақ, нәтижеде аз сөзбен көп мағына беру қағидаты бұзылары ақиқат* .

Сөздің коммуникативтік сапасынан туындата өрсек, бүгінгі кәсіби маманның іскерлік қарым-қатынастағы тіл мәдениетін қалыптастыру бағытында тыңдар құлақ, ұғар ұғым болса, тереңнен таратып айтылар тұстар жеткілікті. Ең алдымен мәлімделер *түйінді тезис – бүгінгі зиялы қауым сапына енер кәсіби мамандардың бойында шешен сөйлеу дағдылары болуының аса қажеттілігінің өзекті мәселе екендігі*. Ал тарата таразылар болсақ, бүгінгі кәсіби маман атаулыда қашан да тыңдаушы қауымға әсер ете сендіре білу дағдысының болуы абзал. Осы тұрғылас дағдыларды игеру үшін әр маманға шешендіктану қағидаларын білу міндетті. Жарқын да бейнелі, тартымды сөйлей білуге, өзіндік сөйлеу стилін қалыптастыруға, ішкі табиғи қалып, ерекшелік және икемділіктерді ескере келе, өзіндік сенімділікті қоюлатуға ұмтылу дұрыс. Белгілі бір ой ұшығын тыңдаушыларға жеткізе отырып, олардың бойында қажетті әсер қалдыру үшін ерік күші, темперамент және тер төге еңбек ету керек-ақ.

Тақырыпқа сай шаршы топ алдында сөйлеу кәсіби маманнан психологиялық әзірлік пен алдын-ала жаттығуды талап етері даусыз. Егер де кәсіби маман сөйлеуге тиісті тақырыбына қатыссыз барлық қам-қарекеттер мен қажетсіз ойлардан арыла білсе, алға қойған мақсатты межеге тез жетері анық. Тек осындай қалыпта ғана ол аудиторияға әсер етіп, көпшілікті өзіндік көзқарасының дұрыстығына иландыра алады. Өкінішке орай, көпшілік жағдайда кәсіби мамандар не айтарын жақсы біле тұрса да, өз ой-түйіндерін тыңдаушыларына дәл де дөп жеткізе білмейді. *Басты себеп, сөйлеушінің іскери әдістемелік жағынан әзірлігінің кемшіндігі, тыңдаушылардың қабылдау ерекшеліктерімен таныс еместігі, аудиториямен қарым-қатынас дағдыларын игермендігі*.

Біздіңше, әрбір кәсіби маманның тіл мәдениетін қалыптастыруда төмендегідей қағидалы түйіндерді ескеру тиімді болар еді:

I. Шешендік туралы әр кездегі тұжырымдардан өзіне қажеттісін елеп ала білу. Шешендіктің кісі көркі, ақылмен билеу өнері; тіл өнері мен сөйлеу мәдениетінің ең жоғарғы сатысы; дидарласушымыздың жүрегі мен ақыл-ойын баурап алуға, оны не нәрсеге болса да сендіруге, иландыруға септесетін бізге берілген сый; кез келген нақтылы зат туралы шебер сөйлеу өнері және сонысымен өзгелерді өз ойына ойыстыра білу екендігін; біліктілік пен білімнен, қуатты түйсік пен терең сезімнен, санадағы саңлақтық пен ұшқыр қиялдан, тер төгу мен ой тербелісінен туындай келе, білгірліктен кейін тұратындығын; сөз бен ойға негізделетіндігін; биік дүниетаныммен, ғылым-білімді терең меңгерумен, халықтың тұрмыс-тіршілігін, жөн-жосықтарын жүйрік танумен, жалпы айтқанда адамзаттың рухани мәдениетінен мол хабардар болуымен, ой өрісінің кеңдігімен тамырлас екендігін білгені жөн. Демек, танымал сот шешені, академик Анатолий Федорович Кониге сүйене айтсақ, *мемлекеттік қызметкерге қажетті шешендік дегеніміз* -тыңдаушылардың жан-сезім әлемін сөзінің әдемілігімен, образдарының жарқындылығымен, нақыл, ғибрат сөздердің ұшқырлығымен толқытатын, баурайтын өнер, өзгеше қабілет-қарым, тума қасиет, сондай-ақ өскен ортаның, үлгілі жандардың, ұлағатты кітаптардың тағылым-тәрбиесі, өз дүние-танымының нәтижесі [3].

II. Шешен табиғаты туралы айқын түсінігінің болуы. Шешен қашан да қарулы жауынгердей сақадай сай қалыпта мәнді де ұлы істерді үздік орындауға және әрдайым жеңіске ұмтылуы; онда диалектіктің тапқырлығы, философтың ойы, ақын тілі, заңгердің жады, трагиктің дауысы болуы; дәл де нақты дәлелдермен иландыра білу, тыңдаушылардың жан дүниесіне өтімді де батымды сөзбен ой сала әсер ету, сондай-ақ судьяның көзін жеткізуден гөрі, оның көңілін көтере рухтандыру маңыздырақ екенін аңғару білігінің болуы; шешеннің парызы – шындықты айту; ал ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау екендігін білуі тиіс.

Иә, дарынды ділмар шешен, біздің жағдайымызда, кәсіби маман, әр нәрсенің мән-мәйегі мен әсемдігін өзіне қайтара алады. «Шешен сол – сөйлер сөзден қамалмаса», – дейді Шал ақын. Шынтуайтына келгенде, шешендер айтқан сөзі арқылы адамның ақылына қону жағын ғана

көздемейді, сөздің қанға, жанға әсер етіп, арбау сияқты адамның ойын да, бойын да балқытып, билеп алып кетуге ыждаһат етерін ескеру абзал. Шешенге орасан сезімталдық, құбылыс атаулыны жанды қалыпта елестете білу ауадай қажетті. Ол өз тыңдаушыларының бойында шалқыған шабыт, дария сезім, атқарылар іске сәйкесті құштарлық ұялатқысы келсе, ең алдымен осыны өз бойынан өткізуі тиіс. Орайлы тұста М. Т. Цицерон шынайы шешеннің, тума таланттың халық өмірі мен әдет-ғұрпын, салт-сана дәстүрлеріне мейлінше жетік болуын баса атайды.

Шешен шаршы топты өрнекті ойларымен иландырады, оның ұлылығы асқан шабытпен, құлшыныспен, пафоспен өлшенбек. Демек, ол көпшілікті сөзінің оттылығымен, жарқылығымен, күшімен, көріктілігімен баурап алмақ. Сондай-ақ, шешен елге түсінікті болуы үшін, бүкпесіз ашық болғаны жөн. Ұзын сөздің қысқасы, шешен – тыңдаушылардың рухани дүниесін байытушы, өмірдегі, қоғамдағы алуан түрлі құбылыстарды байыбына жетіп, талдап түсіндіруші, белгілі бір ой-пікірлерді, халықтық мәселелерді жеткізуші, жан сала насихаттайтын үгітші. Бұл орайда ол – әлеуметтік-саяси тұлға.

III. Шаршы топта сөз бастаудың қиындығын аңғаруы. Терлеп көрмеген тер қадірін қайдан білсін. Мемлекеттік қызметкер әркез «Көш бастау қиын емес, қонатын жерде су бар; Қол бастау қиын емес, шабатын жерде жау бар; Шаршы топта сөз бастау қиын, шешімін таппас дау барлығын»; сөйленер сөздің «бастамасы», «ұсынбасы», «мазмұндамасы», «қыздырмасы», «қорытпасы» боларын білуі тиіс. Данышпан Абай айтпай ма, «сөз танымайтынға сөз айтқанша, өзіңді танитын шошқаны баққан жақсы» деп. Демек, өзгеге қарата сөз сөйлеу, шаршы топта сөз бастау қайдан оңай болсын [3].

Сөз екшей білу өнері тыңдаушы қауымның жүрек лүпілі мен сана-сезімінің өз жеке ойымыз бен сөзіміз арасында байланыс орната білу білігінен құралмақ. Бұл арада біз адамзат жүрегінің түкпірін жете түсінуіміз, тіпті оның әрбір қалтарысты иірімдерін сезіне де аңғара білуіміз керек, тек сол жағдайда ғана айтылмақ сөзіміз өзгені иландырмақ. Мәселен, тыңдаушыларымыздың орнына өзімізді қоя отырып, таңдаған формамыздың тақырыппен үйлесімділігін, көпшілікті елексітіп, еліте толғандыра аларлықтай сезім тудыратындығына көзімізді жеткізіп көрелікші. Бұл ретте мүмкіндігінше қарапайымдылық пен табиғилық қалып сақтай отырып, «түймедейді түйедей» етпеуге, мәндінің құнын түсірмеуге ұмтылған дұрыс. Таңдаған сөйлеу формамыз мейлінше айқын да жарқын болғаны, мазмұнға сәйкес келуі және құрамына тек аса қажеттілерді ғана кіріктіргені жөн. Жалпы адам нені жан-тәнімен сезінсе, ұғынса, соны ғана ол жетер жеріне жеткізіп айта алмақ. Өзі жақсы білмейтін жайды уағыздағанда ғана кісі сөз таппай қалады. Адамды ой жетектей алса, ол анық сөйлемек, ал адам ойын жетектей алса, одан да анық сөйлері анық. Белгілі ойшыл Р.Эмирсонша түйіндесек, адам моладан шығып қалмайтындай етіп сөйлеп, жазуы үшін, қашан да ақ сөйлеп, адал жазу қажет-ақ. Бұл арада атақты Аристотельдің «Платон - менің досым, алайда ақиқат орны қымбат-ақ» дейтін сөзін естен шығармау жөн.

Десек те, шешендердің жүйрік ой толғауы тыңдаушылардың талғамына тәуелді. Демек, *әрбір кәсіби маман не айтарын, қашан айтарын және қалай айтарын жете түсінуі тиіс.* Бұл ретте тыңдаушылардың назарын аудару үшін, қысқалық, ширақ сөйлеу, көңілді сергітетін қысқа да нұсқа қайырым-шегіністердің болуы алғы межелі мақсатқа жетуге еселеп жәрдемдеспек. Алғыр шешен күні бұрын тыңдаушылардың ойлары мен көңіл-күйін өткір сезінеді. Ол аса сақтықпен сөйлейді, әбден өзіне бағындырып алған соң, олардың сезім-күйлерін билеп әкетпек. Мемлекеттік қызметкердің сөйлеу стилі тартымды да отты болуы тиіс. Ол тыңдаушылардың ынтасын біржола өзіне қаратуы тиіс. Кәсіби маман әңгімесі оқтын-оқтын шымырқанған шабытпен айтылып, қадау-қадау ой-пікірлерді жаудырып, төгіп, төпелеп жіберуі де кейде артық емес.

Шешен қырағы, байқампаз болса, аудиторияның шын-шырғасын шығармай уысында ұстары даусыз. Егер де шешен сөзі аудиторияға ғаламат әсер ететін болса, онда тыңдаушылардың көздері от шашып, жүздері гүл-гүл жайнап, ықыластанып, жұмсақ жымыып, бастарын изеп, қоштағандай, қолдағандай ым-ишараттар жасайды. Ыстық ықыласын, ізет-ниетін дауыстап та білдіреді. Сөйтіп, шешен мен аудиторияның құлшынысы бірдей оянып, оттай маздап, бір-бірін жетелеп, қоян-қолтық араласып, туысып кетпек. Қысқасы, кәсіби маман шешен ретінде оны тыңдамау, түсінбеу, онымен келіспеу мүмкін емес болатындай тұрғыда сөйлеуі дұрыс.

IV. Сөз сөйлеуге даярланудың қажеттігі туралы. Кәсіби маман небір өнер я даналық шыңына оларды оқып-үйренбей жету әсте мүмкін еместігін; кімде-кім өз сөзін алдын-ала дайындаса, сол-халыққа нағыз берілген, шын мәнінде халық үшін қызмет ететін жан, ал көпшілік сөзімді қалай қабылдайды дегенге немқұрайлы қараушылық – сендіруді емес, күшпен көндіруді мақсат еткендік екендігін есте ұстағаны жөн-ақ [3].

У. Сөйлеу мәдениеті туралы ойлануы. Сократ айтады: «Сөйлеп көріңіз, мен Сіздің кім екеніңізді айтайын» деп. Демек, кәсіби маман адамның хайуанаттан артықшылығы тілі, ал оны орынды қолдана алмаған адамның хайуаннан бетерлігін есте ұстап, кез келген сөйленген сөз жанды құбылыс іспеттес, ол бас-аяғы бар дене секілді және де тұтас кеуде тұсы мен аяқ жағы бір-бірімен үйлесімді де сәйкесімді әрі біртұтастықта өрілген болып келуі заңды; жақсы сөйлеу – жай ғана естіртіп жақсы ойлау екенін ескеруі ауадай қажет.

ҮІ. Кәсіби маманның ұстамды да орынды сөйлей білуі ділмарлықтан көп артық. Шынында да, ақылды ақырын сөйлер де, жауабын күтер. Бұл ретте А. П. Чеховтың: «Мен өзімді тежеуге үйрендім, өйткені парасатты кісі өзін бетімен жібермеуі тиіс», – дегені бар.

ҮІІ. Жылы жүзді, жылы сөзді бола білуі. Кәсіби маманның сөйлеу сәтіндегі жан-дүниесінің қозғалыстары дене қимылымен ұштасуы тиіс. Бұл реттегі «От сықылды жылы болсын жүзіңіз бен сөзіңіз» деген Шәкәрім сөзі ой салса керек.

ҮІІІ. Әр сөздің айтылуына қарай мың сан мағынасы барлығына үңілуі. А. С. Пушкиннің өзі мағынасыздықтың екі түрін атайды: бірі – сезім мен ойдың жетімсіздігінен пайда болар сөздің көптігі, екіншісі – сезім мен ой асып-төгіліп жатса да, оны жеткізер сөздің кемдігі. Сондай-ақ шешен нәзік құбылыстарды қатқыл үнмен айтса, не болмаса ыңғайсыз әңгімелерді нәзік дауыспен жеткізсе, тыңдаушысын иландыра алар ма еді.

ІХ. Қысқа да нұсқа сөйлеуге төселуі. Ж. Баласағұни: «Көп сөйлеме азбен келтір иінін, Бір сөзбен шеш түмен сөздің түйінін», -демей ме. Шын сөз қашан да нұсқа, жақсы сөз қашан да - қысқа болмақ. Көп сөйлеген мылжың шын сөзді аз айтады; Ақылы келте адамның әдетте тілі тым ұзын болады; Ойшыл адам, мүмкіндігіне қарай, көп ойды аз сөзге сыйғызуға тырысып, қысқа сөйлейді; Бүге-шүгесіне дейін түгін қалдырмай айтуға тырысу нәзік сезінуге қабілетті адамды жалықтырып, намысына тиеді; Тілінде тиегі жоқтардың бәрі бөспелер ауылынан. Ең бергісі жалған жымыяп, босқа даңғырлайды. Қысқасы, «Аз сөйлер де, көп тыңдар, Хас асылдың баласы», – деп, Махамбет бабамыз айтқандай, кім-кімге де аз сөйлеп, көп тыңдаған жөн. Қашан да аз сөйлеген қателеспес, аз жеген ентікпес. Кәсіби мемлекеттік қызметкерлер ең қысқа сөздің мағыналы көзқарас екендігіне назар аударуы артық болмас еді. Демек, қазақтың Қабдоловына сүйене ой түйсек, «көп біліп, дөп сөйлеген-шешен, аз біліп, көп сөйлеген-мылжың».

Х. Үндемей қалудың да үлкен күш екендігін сезінуі. Исократқа сүйенсек, екі жағдайда ғана сөйлеуді қолдайды: бірі - өзіңнің сөйлер нәрсенді айқын ойланып алғанда, екіншісі – бір нәрсе жайында айтудың аса қажеттілігі туындағанда. Тек осы жағдайларда ғана үндемегеннен сөйлеуді мақұл көрсе, қалған тұстарда сөйлегеннен сөйлемегенді анағұрлым артық санайды. Шал ақын айтпай ма: «Байлауы жоқ шешеннен, үндемеген есті артық, Бәйге алмаған жүйріктен, белі жуан бесті артық» деп. Иә, көп сөйлеген көп сәтсіздікке де ұшырамақ, ендеше сөзге сақ болу шешендіктен де асқақ. Өз саласының майталманы А. Ф. Кони мәнді ештеңе айтпағаннан, үндемеуді артық көрсе, білгір Боуви: «Ақылды сөйлеу-қиынның қиыны, ақыл безбеніне салып үндемей қалу одан да қиын», – деп тұжырады. Демек, өзінің тіліне күші жетпеген адамның сөзінде шынайы шындық болмасы анық. Ұлы ойшылдарымыздың бірі Анахарсис кейінгіге тілінді, тәбетінді, нәпсінді тыйып ұстау турасында ұлағат қалдырған.

Қысқасы, кәсіби маманға орнымен сұрауға, көңіл қойып тыңдауға, байсалды түрде жауап беруге және басқа айтар ештеңесі жоқ кезде сөйлеуді доғаруға үйренгені абзал. Бұл орайда: «Егер айтпағаныңа бір рет өкінер болсаң, үнсіз қалмағаныңа жүз рет өкінерсің», – деген Л. Н. Толстойдың бұған жалғастыра, «адамдар қалай сөйлеуді үйренумен әуре болып жүр, ең басты ғылым қалай және қашан үндемеу керектігін» айтуы ескеруге тұрады. Десек те, есті адам қашан да тілін тияр-ау, ойымыз тиылмасын делік.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қыдыршаев, А. С. Шешендіктану / А. С. Қыдыршаев. – Орал. – 2004. – 156 бет.
2. Қыдыршаев, А. С. Іскерлік шешендіктану қағидалары / А. С. Қыдыршаев, Д. Қ. Төлегенова. – Орал. – 2007. – 68 бет.
3. Қыдыршаев, А. С. Шешендік тағылымы / А. С. Қыдыршаев. – Орал. – 2006. – 142 бет.
4. Борохов, Э. Энциклопедия афоризмов: жемчужины мысли / Э. Борохов – М. : Мысль – 2003. – 686 с.

Мазмұны - Содержание

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ АГРОНОМИЯ

Браун Э. Э., Абитова Б. К. Птичий помет – ценное органическое удобрение.....	3
Женсикбаева А. К., Рахимғалиева С. Ж. Батыс Қазақстан облысының қара қоңыр топырағының қарашірік қоры.....	7
Кургамбеков Б. У. Влияние подсева многолетних трав, на качество корма старовозрастных пастбищ Костанайской области.....	11
Кучеров В. С., Ахмеденова С. Г., Мурзабекова Ж. А., Тумағалиева А. М. Оценка воздействия Карачаганакского нефтегазоконденсатного месторождения на окружающую среду Западно-Казахстанской области.....	13
Насиев Б. Н., Жаңаталапов Н. Ж. Егіс алды тыңайтқыштардың жаздық бидай сорттарының өнімділігі мен өнім сапасына әсері.....	17

ЗООТЕХНИЯ

Абжанов Р. К., Жамурова В. С. Молочная продуктивность черно-пестрой, симментальской и помесей симментальской красно-пестрой голштино-фризской коров.....	20
Абылгазинова А. Т., Абжанов Р. К. Мясные качества крупного рогатого скота казахской белоголовой породы племзавода «Калбатау».....	22
Алимбаев Д. Т. Взаимодействие генотипа и среды при селекции белых каракульских овец племенного хозяйства «Жансая» Южно-Казахстанской области	25
Жамурова В. С., Абжанов Р. К., Бупебаева Л. К. Технические требования нового стандарта Республики Казахстан на молоко – коровье.....	29
Жумадиллаев Н. К. Продуктивность и экстерьер линейных и нелинейных животных создаваемой мясной тонкорунной породы.....	31
Укбаев Х. И., Шамекенова Р., Тенлибаева А. Относительный прирост промеров у курдючных овец гиссарской породы в Сайрамском районе Южно-Казахстанской области.....	34
Укбаев Х. И., Шамекенова Р., Тенлибаева А. Показатели шерстной продуктивности у курдючных овец гиссарской породы в Сайрамском районе Южно-Казахстанской области.....	36

ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Байтлесов Е. У., Авдиенко В. С. Етті тұқымды сиырлардың эмбриональдық шығындарының жиілігі және оны азайту тәсілдері.....	38
Байтлесов Е. У., Днекешев А. Қ. Жыныстық циклдің нейрогуморальдық реттелуі және етті ірі қара шаруашылығындағы эмбриотрансплантация	43
Байтлесов Е. У., Днекешев А. Қ. Сиырлардың эндометрит кезіндегі иммунологиялық статусына лазеропунктураның тигізетін әсері	47
Днекешев А. К., Кереев А. К. Ақжайық етті жүнді қой тұқымы қошқарларының ұмасы мен енбауының жасына қарай морфометриялық көрсеткіштері.....	52

Душаева Л. Ж. БЦЖ вакцинасын қолданғаннан кейінгі теңіз шошқаларының ағзасындағы вакцинаның иммуноморфологиялық, ультроқұрылымдық және иммуногенетикалық тиімділігін бағалау.....	55
Душаева Л. Ж., Кушалиев К. Ж. БЦЖ вакцинасын қолданғаннан кейінгі ұсақ ірі қара малдарының ағзасындағы вакцинаның иммунды морфологиялық, ультроқұрылымдық және иммуногенетикалық тиімділігін анықтау.....	59
Кереев А. К., Днекешев А. К. Ақжайық етті жүнді тұқымының 5-6 ай жасындағы қошқарларын әртүрлі тәсілдермен кестірудің клиникалық көрінісіне салыстырмалы баға беру.....	62
Кереев Я. М., Шалменов М. Ш., Нуржанова Ф. Х., Лукманова Ж. Г. Инвазированность карповых рыб метацеркариями описторхиса в водоемах ЗКО.....	66
Кереев Я. М. Модифицированный метод определения яиц описторхиса.....	68
Кушалиев К. Ж., Какишев М. Г., Зулхарнаева Р. Г. Создание коллекции ДНК препаратов на основе культурных штаммов <i>M. Tuberculosis spp.</i>	70
Мыктыбаева Р. Ж. Культуральные свойства некоторых новых штаммов основных видов неспорозных уробактерий.....	74
Хусаинов Д. М. Диагностическая ценность бивалентного роз бенгал антигена при диагностике бруцеллеза.....	77
Хусаинов Д. М. Изыскание технологии одновременного получения антигена и аллергена при диагностике бруцеллеза.....	81
Шалменов М. Ш., Кереев Я. М., Нуржанова Ф. Х., Сидихов Б. М. Впервые на Западе Казахстана получен экспериментальный описторхоз кошек.....	85

ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Жексембиева Н. С., Сарсенов А. Е., Утепов Г. Н. Ветроэнергетическая установка для водоснабжения в сельскохозяйственном производстве	88
Жексембиева Н. С., Сейтаков А., Ербаева С. Г., Ербаев Е. Т. Механикалық энергияны электр энергияға түрлендіретін аспаптарды талдау.....	93
Каримсаков Т. К. Разработка функциональной схемы асинхронного электропривода импульсного регулирования с микропроцессорным управлением энергоемких конвейеров зерновых элеваторов.....	98
Каримсаков Т. К. Разработка принципиальной схемы асинхронного электропривода импульсного регулирования с микроконтроллерным управлением конвейеров зерновых элеваторов.....	102
Мулдашев М. А., Бралиев М. К., Мухтаров М. У. Влияние внешних факторов на пуск и эффективность работы дизельного двигателя.....	106
Нукешев С. О. Научные основы дифференцированного внутривидового внесения туков в системе точного земледелия.....	109
Сейтаков А., Ербаева Н. Б., Ербаев Е. Т., Жексембиева Н. С. Ауа ағынының қуатын және жылдамдық бағытын талдау.....	116

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР

Махамбет Н. М., Мажитова Г. М. Лизинг операцияларының коммерциялық банктерде қолданылуын жетілдіру жолдары.....	120
Примбетова С. Ч. «Бенчмаркинг» – маркетингтік зерттеу функциясы ретінде.....	124
Хайржан Г. Х. Мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы – тұрғындарды жұмыспен қамтудың кепілі ретінде	129
Шналиева З. И. Ауыл шаруашылығында шаруашылықтық басқару жүйесін жетілдіру жолдары.....	132




**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ФИЗИКО-МАТЕМАТИКАЛЫҚ**



Умбеталиева Г. А. *Устойчивость динамических систем.....*135



**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
БИОЛОГИЯ**




Мурзашев Т. К., Ким А. И. *Оценка условий для развития товарного рыбоводства на природных водоемах Западно-Казахстанской области.....*140


Пономарев С. В., Баканева Ю. М., Сергалиев Н. Х., Туменов А. Н. *Совершенствование биотехнологий культивирования осетровых рыб.....*144




**ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЭКОЛОГИЯ**



Сергалиев Н. Х. *Сравнительный анализ численности различных групп микроорганизмов залежных почв.....*147



**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ТАРИХ**



Балжанова Г. Ж. *Бөкейлік Алаш қайраткерлерінің өмірдеректері туралы мағлұматтар.....*151



ПЕДАГОГИКА

Стаценко Т. К. *Взаимодействие выпускающих кафедр с работодателями как основа качества подготовки специалиста в области экономики.....*155

Айдар: Жоғары білім беру жүйесіндегі риторика

Қыдыршаев А. С., Мергенбаева Е. Н. *Кәсіби маманның іскери қарым-қатынастағы
тіл мәдениеті.....***159**

Авторларға арналған ереже

«Ғылым және білім» ғылыми-практикалық журналы қазақ, орыс және ағылшын тілінде әр тоқсан сайын шығады. Журналдың негізгі тақырыптық бағыты – ғылыми, ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларды жариялау. Журналда негізгі секция бойынша ғылыми зерттеу жұмыстары және олардың өндіріске енгізу нәтижелері жарияланады: ауыл шаруашылық ғылымдары (агрономия, зоотехния, орман шаруашылығы), ветеринарлық ғылымдар, техникалық, экономикалық, жаратылыстану (жер туралы, физика-математикалық, химиялық, биологиялық, экологиялық ғылымдар), гуманитарлық ғылымдар (тарихи, философиялық, әлеуметтік, заңгерлік, педагогикалық).

Журналға барлық ғылыми бағыттар бойынша қолжазба мақалалар қабылданады. Журналға жариялауға жоспарланған ғылыми-техникалық және өндірістік мақалаларға редакция алқасы пікір жазып, бекітеді.

Бекітілген материалдар редакциядағы жарияланым кезегінің «портфельіне» орналастырылады. Пікір жазу, бекіту кезеңі 1-3 ай аралығын қамтиды, кейін жарияланым кезегін күтеді.

Жарияланым жылдамдығы материалдың өзектілігіне және тақырып бойынша редакция «портфельінің» толуына байланысты.

«Ғылым және білім» журналына мақала дайындаған кезде төмендегі ережелерді жетекшілікке алуды ұсынамыз:

1. Материалдар (2 дана) баспа және электронды нұсқада, Word редакторында А4 пішіндегі ақ парақ бетіне бір интервалмен, барлық жағынан 2 см орын қалдырылып, 12 кегельдегі Times New Roman қарпімен жазылып, ұсынылады.

2. Қолжазбаларда әмбебап ондық жіктеуіш индексі болу керек – **ӘОЖ** (ғылыми кітапханалардағы индексация жетекшілігімен сәйкес).

3. Мақала тақырыбы – жарытылай қарайтылған бас әріптермен, 12 кегельдегі Times New Roman, Times New Roman КК ЕК қарпімен, ортаға түзете қойылады.

4. Аты-жөні, тегі, ғылыми лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекеменің толық атауы көрсетіледі (12 кегельде ортаға түзете қойылады).

5. Түйіндеме қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (11 кегель, курсив, Times New Roman, Times New Roman КК ЕК қарпі) жазылады.

6. Қолданылған әдебиеттер тізімі ГОСТ 7.1-2003 (12 әдебиеттен аспау) мемлекет аралық стандартқа сәйкес мақала соңында, мәтінде көрсетілген сілтемеге сәйкес берілуі керек.

7. Графикалық материалдар графикалық редакторда орындалып, мәтін арасына салынады. **Сурет** атауларында барлық белгілері көрсетіледі. **Кестелерге** тақырып жазылып, нөмірленіп, рет-ретімен орналасуы керек (3 кесте, 5 суреттен аспау керек).

8. Қолжазбаның жалпы көлемі, түйіндеме, сурет және кестемен қосқанда **3-8 беттен** аспау керек.

9. Мақалаға міндетті түрде барлық **авторлардың қолы** қойылады (4 автордан аспау керек).

10. Мақала соңында автор жөнінде мәлімет (ұйым атауы, лауазымы, ғылыми дәрежесі, мекен-жайы, байланыс телефоны) көрсетіледі.

11. Жарияланым мүмкіндігі жөнінде әр бір мақалаға **ҒЖ жөніндегі проректор бекіткен сарапшы қорытындысы** толтырылады.

Редакция мақалалардың әдеби және стильдік жақтарын өңдемейді. Қолжазбалар мен дисктер қайтарылмайды. Талапқа сай жазылмаған мақалалар жарияланымға шықпайды және авторларға қайтарылады.

Өзге жоғары оқу орнының авторлары үшін журналда мақала жариялау жарнасы 1500 теңге. Мекен-жайымыз:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51.

«Ғылым және білім» – «Наука и образование» Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-нің ғылыми-практикалық журналы.

Анықтама телефондары: 50-21-15; 51-61-30.

E-mail: nio_red@mail.ru

Журналда мақала жариялау жарнасын мына есеп-шотқа аударуға болады:

РМҚК «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті»

РНН 270 100 216 151

БИН 021 140 000 425

ИИК KZ 516010181000027495 «Қазақстан Халық Банкі» АҚ Батыс Қазақстан Филиалы

БИК HSBKZKX

КБЕ 16

Правила для авторов

Научно-практический журнал «Ғылым және білім» выходит ежеквартально на казахском, русском и английском языках. Основная тематическая направленность журнала – публикация научных, научно-технических и производственных статей. В журнале публикуются результаты научных исследований и их внедрения в производство по основным секциям: сельскохозяйственные науки (агрономия, зоотехния, лесное хозяйство), ветеринарные науки, технические, экономические, естественные (наука о земле, физико-математические, химические, биологические, экологические), гуманитарные науки (исторические, философские, социологические, юридические, педагогические).

В журнал принимаются рукописи статей по всем научным направлениям. Научно-технические и производственные статьи, планируемые к опубликованию в нашем журнале, проходят процедуру рецензирования и утверждения на редакционной коллегии.

При положительных заключениях материалы помещаются в "портфель" редакции в очередь на опубликование. Процедура рецензирования-утверждения занимает срок от 1 до 3 месяцев, далее ожидание на публикацию.

Скорость публикации зависит от актуальности материала и заполненности "портфеля" редакции по данной тематике.

При подготовке статей в журнал «Ғылым және білім» рекомендуем руководствоваться следующими правилами:

1. Материалы предоставляются в печатном (2 экз.) и электронном виде, в редакторе Word A4 с полями 2 см со всех сторон листа, гарнитура Times New Roman, кегль 12, интервал одинарный.

2. Рукопись должна иметь индекс универсальной десятичной классификации – **УДК** (в соответствии с руководством по индексации, имеющемся в научных библиотеках).

3. Заглавие статьи – прописными (заглавными) буквами, полужирный, кегль 12 пунктов, гарнитура Times New Roman, Times New Roman КК ЕК, (абзац центрированный).

4. Инициалы, фамилия, ученая степень, ученое звание, (количество авторов не более 4) полное наименование учреждения (кегль 12 пунктов, абзац центрированный).

5. Аннотация на казахском, русском и английском языках, не менее трех предложений (кегль – 11 пунктов, курсив, гарнитура Times New Roman, Times New Roman КК ЕК).

6. Список использованной литературы должен быть оформлен в соответствии с межгосударственным стандартом ГОСТ 7.1-2003 (не более 12 источников) размещен в конце статьи с соответствующими ссылками по мере упоминания в тексте.

7. Графический материал должен быть встроен в текст и выполнен в графическом редакторе. Подписи приводятся с указанием всех обозначений (абзац центрированный, полужирный). **Таблицы**, (10 шрифт, полужирный) пронумерованные по порядку, должны иметь заголовки (Таблиц – не более 3-х, рисунки – не более 5-и).

8. Общий объем рукописи, включая аннотации и с учетом рисунков и таблиц **3-8 страниц**.

9. Статья, в обязательном порядке, подписывается **всеми авторами** (не более четырех авторов).

10. Сведения об авторах (организация, должность, ученая степень, адрес, контактный телефон) указать в конце статьи.

11. Для каждой статьи заполняется **экспертное заключение** о возможности опубликования, утвержденное проректором по НР.

Редакция не занимается литературной и стилистической обработкой статьи. Рукописи не возвращаются. Статьи, оформленные с нарушением требований, к публикации не принимаются и возвращаются авторам.

Стоимость одной статьи для вневузовских авторов составляет 1500 тенге. Рукописи и электронные варианты следует направлять по адресу:

090009, г. Уральск, ул. Жангир хана, 51

Научно-практический журнал ЗКАТУ имени Жангир хана «Ғылым және білім» – «Наука и образование», Телефоны для справок 51-61-30, 50-21-15;

e-mail: nio_red@mail.ru

Банковские реквизиты при перечислении денежных средств за опубликование статей:

РГКП «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана»

РНН 270 100 216 151

БИН 021 140 000 425

ИИК KZ 516010181000027495 Зап. Каз. Филиал АО «Народный Банк Казахстана»

БИК HSBKZKZKX

КБЕ 16